



**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ӘДЕБИ СЫН



Үшінші кітап

Алматы

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 Қаз)

Ә22

Қазақстан Жазушылар одағы әдеби сын кеңесінің
қатысуымен дайындалған
Абай ғылыми-зерттеу институты ұсынған

Әдеби-редакциялық кеңес
Дәдебайұлы Ж. (төраға), Әбдешұлы Қ., Ергөбек Қ.,
Құлбарақ С., Мәдібай Қ., Мұсалы Л.,
Ыбырайым Б., Ысқақұлы Д.

Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебайұлы
Жауапты редакторы Д. Ысқақұлы

Әдеби сын. Үшінші кітап / Құрастырған Алмасбек Мәуленов.
– Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2024. – 149 б. /
Абай институтының электрондық «Әдеби сын» сериялық
басылымы.

Сериялық басылымның бірінші кітабы қазақ әдеби сынының
өзекті мәселелеріне арналды, екінші кітабында проза туралы
әдеби сын еңбектер топтастырылды. «Әдеби сын. Үшінші
кітап» поэзия туралы әдеби сын мақалалардан тұрады. Онда
ақындық болмыс, ақындық өнер, өмір мен өлең мәселелері
пайымдалған.

Сериялық басылым қазақ әдеби сынының дамуына қосылған
елеулі үлес болады деп күтіледі.

ISBN 978-601-08-3911-3

ББК 83.3 (5 Қаз)

© Абай институты, 2024

АЛҒЫ СӨЗ

Әдеби сын – әдебиеттану ғылымының құрамдас үш саласының бірі және бірегейі. Әдеби сын туралы көркем әдебиеттің арғы-бергі дәуірлердегі маңдайалды қаламгерлерінен қалған сындарлы сөздердің маңызы мен мәні бүгінгі күн үшін де маңызды.

Көркем әдебиеттің көрнекті тұлғаларының біразы, олардың ішінде әдебиет сыншылары кәсіби шығармашылық еңбекпен айналысты. Ақын, жазушы, сыншы шығармалары жүйелі түрде жарияланып, халықтың әдеби, мәдени, кісілік танымының ұдайы дамуына ықпал етті. Қаламгерлердің шығармалары, кітаптары, тіпті әдеби газеттер мен журналдар жарыса жарық көріп, олардың қалың оқырмандары қалыптасты. Қиырдағы малшылар, ауылдағы еңбекшілер, қаладағы жұмысшылар, мемлекет қызметкерлері, білім, мәдениет, өнер саласындағы қайраткерлер, мектептегі жастар мен зейнеттегі қарттарға дейін көркем әдебиет туындыларын, әдеби журналдарды асыға күтіп, қызыға оқыды. Қаламгерлер шығармашылық еңбектеріне қарай қаламақы алды, қайбір кәсіби қаламгерлердің бір кітабының қаламақысы бір машинаның құнымен бірдей болды.

Капитализм тұсында капиталдың билігі үстемдік етті. Оның жыры басқадай болды. Кәсіби шығармашылық еңбекпен күн көру қиынға соқты. Әдеби газет, журналдар мен көркем әдебиет туындыларын сатып алып оқуға екінің бірінің қолы жетпеді.

Қалыптасқан жағдай аясында көркем әдебиетті оқуға, әдеби сынды оқуға санаулы мамандардың ғана батылы жететін болды. Кітап оқуға деген ынта азайды.

Кейінгі тұста көркем әдебиет, көркем әдебиеттің сыны туралы түрлі-түрлі сын пікірлердің елесі көрінетін болды. Сол елестің көлеңкесінде «Әдебиеттің сыны бар ма осы?», «Әдебиет сыншылары бар ма?» деген сияқты сұрақтар да естіліп қалатын болды.

Әдебиет сыншысы бүгінде әдебиет зерттеушісі, әдебиеттанушы ғалым, оқытушы қызметтерін қатар алып жүр, проза, журналистика айдынына шыққан әдебиет сыншылары да бар. Әдеби сынның дамуына ақындар мен жазушылардың қосып келе жатқан үлесі де мол. Көрнекті ақындар мен жазушылардың сын-толғауларындағы ерекше нәрлі мән, сырлы саз – әдебиет сынының арнасына тың ағыс болып қосылуда.

Қазақстан Жазушылар одағы Әдеби сын кеңесінің бастауымен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен «Әдеби сын» атты сериялық жинақтың Е-басылымының шығарыла бастауы әдеби сынның дамуына, әдеби сын мамандарының қалыптасуына, көркем әдебиетті насихаттау ісіне, көркем әдебиеттің көркеюіне жаңа серпін береді деп үміт етеміз.

«Әдеби сын» электрондық сериялық басылымында мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған және жаңадан жазылған әдеби сын мақалалар топтастырылады. Мақалалар ықшамдалып, қысқартылып берілуі мүмкін. Бұрын жарық көрген мақалалардың дерек көздері көрсетіледі.

«Әдеби сын» сериялық басылымының кітаптары қоғамдық негізде дайындалып, жарияланады. Авторлардың құқықтары толық сақталды. Алдағы уақытта баспа өнімі түрінде жарық көретін болады.

Жанғара Дәдебайұлы,
әдеби-редакциялық кеңес төрағасы

БІРІНШІ БӨЛІМ

АҚЫНДЫҚ БОЛМЫС, АҚЫНДЫҚ ӨНЕР СИПАТЫ



Темірхан МЕДЕТБЕК,
ақын, мемлекеттік сыйлықтың иегері

СЕРТКЕ БЕРІК МӘРТ АҚЫНДАР

...Құдайға шүкір, Маңғыстауда сөз түсінетін, сөздің қадірін білетін інілерім баршылық. Бірақ олардың бәрін жеке тізіп атап шығу міндет те емес, мақсат та емес. Солардың ішінде екі талантты інім – Светқали Нұржан мен Сабыр Адайға тоқталмай кетсем, онда мен оны өзіме тағылар кінә ғана емес, өзімді айыптар күнә дер едім.

Светқали мен Сабырды бүгінгі таңдағы қазақ поэзиясының еңсесі биік, өркені жайылған, өрісі кең айтулы ақындары десем, менің бұл сөзімді ешкім де жоққа шығара алмас еді.



Светқали Нұржан

Бір күні маған өзім бұрыннан білетін, облысқа аты-жөні белгілі құрылыс-шы (қазір есімі ойыма түспей отыр) бір азамат бір топ өлеңдер алып келді. «Менің туған ағамның

баласы, яғни Светқали деген мына тұрған інімнің өлеңдері», – деп шағын денелі, бұйра бас бозбаланы меңзеді. Бала болса да адамға шаншылып тік қарайды екен. Оқып көрсем, көңіліме қонып тұр. «Соны саған көрсетейін деп алып келіп едім. Қарарсың», – деді. «Жақсы, қарап көрейін», – деп алып қалдым. Өзі әлі мектепте оқиды екен. Сонда да, «балғын бозбала не жаза қойсын?» деп көз жүгірте бастап ем, ақынның өлеңдердегі сөз саптауы мен туындылардың жүйелі де жүйрік құрылымы мені еріксіз қадалтып, қайта оқытты. Мен сол өлеңдерден төрт-бес өлеңді тандап алып, бірден «Лениншіл жас» газетіне шағын таныстыру сөз жазып, салып жібердім. Обалы не керек, газеттің бөлімінде отырған жақсы шығармаға жаны құмар жігіттер көпке ұзатпай жариялады да жіберді. Сөйтіп, он жеті жастағы Светқали жырларының тұсауы кесілді.

Мен оны бірақ ұзақ уақыт көрмей кеттім. Сырттай естіп жүрдім. Мектеп бітірген соң ҚазМУ-ге түскен. Газет-журналдарда сирек те болса жарияланып, толысып келе жатқанына іштей қуанып, марқайып жүрдім.

Светқали оқу бітіргеннен кейін біз құсап, Алматының көшелерін кезіп, әр босағаны сағаламай бірден елге оралды. Әкесі – жылқышы. Жылқышылар әдетте, елден бөлегірек ен далада емін-еркін жүреді ғой. Оларда салқамдық, салдық мінез болады. Сол еркіндікте өскен Светқали қалай ғана Алматыдағы қуықтай тар пәтерге сыя қойсын. Сондықтан оның оқу бітіргеннен кейін Алматыға бір күн де аялдамай, бірден Маңғыстаудың маң даласына қайтуын әбден түсінуге болады.

Бара-бара жақын араласып кеттік. Әкесі де сөзге жүйрік кісі екен. Еркін сөйлейді, еркін көсіледі. Кілең ат үстінде өсіп-өнген адамның дүниеге де өзгеше қарайтыны, яғни ат үстінен оқшау қарайтыны белгілі ғой. «Әке көрген – оқ жонар» деген рас. Светқали бойындағы дүниеге еркін ғана емес, ат үстінен оқшау қарап сөйлейтін мінезді сол әкеден сіңген қасиет деп ұққан жөн.

Оның өлеңдерінің құйындата құбыла, құйғыта жөңкіген ағыны мен арыны сені де қиыр алысқа алып бара жатады. Әрине, Светқали әдебиетке келген бойда бірден ағынды арынға түсе қойған жоқ. Ол алдымен «Қараймын тал бүршігін таңда тұрып, бір өлең жасырынып қалды ма деп» айнала тіршілікке үңіле қарап, «Қар-бұлттардың астында ай жатыр-ау, қасқырларға құрылған қақпан құсап», – деп алып, сонан кейін «Ай жатыр әудем жерде – алты қанат ақ

үйдің орнындай көшіп кеткен»... – деген сияқты керемет суреттер салып барып, бірте-бірте өзін жаңа тың өріске алып шықты.

Ол енді адам қолынан жасалған зорлық-зомбылықтар мен қиянаттардың азып-тозып, тулақ боп кеуіп қалған Баба түкті боз даласын көріп:

Қалар ма екен шынымен қыр оянбай,
Саған қызмет қылады кім аянбай?!
«Топырақты жын қағып кетті» дейді
Құйын болып қорлыққа шыдай алмай.

Рухынды қай заман құртқан езіп?
Отырамын соны ойлап жұрттан мезіп.
Мерез басқан тәніңді көрген кезде
Аспандағы кетеді бұлт та безіп.

Көз жазып қап жөңкілген көп еліктен
Ақ сағымның соңынан неге еліккем?
Қалғып кетем түрмеде...
Түсімде ылғи
Көшіп бара жатады төбе біткен...

Өң менен түс – ойнатып санамда жай,
Құбылады, Құдай-ау, заман қалай?! –
Көшіп кеткен көп төбе –
Тауларды ертіп
Қашып келе жатады маған қарай!
Баба түкті боз дала-ай...

Апыр-ай! Адамдардан қорлық пен зорлық, қысастық пен қиянат көрген Баба түкті боз даланың, көрдіңіз бе, адамдардан басқа қорғаны мен панасы жоқ екен-ау. Адамдардан безген Даланың сол адамдарға тығылудан, солардан пана іздеуден басқа амалы қалмаған.

Міне, Светқали осылай сөйлейді. Оқыған жұрттың қабырғасын сөгердей боп қамықтырып, дел-сал кейіпке, қапалы күйге түсіреді.

Туған жер мен туған елдің қайғысы мен қасіретін арқалап өмір сүру қиынның қиыны. Тағы ол қайғы мен қасіретті өзің білетін, өзің күнде көріп жүрген адамдардың қолымен жасалынып жатқанын көргенде мына дүниеден екі қолың-

ды төбеңе қойып, безіп-ақ кеткің келеді. Светқалидың «Әулие ағаш қазанамасын» оқып көрейікші. Бұл өлең:

...

Боз, күләңкөр, қойқын,
шыт, шұғасы бар –
Кіл шүберек байлаған – құла-шұбар,
Әулие ағаш тұратын әлем-жәлем,
Шымырлаған түбінде тұмасы бар.

Әулие ағаш – бағзы бір мұра шығар! –
Кімнің қандай сірә оған шүбәсы бар?
Әлем байлап,
Басына түнеп келген –
Қайғысы бар пенделер,
Күнәсі бар... –

деп әулие-ағаштың қасиетін айтып келеді де, күндердің күнінде жолы түсіп сол ағашқа тағы соғады, оның жанындағы бір топ адамның оспадар да өрескел сөздерін, дөрекі мінез-құлықтарын көріп шошып кетеді. Біреулері сыраны тұмаға салып салқындатып алып сіміріп жатса, екінші біреулері: «Әулие-ағашты биыл отынға алу керек», – деп соғады, ал үшінші біреулері – ақынды «арақ іш» деп қыстайды. Сол бір жерден ол зорға дегенде сытылып шығады. Содан кейін не болды дейсіз ғой? Тыңдаңыз.

...Тағы бірде жолыммен басып өткен,
Жерге келдім –
Қасиет, бәсі кеткен
Әулие ағаш орнында түбір қапты,
Жылай-жылай жандайын жасы кепкен...

Дұға оқыдым ағаштың басына еппең,
Кешу сұрап ұрпаққа – қасиет кем...
Тұма қапты тартылып –
Ана – жердің
Ағып түскен көзіндей қасіреттен!..

Осынау сұмдықтан өзінді-өзің қылғындырып өлтірердей жағанды ғана ұстап қоймайсың, жүрегің езіледі, жаның жаншылады. Әулие ағашқа қол көтергендерден не үміт, не қайыр? Өзіңнің түп-тамырыңа, арқа сүйер әруақтарға балта сілтеген ұрпақтан не күтуге болады? Безерің шығып,

безіп кеткің келеді. Міне, осындай сорақы, қиянатшыл қарекеттер ортасында жүрген ақында не жан қалсын?! Өзі де еңірейді, аяушылық сезімің мен иманың болса, сені де еңіретеді. Басқа не істесін? Шарасыз байғұс ақын-ай!

Бірақ шын ақынға айту – парыз. Бұл – оның ақындық та, азаматтық борышы. Ақын өмірі, нағыз ақын тағдыры өкіну мен опынудан тұрса керек. Әлемдегі шын ақындардың барлығының маңдайына осындай тағдыр жазылған. Ол, не болғанда да күндердің бір күнінде оның жан күйзелісі мен күйінішін бөлісер адамдардың табылатынына сенеді. Сол сенім ғана оны алға жетелейді.

Бүгінгі таңда мен білетін Светқали үлкен тебіреніс пен сілкініс үстінде. Серпіні адырнадай қатты. Екпіні емен құлатардай қуатты.

Светқалимен іле-шала әдебиетке келген Сабыр Адай да бірден-ақ көзге ілінді. Оның тепсеңнің топырағындай құнарлы тілі мен шұрайлы орамдары бәрімізді тәнті еткені сөзсіз. Әсіресе заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев Сабыр қаламынан туған «Әр қазақ – менің жалғызым» деген жолдарды тақырып етіп, ол туралы көлемді мақала жазғаннан кейін, оның есімі бүкіл елге кеңінен танымал болды.



Сабыр Адай

Ол сөз – жұрттың бәрі сүйіп айтар, сүйсініп қайталап сөзге айналды. Бәріміз де қазаққа ынта-ықыласпен құштарлыққа толы құшағын айқара ашып тастаған, әр қазақты маңдайындағы жалғызындай көрген ақынның мейірімге толы жүрегі мен көл-көсір пейіліне әбден риза болып едік. Көңілі қай қазақты да алаалаудан ада мұндай іргелі ұлы сөзді қазақтың мұны мен шерін бойына барынша сіңіріп алған ақын ғана айта алса керек. Мұндай ірі сөзді қарындас, құрсақтас қазақтың іргесі қаншама рет ханталапайға түсіп қалт-құлт етіп қайта түзелген тағдырын жан-тәнімен ұғатын тағдырлы ақын ғана жаза алмақ. Сондықтан да оның жаны әлі күнге дейін жұбана алмастай өксікке толы.

Шаттықтың мұңлы шұғыласын
Шарайна көзім ұрласын.
Маңдайым жібіп сәуледен
Таңдайым жырдан құрғасын.

Көр төгіп, қалқам, жырыңды,
Кеудеме өксік тығылды.
Сен болып сорлы найзағай,
Сорғалап келіп жығылды.

Түсінбес мұңсыз мұнымды,
Бұлдайсың кімге құныңды, –
Танауы талқан тағдыр мен
Тұлымы қан-қан ғұмырды!

Өткеніңді ойласаң, ғұмыр бойы басылмайтын өксік қой
бұл!

Өмір – арпалыс. Өмір – жанталас! Егер сен еліңді ойла-
майтын ет жүректі ез болмасаң, жан-жағыңа қара! Етек-
жеңіңді де, есіңді де жи! Кең даланы еркін жайлаған
қазағыңның жан-жағынан сұқ көзін қадап, сұғанақ қолын
созып тұрғандар бар. Егер сен өзіңмен-өзің абаласып,
өзіңмен-өзің жағаласып жатсаң, біреуі таптап кеткісі,
екіншісі қаптап кіргісі кеп тұр. Өзіңе өзің берік болмасаң,
қапыда соғып қанқақсатып кетуі мүмкін. Мұндайда
ешкімнің де етегіне оратылып елпілдеудің де, шалғайыңның
шаңын қағып желпілдеудің де қажеті жоқ. Бірақ қанша
қажеті жоқ десең де отаршылықтан қалған мінезбен ананың
көңілін тапқысы, мынаның көңілінен шыққысы келіп
жарамсақтанып, бірде басымызды иіп, бірде тіземізді бүгіп

жатқанымыз өтірік емес. Егер сен біреуіне жарамсақтанып, екіншісіне жалтақтап бақтың ба, онда олар сені сахнадағы жіпке байлаулы қуыршаққа айналдырады. Қалай бұрса – солай бұрыласың. Билетем десе – билетеді. Ән салдырамын десе – ән салдырады. Бір сөзбен айтқанда терезенді тең ұстамасаң, күнің қараң. Ондай елдің бостандығымен бірге болашағы да болмайды. Осылардың бәрін көкірегінен өткізіп, ойына түйіп келе жатқан Сабыр:

Өз елінде, өз жерінде күлмеген
Теңеседі терезесі кімменен.
Иіндерін илеп басқан заманы
Қоғамына сай болады адамы.

* * *

Енді біздің шыға қалмас үніміз
Жанда – ұлт жоқ,
қалды тоз-тоз түріміз!

Міне, солай, қоламтада күл қалды
Көктей солып бара жатыр гүл мәңгі.

Таң атты ма, күн батты ма керексіз,
Ер мұңаймас, ел жыламас себепсіз!..

* * *

Өз жерінде, өз елінде жетімсің,
Жетім көңіл енді қалай жетілсін?..

Алашымның жан-жүрегі шаршады...
Бұл да, міне, –
біздің Ұлттың Зар шағы.
Шаршады!
Шаршады! –

деп, айдалада қалып құлазығандай болып құмыға қамығады. Енді қайтсін? Жинала-жинала жүрегін езген мұңын кімге айтсын, көкірегіне шемен боп қатқан шерін кімге тарқатсын? Әрине, мұңын айтқан, шерін тарқатпақ болған. Бірақ естуге құлақ табылмады, пиғыл да болмады. Анау елге де, мынау елге де жерін де, жерінің байлығын да алтын табаққа салып беруге бейіл билігіңіз, өз еліне келгенде тоң-теріс. Оның шері мен мұңын құлаққа ілгісі

келмейді, жүре тыңдайды. Кесірлік пен кесапаттық көрсетіп кергіп сөйлейді. Шетінен паң, шетінен тәкаппар. Өз халқын өздері, бөтен пиғылды адамдармен бірге, қараңғы, надан көреді. Содан да олар сол надан халықтың көзін ашып, көкірегін оятқысы кеп әр нәрсені бір әкеп таңады. Қазақ қоғамы, соның салдарынан беталды кеткен жүйесіздікке ұрынып, былық пен шылыққа батты. Енді олардың одан шығар түрі жоқ. Ең сұмдығы, олардың шылбырына жармасып, тізгінінен тартып «қой» дейтін қожа, «эй» дейтін ажа болмай тұр. Айта алатын азаматтардың оларға аяғы да, қолы да жетпейді. Айналасына қару-жарақты адамнан жеті қабат қорған салып қойған. Оны жарып өту мүмкін емес.

Міне, осындай адамды әбден қажытып, шаршатып-шалдықтыратын тіршіліктерді көре-көре Сабыр ақынның салы суға кетпейді. Қанша күйінсе де, күйреп күйзелмейді. Айбарын шақырып, намысын жаниды. Тек бізді намысты рух қана алып шығады деп шешеді.

Ай мүйізін асқар шыңға жаныған,
Сардар жігіт, сапқа тұр да сал ұран.

Намыс үшін,

Арың үшін от күре.

Ер Алаштың амандығын көп тіле.

Көк байрағы көрік алған аспаннан

Көк бөрім-ау, бәрі сенен басталған.

Намыс үшін,

Арың үшін от күре,

Ер Алаштың амандығын көп тіле.

Көтер басты!

Кеудеңізден күн шықсын, –

Көлеңкенде көк аттылар тұншықсын.

Намыс үшін,

Арың үшін от күре.

Ер Алаштың амандығын көп тіле.

Маңдай термен атар алда көп таң бар,

Адам ба екен ар-ұятын сатқандар?!

Ойлан, Қазақ!

Арлан, Қазақ!

Өр Қазақ!

Тірлік те азап, көр де азап!

«Әр қазақ – менің жалғызым» деп сөйлей алатын ақынның басқаша сөйлеуі мүмкін болмаса керек.

Маңғыстауда артық-кемі жоқ ширек ғасыр жүріп, оның бар ықылас-ниетін сезініп өткен мен ағаларым, інілерім жайлы аз ғана сөз айттым. Ұзақ-ұзақ сөз айтуға болар еді, бірақ мақала көлемі, не болғанда да шектеулі. Маңғыстаудан кеткеннен кейін, келіп көрген басқа орта, басқа адамдар бар. Онда да көргендерім аз емес.

Қолға алған дүниені жазып отырып та Маңғыстауға алдағы тарауларда оқтын-оқтын соғып отырамын. Маңғыстау – менің өмірімнің үлкен бір бөлігі. Бірде үлкен бір басқосуда отырып: «Менің саналы өмірім Маңғыстауда өткен», – деп едім, қаламдас інілерім Шәмші Пәттеев пен Нұртөре Жүсіп шамданғандай болып: «Сонда сіздің қалған өміріңіз санасыз өмір ме?» – дегені. Мен несіне жасырайын, тосылыққырап қалдым да, әлгі әңгіменің арнасын қалжыңға бұрып жібердім.

Қалай болғанда да, менің Маңғыстаудан алғаным, қай жағынан болсын мол болды. Ең алдымен, сол өлкеде шығармашылық тұрғыдан қалыптасып, белгілі бір дәрежеде Азаматтық деңгейге көтерілгенімді мақтан тұтам. Бұл сөзімді қай жерде де айтып отырамын.

Маңғыстауда жиырма бес жыл жүріппін. Ширек ғасыр. Бітірген шаруаларымның бастау көздері осында жатыр.

Маған адамдарының, Адайлардың өр мінезі ұнайды. Сонау 1992 жылы күнделігіме «Адай аты шыққан ел ғой. Сонан болса керек, маған кейбіреулер Адайға сіңіп кеттің-ау, оларға қалай сіңдің?» – деп таңданыс білдіргендей болады. Әдетте, осы бір құйтырқылау сөзге қыжыртып жауап берем: «Егер сен адайды қорқытамын деп өжектесең, ол сенің өңешіңді суырып алады, ал «ойбай, бұл адай ғой, ақкөз ғой», – деп, одан қашсаң – онда сенің көтенішегіңді суырып алады. Оны қорқытпа да, одан қорықпа да! Адам құсап сөйлес. Дос бол, сырлас, сонда ол саған өзегін суырып береді», – деп жауап берем.

Бұл сөз – тек адай туралы сөз емес екенін есті жұрт ұғар...

Осымен, әзірше, тізгін тарта тұрайық.

«Қазақ әдебиеті»,
01.03.2021



**Сағатбек
МЕДЕУБЕКҰЛЫ,**
филология
ғылымдарының
кандидаты,
әдебиеттанушы,
журналист

АҚЫН ТІЛІН АДАҚТАҒАН СӨЗДІК

Сөз басы немесе Мұқағали тілімен алғашқы таныстығым

Ол кезде оқуға бару да, «абитуриент» атану да мәртебе әрі мақтаныш. Бірде үш абитуриент кезекті кеңес алу сабағынан шығып келе жаттық.

– Өлең оқиық, – деді Райхан Нәкеева. Бұл – күні кеше оныншыны оқып жүрген кезінде республикалық үшінші ақындар айтысында үшінші орынды жеңіп алып, айды аспанға бір-ақ шығарған, Қорам мектебінен келген дарынды қыз. Ол туралы бұқаралық ақпарат құралдары түгел айт-ты, көрсетті, жазды. Атағы аспандап тұрған кезі.

– Оқысақ, оқиық, – деді қасындағы Нұрмира Әлішева. Бұл да – әр түрлі басылымдарда өлеңдері мен мақалалары жиі жарияланып жүрген, Кеген орта мектебінен келген аты белгілі қыз.

Мен ғой Қарқара орта мектебін осыдан төрт жыл бұрын бітіріп, оқуға бірнеше рет түсе алмай, екі жыл әскер қатарына барып келген, жазған сызғандары жарияланып жүрген сақа жігітпін. «Өлең оқығаны» несі деп таңмын. Қолдарында кітап жоқ, не дәптер ұстамаған. «Қайда, неге қарап оқиды?» деп ойланып келем. Көп ұзамай Райхан:

– Мұқағали Мақатаев. «Елім барда», – деп сәл үнсіз қалды

да бір жөткірініп алып сөйлей жөнелді:

...Не сыйлайды, не береді келер күн?!
Не де болса, тірі тұрсам, көрермін.

Желідегі құлынымын мен елдің,
Көгендегі қозысымын мен елдің...

Дауысы саңқылдап, дәп бір өз жүрегінен шығарып
жатқандай жандүниесімен беріле, ұждандана айтып келеді,
айтып келеді. Мүдірмейді де жаңылмайды. Мектептегі
тақпақ айтқан оқушының айтымына қарағанда мына
айтым мүлде бөлек:

...Не істемекпін, алтын, гауһар, жақұтты,
Оларды іздеп өткізбеспін уақытты.
Мен бақытсыз бола қойман, сірә да,
Туған елім болса екен бақытты...

Райхан осылай әр сөздің мағынасына мән бере, мәніне қарай
дауыс ырғағын құбылта, бірде бәсендетіп, бірде екпіндетіп,
тағы бір шумақ айтып барып кідірді. Ол демін ішіне алып
болғанша Нұрмира үн қатты:

– Мұқағали Мақатаев. ...Туған жердің топырағын сүйе
алмасам мәңгілік...

Бір-екі адым үнсіз аттағаннан кейін сызыла, үздіге өлеңдете
жөнелді. Мұның айтымы жұмсақ:

...Содан жаз кеп, ен жайлауға – Шалкөдеге көшкенде,
Алдымыздан аңқушы еді Айғайтастан ескен жел.
Туған жерін өмірбақи ұмытпасын деген ғой,
Айналайын Аналарым кіндігімді кескенде.

Содан ба екен, қалам тартсам, жыр тумайды жерімсіз,
Мен сеземін, күтіп жатыр, күтіп жатыр тек үнсіз.
Туған жердің топырағын сүйе алмасам мәңгілік,
Онда мені қалды деңдер көмусіз де кебінсіз...

– Гажап! – деп дауысын көтере саңқ етті Райхан.
– Иә, керемет! – деп қоштады Нұрмира.

өзге ақынның өлеңін жаттап, жатқа айтуды машық көрмеген екенмін. Бұлардың «оқиық» дегені «жатқа айтайық» дегені екенін түсіндім. Ортада үнсіздік. Сірә, қыздар менің де Мұқағали өлеңдерін жатқа айтқанымды күтіп келеді. Реті солай өзі де. Бірақ мен ол ақынның өлеңдерін осы екі қыздың аузынан бүгін ғана естіп келем ғой... Өзім мектеп бағдарламасы бойынша жаттаған басқа ақынның өлеңін айтсам, ұят секілді. Не айтарымды білмей кідірдім. Райхан өжет, өршіл, намысқой қыз екен. Бірден:

– Өзіңнің қазағыңның Мұқағалиының бір өлеңін жатқа білмесең, несіне Алматыға келдің?! – десін. Қапелімде ауыма орынды уәж түспей, Мұқағалидың ең болмаса бір өлеңін жатқа білмегенім үшін осы қазір ауылға қайтуым керек секілді алаң көңілмен мүдіріп қалғаным.

Нұрмира жаны нәзік, адам көңіліне қарағыш қыз екен:

– Райхан, ол Мұқағалидың кітабын алып үлгермеген шығар. Өткенде екеуміз барып ең соңғы екі кітабын сатып алған жоқпыз ба дүкеннен? – деді.

Мұқағалимен бұлар бұрыннан таныс, сырлас, өздерінің ең жақын адамы секілді есімін еміне, елжірей атайды. Райхан естісе де естімеген болып тағы да:

– Мұқағали. «Арман қуып...»

... Айтпашы... айтпасаң да білем, білем,
Білемін де күлемін, ренжімен...

Мұқағалидың өлеңіндегі әр тіркес, әр сөз, әр дыбыс дәп бір менің жан дүниемнің шертілмей жүрген шектерін шерткендей, жүрегімнің басылмай жүрген пернелерін басқандай, тұла бойым шымырлап, көңілім толқып, алақұйын сезімге бөленем.

...Адам сірә, бақытын місе еткен бе?

Армандайық,

армансыз кісі өткен бе?

Байламы жоқ бақытқа құлдық ұрмай,

Не жетсін арман қуып, іс еткенге...

Мұқағали өзімен емес, менімен сырласатын, менің тіліммен сөйлейтін сияқты. Сөздері де таныс, ойы да түсінікті. Қарапайым адамдардың бәрінің басында бар жәйттерді бәрі ұғынатындай мәнермен, қиыннан қиыстыратын ұйқастарды еш қиындықсыз шумақ-шумағымен, түйдек-түйдегімен

төгілте айта салады екен.

Райхан тоқтаса, Нұрмира Мұқағалидың келесі өлеңін суыртпақтай жөнеледі:

...Ей, бауырым, неге сонша мұнайдың,
Мен мұнайсам, сенен бетер жылаймын...

Төмен қарап ойланып келе жатқан ем, мына сөз дәл маған айтылып жатқандай естілді де еңсемді тіктеп алдым. Ең жанашыр жан досыңның өзіңе қарата айтылған жүрек-жарды сөзіндей санаңды да, сезіміңді де бірден өзіне баурап, тербетіп ала жөнелетін өлеңдерді бұған дейін оқыдым ба, оқымадым ба, бірақ дәл осы сәттегідей әсерленбедім-ау деймін.

Сөйтіп, ауылдан Алматыға жаңа келген екі абитуриент ақын қыз бірінен кейін бірі пәтерлеріне жеткенше тоқтамай Мұқағали өлеңдерін жатқа айтып, сол жылы жаңа шығып, саудаға түсе салысымен қолма-қол тарап кеткен «Өмір-өзен» деген жыр жинағымен мені осылай таныстырды, сусындатты. Мен намыстан жарылардай, ұяттан өлердей мазасызданып, ертесі Алматыны күні бойы аралап жүріп, ел назарынан елеусіз жердегі дүкеннен «Өмір-өзеннің» сөреде қалған жалғыз данасын сатып алып бас алмай оқыдым. Оқып қана қоймадым, жаттадым. Келесі кезіккен кездерде Райхан мен Нұрмирадан қалыспай мен де жарыса Мұқағали өлеңдерін жатқа айтатын болдым.

Содан бері, міне, табаны күректей қырық жылдан асыпты. Менің жүрегімдегі Мұқағали сол биігінен бірде бір төмендемей, одан сайын асқақтап келеді. Оның өлеңіне, жырларына ынтықпайтын жан жоқ. (Менің Қыдырбай Аманжолов деген сазгер ағам Мұқағалидың үш жүз (!) өлеңіне ән шығарды). Қазақтың кез келген баласы Мұқағалиды біледі, өлеңін жатқа айтады. Ол тым болмағанда Мұқағалидың ән мәтініне қосыла шырқайды. Қазір Мұқағалиды білмеу – Абайды білмегенмен бірдей намыс.

Әр қазақтың жүрегінің төрінен осылай орын алған ұлы ақынның «кұдыреті неде?» деген сұрақ туса, әрине, Алла берген дарынында, қабілетінде екенін ешкім жоққа шығармайды, соған қоса оның тағы ұлы қасиеті мен құдыреті тіл байлығында дер едім. Бұл – шындық. Наркітап немесе нартұлғалар еңбегінің нәтижесі.

Сол шындықты дәлелдейтін наркітап (фолиант) жақында

жарық көрді. Ол «Мұқағали тілі сөздігі» деп аталады. Ендігі әңгіме осы наркітап туралы болмақ. Өзім бұрынғы баспагер болғандықтан, алдымен наркітапқа баспагерлік көзқараспен сипаттама бере кетейін.

Кітап Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Ғылыми кеңесінің ұсынысымен 2019 жылы «Сардар» баспасынан 1064 бет болып жарық көрген. Басуға жолашар пікір жазғандар – филология ғылымының докторлары, профессорлар – ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Телқожа Жанұзақов пен академик Әділ Ахметов. Алғы сөзін жазған – қазақ тіл білімінің абызы, академик Әбдуәли Хайдаров. Кітаптың басуға дейінгі үдерістерін атқарған редакторы – Серікжан Бақытжан, техникалық талаптарға сай әзірлеген редактор – Саят Ақылов. Сыртқы мұқабасын да, ішкі құрылымын да мазмұнына сай безендірген безенші–суретші Алмас Сырғабаев. Пішімі 84x108 1/16, шартты баспа табағы 66,5.

Кітаптың авторлары: Байынқол Қалиұлы – Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент–мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінің» негізгі авторларының бірі және осы он томдық сөздіктің сегіз томының жауапты редакторы болған. Осыдан 45 жыл бұрын жарық көрген, қазір іздеп таба алмайтын, әр қазақтың төрінде тұруға лайық аса қажетті бұл он томдықтан өзге әр түрлі 24 сөздіктің де авторы. Келесі автор – Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы», «Қазақ тілі», «Қазақ тілі: грамматикалық анықтамалық» және бұлардан басқа орыс тілінде жарық көрген жеті-сегіз кітаптың, сондай-ақ осы салада жүздеген ғылыми-замансөздік мақалалардың авторы. Тағы бір автор – Шерубай Құрманбайұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның мүшесі. Ғылыми еңбектерінің негізі терминология, лексикология, аударма, лексикография, терминография, ономастика, тіл саясаты бағытында. Осы салаларда 30-дан астам кітаптың, ғылыми монографиялар мен оқу құралдарының және 300-ге жуық ғылыми-заман сөздік мақалалардың авторы. Авторлардың бірі – Сәбира

Сағынбекқызы, филология ғылымының докторы, профессор. Ғылыми зерттеу ісінің бағыты – лексикология, терми-

нология, салыстырмалы, салғастырмалы тіл білімі, когнитивтік тіл білімі. Осы бағыттарда жазылғын 80-нен астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 3 монография, 5 оқу құралы, 3 электрондық оқулық және 2 сөздіктің авторы. Көріп отырғанымыздай, көлемі алпыс алты баспа табақтан астам осындай алып кітаптың дүниеге келуіне атсалысқан авторлардың кәсіби білігі де, білімі де, мамандыққа сай машығы да жеткілікті болған. Әрқайсысы да – өзінің ғылыми бағытының «жілігін шағып, майын ішкен» құзыретті мамандар. Демек, «Мұқағали тілі сөздігінің» сауатты түзілуіне, жүйеленуіне, құрастырылуына, саралануына, салалануына, салғастырылуына, жазылуына еш күмән тудырмайтын көрнекті ғалымдар тобы еңбек еткен. Осы топ Мұқағали шығармаларында қолданылған он үш мың үш жүз қырық сегіз сөз бен бес мың отыз бес тұрақты тіркесті түгендеп шыққан. Мұндай аса сабырлылықты, ұлан-ғайыр ыждаһаттылықты, таймас табандылықты, сарқылмас сергектікті, ересен еңбекқорлықты, үлкен жауапкершілікті талап ететін ерен еңбекті аяғына дейін еш дабыра-даңғазасыз, жарнама-жарламасыз атқарып шығу – екінің бірінің қолынан келе бермейтін ғылыми-танымдық маңызы да, азаматтық-патриоттық мәні де зор игілікті іс. Оны тек азаматтық ұстанымы айқын, ғылыми мұраты биік, ұлттық мүдделері ортақ, ары таза, жаны адал, нағыз патриот ғалымдар ғана атқарып шығады. Біз сол атқарылған істің нәтижесіне куә болып отырмыз.

**Кітаптың шыққанынан шығадысы «қызық»
немесе оймақтай ойдан орасан нәтижеге жету азабы**

Бір тақырыпты қолға алған ғалымның алдымен өзіне дейінгі отандық және шетелдік тәжірибелерге арқа сүйейтіні – ғылыми әдепке жатады. «Мұқағали тілі сөздігінің» авторлары да сол әдептен аттап кетпеген. Олар Отанымызда да, әлемде де жарық көрген осы таңғаларлық сөздіктерді – У. Шекспир тілінің сөздігін (1874 ж.), А.С. Пушкин тілінің сөздігін (1956 ж.), Абай тілінің сөздігін (1968) қарап шығып, бағытын біліп, өздеріне бағдар алған. Демек, жеке адам тілі сөздігін түзіп, шығаруда олар алғашқы емес. Әрине, соңғы да емес. Бірақ бұлардың сөздігінің бұрынғылардан мазмұндық-пішіндік жағынан өзгешелігі бар және оны дүниеге әкелу машақаты да басқаша болған. Алдымен осындай сөздік шығару туралы ой дүниеге келген.

Ол ойды жүзеге асыра алатын білікті де білімді, мүдделес ғалымдар топтасқан. Топтасқан ғалымдар жоспар құрған. Сол жоспарды орындауға кіріскенде әуелі Мұқағали шығармаларының барлық басылымдарын түгел қарап шыққан. Жай қарамаған, жарық көрген жинақтың бәрін, әр түрлі басылымдарда жарияланған шығармалардың барлығын түгел сүзген. Сөйтіп, олар Мұқағалидың туындылары түгел қамтылған және сөздік жасауға толық ғылыми негіз боларлық басты тұғыр – 2013 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген бес томдық шығармалар жинағы екендігіне көздері жеткен. Осы бес томдықтың өзін бастан-аяқ өзге басылымдармен, басқа жарияланымдармен тағы бір қайта салыстырып, салғастырып көрген. Сонда бес томдықтың алғашқы үш томында Мұқағалидың 1064 өлеңі және шетел ақындарынан тәржімалаған 81 аударма өлеңі, яғни барлығы 1145 өлеңі барын анықтаған. Осыған енді 4-5-томдардағы авторлар айқындаған бір дастанын, 13 поэмасын, А. Дантеден, И.М. Гревстен аударған 163 беттік өлендерін, 4 әңгімесін, 2 повесін, 1 пьесасын, 5 сын-мақала және хаттарын қосыңыз. Сонда Мұқағалидың хатқа түсіп, тасқа басылған 1177 шығармасы барын түгендеп шығудың өзі қаншалықты машақатты жұмыс екенін біле беріңіз.

Енді «осы түгенделген шығармаларда бар сөздің бәрі сөздікке алына ма, әлде белгілі бір сынталап болуы керек пе?» деген сұраққа жауап іздегенде, алдымен өзімізде 1968 жылы жарық көрген «Абай тілі сөздігі» тексерілген. Онда ақынның 170 өлеңі және 45 қарасөзі түгел қамтылған екен және мұнда нені алуға болады, соның бәрі назардан тыс қалмаған, кісі есімдері де, жер-су аттары да түзілген. Дәл осы бағытта жасауға да болар, бірақ көлемі жағынан Мұқағали шығармалары әлдеқайда көп, онда поэзиялық шығармалар, прозалық туындылар, драмалық жаратындылар, сындар, мақалалар, күнделіктер, хаттар бар. Соның барлығы санға кіргенмен, санатқа алынбауы да мүмкін. Егер осылардың бәріне ғылыми синтез жасалмаса, сөздік толыққанды дүние болып шықпайды. Ғылыми синтезге келгенде, «сөздікке нені кіргізбеуге болады?» деген сұраққа жауап табу да оңай шаруа болмаған. Нәтижесінде мақсатты түрде: бес томдыққа енген басқа адамдардың Мұқағали туралы естеліктері мен арнау жырларының тілі сөздікке ілінбеген; Мұқағалидың орыс тіліндегі жазғандары сөздікке алынбаған; Мұқағали өз жазындарында тілге тиек ету үшін

өзге адамдардың туындыларынан алған үзінділер сөздікке енген; ақын шығармаларында кездесетін адам есімдері (268 есім), жер-су, қала аттары (барлығы 226) сөздікке кірмеген; Адантенің «Құдыретті комедиясының» аудармасына жасалған қосажарлар (комментарийлер) тілі сөздікке бармаған. Өйткені қосажарларда алынған сөздің бәрі поэманың ішінде бар; ақынның ҚазССР КП Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы Д.А.Қонаевқа жазған хатының орысша мәтіні сөздіктен тыс қалдырылған. Сондай-ақ кейіпкерлердің ныспылары, газет, журнал, кітап, туынды атаулары, мекеме, кәсіпорын, ұжым, ұйым аттары, бас әріптерімен ғана қысқартылып қолданылатын орысша сөздер сөздікке енгізілмеген. Бұл ақынның төл тілінің құнарлылығын айқындауға жол ашқан.

Авторлардың сөздікті шығарғанға дейін атқарған жұмыстарының тағы бір соқталысы – ақынның әр жылдардағы жарияланымдарында кездесетін екіұдай сөздердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екендігін анықтау дер едік. Мысалы, кейбір жинақтарда ақынның кей шумақтары екі жерде қайталанатын. Жарыса қолданылған ондай шумақтар отыз рет кездеседі. Сөздікке осылардың біреуін ғана пайдалану керек. Демек, отыз рет қайталанған шумақтардың бір сыңары назардан тыс қалдырылуы жөн. Немесе, әр жинақта әр түрлі жарияланған сөздер мен тіркестер және қате жазылып, мағыналық жағынан өлеңнің мазмұнына нұқсан келтіріп тұрған сөздер де кездескен. Сондықтан да сөздік авторларына Мұқағали шығармаларының жарияланымдарын белгілі бір деңгейде текстологиялық тексеруден өткізуге де тура келген. Сонымен бірге авторлар редакторлық көзбен де қарап, кейбір мағыналық сәйкессіздіктерді анықтаған. Мысалы, 3-томда жарияланған: «Жұрттарын іздеп қауымның, Уақыт біраз текке өтті. Орнына ескі ауылдың, Жоңышқа шығып көктемші» деген шумақтағы соңғы ұйқастың қате жазылғанын анықтаған. Сөздікшілер ол ұйқасты «көктемші» емес, «көктепті» деп дұрыстаған. Мұндай дұрыс жасалған редакторлық түзетулер бірнеше жерде кездеседі. Мыс.: «Масақтан дән айырып, тұлып бастым» деген жолдағы «тұлып» сөзін алайық. Тұлып сөзі қазақ тілінде бірнеше мағынада қолданылады. Ол – қыста киетін тоннан да, ішіктен де қалың, үлкен жылы сырт киім. Сондай-ақ, тұлып – өлген бұзаудың ішіне сабан тығып, томпитып қойған терісі. Енесі сауылар кезде иіскеп, ийуі үшін қолданылатын қуыршық. Және де тұлып – екі айлық

қозы терісінен жасалған қапшық. Оған әйелдер ісмерлік бұйымдарын салып қояды. Көрдіңіз бе, бір ғана әріптің ауысуы қаншама мағынаның ашылмай қалуына себеп болған. Ал ақынның айтпақ болғаны тұлып емес, қырманда орылған астықтың масағынан дән айыру үшін атпен сүйретіп жүретін, жан-жағы қырланып, тіс шығарылған үлкен жұмыр да ауыр тас. Оны қазақ «тұлық» немесе «тұлықтас» дейді. Авторлар ақын қолданысын дәл тапқан да сөздікке «тұлық» деп енгізгін. Осындай біліктілік пен білімділікті қажет ететін сәттерде дұрыс шешім қабылдаған авторларға разы болмасқа әддің жоқ. Олар әр сөзді жеке теріп, жазып қана отырмаған, сөйлем мағынасына қарай қолданылуына да редакторлық түйсік деңгейімен де, ғылыми таным биігінен де аса ыждаһаттықпен мән берген. Жарияланған шығармалардың мәтіндеріне түзеткерлік (корректорлық) дұрыстау жұмыстарын да жүргізген. Мыс.: жоқ (жөн), зер(зәр), кез (көз), қол (көл), қор (көр), лақ (дақ), тон (тоң), жанышқан (шанышқан), жердем (жәрдем), өлсірет (әлсірет), т.б. Сөздік шығарушылар басылымдарда кеткен мұндай ұсақ-түйек қателерді баспадан немесе басқадан мін іздеу үшін емес, сөздіктің сауатты шығуы үшін анықтаған. Мына мәселе де – қызықты және назар аударуға тұрарлық шешім. Кейбір сөздерді Мұқағали қазақтың дыбыс үндестігіне сәйкес айтымы бойынша яғни, халықтық сөз саптау әдеті бойынша саналы түрде шайды «шәй», жайылымды «жәйілім», жаннатты «жәннәт», уайымды «уәйім» деп қолданған. Ал бұл қолданыстар ресми бекітілген «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігіндегі» талаптарға сәйкес келмейді. Ендеше, сөздікке оларды ресми құжатқа сай өзгертіп қолдану керек пе, әлде мұқағалилық нұсқада енгізу керек пе?.. Қиын. Көзі тірі болса, ақынның алдынан өтіп, бір келісімге келуге болар еді. Ақынның сөзі бар да өзі жоқ. Егер «өзі жоқтың көзі» жоқ деп, өлең жолдарындағы дыбыс үндестігіне, сөз ұйқастығына, мазмұн ағысына қарай жымдасып кеткен ондай сөздерді ресми бекіген талапқа сай өзгертіп жіберсеңіз, өлеңге нұқсан келеді. Оны ақын әруағы кешіре ме? Оқырман қалай қарайды? Қалай қабылдайды? «Мұқағали тілі сөздігінің» авторлары ақынның сөз саптау мәнерін сақтап, оны ақынның тіл қолдану ерекшелігі ретінде қабылдап, сол қалпы қолдану дұрыс деп шешеді. Ең аз кездескенін және өлеңнің мазмұнына нұқсан келтірмейтінін ғана түзеп, жиі қолданылатындарын Мұқағалидың тіл қолданудағы өзіндік ерекшелігі ретінде сол қалпы қалдыр-

ған. Бұл да – сөздік авторларының біліктілігі мен ұлтжандылығының айғағы боларлық шешім. Мұқағали тілі сөздігін шығарарда авторлардың аса бір ыждаһаттылықпен орындаған, ең қажетті де маңызды еңбегін айырықша атап өту керек: авторлар – ақын шығармаларында алдымен қанша сөз барын анықтаған. Одан соң қанша сөз тіркестері барын айқындаған. Бұдан кейін ол сөздер мен тіркестерді қандай мағыналарда қанша рет қолданылғанын санап шыққан.

Ақыр соңында әлгі тілдік бірліктер Мұқағали туындыларында қанша рет қайталанатынын да тізіп шыққан. Мұндай ұлан-ғайыр жұмысты тиісті талапқа сай атқарып шығу үшін ақын шығармаларында бар әр сөзді, әрбір фразеологизмді жеке-жеке түгендеп, реттеп, жүйелеп, солардың әр қайсысына жеке-жеке кәртішке жасаған. Наркітаптың шыққанынан шығадысы осындай қисапсыз қиын істерден тұрғанын және ол қиындықтарды авторлардың үлкен жауапкершілікпен жеңіп шыққанын ауыз толтыра айтқан ләзім.

**Шыққан кітапты ұққан адам ғана бағалайды
немесе сөздіктің ерекшелігі неде?**

Сіз осы «Мұқағали тілі сөздігін» қолыңызға алып көрдіңіз бе? Көрсеніз, алдымен көлеміне қарап, «мынадай наркітап бір институттың арнайы мемлекеттік тапсырыспен бір емес, бірнеше жыл үзіксіз жұмыс атқаруы нәтижесінде дүниеге келген шығар» деп ойлап қаласыз. Ойыңыз қате. Бұл – ешкімнің тапсырмасынсыз, бар-жоғы төрт ғалымның азаматтық-патриоттық бастамаларымен жасалған және жарыққа шыққан кітап.

Кітаптың алғашқы беттерінен-ақ сөздік шығарудың халықаралық талаптарына сай үйлескен академиялық білік пен білімнің әлеуетін аңғарасыз. «Алғысөз», «Сөз басы», «Сөз арасы», «Сөз соңы» деген тақырыптардан наркітаптың мазмұндық болмысына бағыт аласыз. Осыларды зейін қоя оқып шықпасаңыз, сөздікте қолданылған ғылыми талаптарды, нормативтік қалыптарды, шартты белгілерді де толық түсіне алмай қалуыңыз кәдік. Оқып шыққаннан кейін әліпби бойынша басталған әр сөзді және оның мағынасын әрі ақын шығармаларындағы қолданысын тану арқылы бірте-бірте Мұқағали әлеміне ене бастайсыз. Мұқағали сөзі арқылы қазақ тілінің нәрінен сусындай-

сыз, байлығына кенелесіз. Кейбір сөздердің ақын қолданысында қазақыланып, қасаңдықтан арылып, ана тілінде бұрыннан бар сөзге айналып кеткенін де аңғарасыз. Мыс.: ағұс, әсфәлт, әнсәмбіл, зауыт, кіреміл, кереует, әпелсін, деректір, сәнтім, т.б. (жат сөзге әуестер бұл сөздерді «август», «асфальт», «ансамбль», «завод», «кремль», «кровать», «апельсин», «директор», «сантиметр» деп тілін бұрап айтады да жазады), болмаса сіз бұрын мән бермеген, мағынасына үңілмеген сөздерді де кездестіресіз. Мыс.: әурей, әтуер, дөңгей, делбетәп, бізгек, бөдірет, болатнай, бейаруақ, башмақ, зәндемі, зәре, зәкір, жырғалаң, жың, жылым, жалман, жалқық, қайыл, қағанақ, күсін, күзек, кеусен, кебір, бетдүздік, мұзойнақ, миқы, мекер, мәңгу, маңыт, лақа, құлақшын, дүбін, ереңде, жаншақ, жыпқы, кеспет, мүре, мүсіре, сірді, т.б. Ақын ойды дәл де анық әрі көркем жеткізу үшін пайдаланған қазақ тілінде бар, бірақ ұмытыла бастаған мұндай сөздерді әлі де тізе беруге болады. Бірақ біздің айтпағымыз – сөздік авторларының осындай сөздердің барлығының мағынасын тауып, ақын қолданысындағы түрленуін де назардан тыс қалдырмағандығы. Осы арқылы ақын тілінің шұрайлылығын айқындағаны көңіл қуантады. Мысалы, Мұқағали шығармаларында «жан» деген сөзді сан мәрте қолданған. Әр қолданғанда мағына үстеп, түрлендіріп отырған. Сөздік авторлары ақын қолданысындағы «жан» сөзінің әр тіркесте қандай мағынаға ие болғандығын ерінбей-жалықпай анықтаған. Ерінбей санап отырсақ, ақын қолданысында «жан» сөзімен тіркесіп мағыналық өзгерістерге ұшыраған 93 тілдік бірлік бар екен. Дәл осы секілді «қара» сөзін Мұқағали 84-рет түрлендіріп қолданыпты. Сол сексен төрттің де ақын айтқысы келген мағынасын дәл тауып түсіндірме берген авторларға еңбекқорлығы үшін разы боласың. Осындай жанкештіліктің нәтижесінде Мұқағалидың тіл байлығы ол қолданған жеке сөздерден ғана емес, сол сөздердің қатысуымен жасалған фразеологиялық тұрақты тіркестердің санымен де, сонымен қатар тілдік бірліктердің тура және ауыспалы мағынасында қолданысымен де өлшенетіндігін дәлелдеп, ақын қолданған 13348 сөз бен 5035 тұрақты тіркеске осы сөздер мен тұрақты тіркестердің 21453 мағыналық қолданысын қосып, Мұқағалидың тіл байлығы 39 836 тілдік бірлік болатындығын анықтаған.

Сөздік соңына авторлар қосымшалар берген. Қосымшалар 15 кестеден тұрады. Бұл кестелерден ақын қолданған сөз

таптарының түрлену формаларын; тәуелдік, көптік, жіктік жалғаулардың қолданысын; сын есімнің шырайларын, етістіктің болымсыз формаларын, шақтарын, райларын, шылауларды, есімдіктерді қалай, қанша рет пайдаланғанын; атау сөздер мен тұрақты тіркестердің әріптер бойынша сандық көрсеткішін; жиі және сирек қолданылған сөздердің үлгілерін; танымал кісі аттарының, сондай-ақ ел, жер, су, қала аттарының сандық көрсеткішін; Мұқағали шығармаларының бес томдық жинақтарында қате жазылған сөздердің қай томда, қай бетте екендігін және ол сөздің дұрыс жазылуы үлгісін көресіз.

Осынша мазмұны бай, ішкі-сыртқы пішіні үйлесімді, мағынасы да, мәні де зор сөздіктің дүниеге келуі шын мәнінде қазақ тіл білімінің үлкен жетістігі дер едік. Бұл сөздік арқылы Мұқағали сынды қайталанбас тұлғаның тілін, тілі арқылы дүниетанымын түсінеміз, нәтижесінде ұлт тілінің байлығына, бай тілдің құнарына кенелеміз, қазақ деген халықтың ана тілінің шұрайлы да құнарлы бай тіл екендігіне көз жеткіземіз. Бұл сөздік – мұқағалитану ғылымының зор табысы. Бұл сөздік – сонымен қатар ұрпақтан ұрпаққа ұласар, ғасырдан ғасырларға жалғасар ұлт мұрасы.

«Жұлдыз» журналы, 05.03.2021



**Сәмен ҚҰЛБАРАҚ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор,
әдебиеттанушы,
сыншы**

СОРТОПЫРАҚ

Ақын Жарасқан Әбдірашев «Сортопырақ» поэмасын 2001 жылы жазыпты. Туындының жанрлық ерекшелігін «трагедиялық поэма» деп атап көрсеткен. Қазақ әдебиеті аяулы ақынымен сол жылы – 2001 жылы қош айтысты. Яғни шығарма ақынның ауыр сырқатпен алыса жүріп жазған ақырғы туындыларының бірі болуы мүмкін.

Қасым ақынның «Өзім туралысы» мен Мұқағалидың «Жан азасы» осындай дүниелер – өлім-өмір жырлары... Өлімнің табалдырығына келіп қалғанда, мына тіршіліктің құдіреттілігін соншалықты терең, бұрын-соңды байқамаған ерекше түйсікпен сезінген болар олар. Әйтпесе, Мұқағали ақынның «Өмір дегенің – бір күндік сәуле екен ғой...» деп ой түюі нағыз ақиқат шындық, бұлтартпас дүние. Бұрынғы туындыларында кездеспейтін бұл ерекше орамды ақын әлдебір ерекше түйсікпен сезініп, қаламының ұшына іліктірген. Енді, міне, сондай туындылардың қатарында Жарасқан ақынның «Сортопырағын» кезіктіреміз.

Поэманы мына өмірдің өткіншілігін сезінбей оқи алмайсың. Түрлі ойға жетелейді. Бойда күш-қуатың толысып тұрған шағыңның қаншалықты қымбат, бағалы екенін аңғарасың. Туындының эстетикалық-философиялық әсер қуаты осы бір сезімнен бастау алып, жан-дүниенді шырмап алып жатады.

Түсін, балам,
мені де түсін, балам,
сыртым шуақ болғанмен,
ішім – боран...
Қабағынды орынсыз шыта бермей,
жанарыңның жарығын түсір маған, –

дейді ақын кейінгі ұрпағына үн қатып. Ақындар жырлайтын «өтті дәурен» деген осы екен ғой. Әйтпесе, бұл сонау 60 жылдардың соңы мен 70 жылдардың басында ақындық әлемге атоылап, аттандап келген Жарасқан ақынның айтар сөзі осы ма дерсің?! «Соғыстан соңғы ұрпақпыз» деп бір буын ақын-жазушының көшбасында тұрды. «Дала, сенің ұлыңмын!» деп бар ақындық даусымен әлемге жар салды. Дуылдатып талай ортада өлеңдерін оқыды. Дарындыларды мойындап, өзін де өзгеге мойындата білді. Өлеңдегі келеңсіздікке қарсы шықты. Ойхой, албырт жастық пен бойды кернеген ақындық қуат не істеткізбеді, не айтқызбады, не ішкізбеді дейсің. Айтты да, жарқырап жанды да. Дәуірлеп жүрді де. Бұл да адамның бұ дүниедегі пешенесіне бұйырған аз күндік болса да бақыты, шаттығы болар. Дегенмен, қызылды-жасылды күндердің барлығы баянсыз, өткінші екен. Бұл - бір Жарасқан ақынға емес, бәрімізге де ортақ айдай шындық. Поэманы оқи бастап осы жайды жан-жүрегіңізбен сезінесіз.

Бір кездері жарқырап-жанып жүрген ақынды, енді міне, дауасыз дерт жеңген. Қытымыр уақыт, бейдауа денсаулық жайы үстемдік етеді. Соның құрсауынан қанша бұлқынғанмен, шығып кете алмайды. Дәрмені жетпейді. Ауру бірақ тәнді қыспаққа алғанмен, ақындық рухты жеңе алмайды екен. Ақын бір сәт аурудан бойы сәл жеңілдегенде қауырсын қаламын қолына алады. Ішкі арманын, ойын, ақындық-азаматтық парызын ақырғы сәттеріне шейін халқына жеткізіп қалғысы келеді. Ақиық Мұқағали да сөйткен... «Сортопырақ» поэмасы дүниеге осылай келген.

Түсін, балам,
мені де түсін, балам.
Сыртым шуақ болғанмен,
ішім – боран...

дейді ақын ендігі әңгіменің беталысын аңғартып. Поэмада ақын түс көреді. Түсінде туған ауылына барып, дүниеден әлдеқашан өтіп кеткен әкесі және анасымен, беймезгіл мерт болған қызымен, ауылдың өзі білетін ақылман қарияларымен кездеседі... Және де адам жаны шошитын Арал апатты аймағының зардаптары – жарым-жан, құбыжық бала бейнелерін көреді.

О дүние де өзінше бір әлем екен дейді. Жатсынар емес, қайта қуаныса құшағына алып жатыр. Жарасқан ақын олармен сөйлесіп, анасымен сағыныса қауышып, көңілін басады, ал әкесі мен ауыл қариялары көзі тірісінде орындалмай кеткен істердің жайын сұраса, құбыжық бейнелердің адамдарға айтар таусылмас арыз-шағымы бар екен дейді.

...Алшақтығын бір аттап аралықтың,
туған үйге қайта бір оралыппын.
Ауыл-аймақ түгелдей мәз болуда –
базарында жүргендей балалықтың, –

дейді ақын ғажайып дүниенің есігін айқара ашып. Жалпы, адамзаттың о дүние туралы ойлауы мен мәңгілік өмірді аңсауы – ықылым заманнан келе жатқан тұтас бір тарихи-философиялық категория. Адамзат дүниеге әкелген талай мифтік дүниелердің бүгінгі күнге жеткен терең мазмұны, өмір-өлім жайлы әрқилы аңдатулары бар. Қасым ақын да күндердің бір күнінде көктемде құлпырған қыр гүлімен бірге көктеп шығармын десе, Мұқағали ақын бұл дүниені қалай бауырласаң, о дүниені де солай жатсынба деп ой төгеді. Бәлкім, бұл адамның өзін-өзі сендіруі, о дүние туралы жақсы ұғым, үміті болар. Қалай дегенде де адам осы жақсы үмітпен, сеніммен өмір кешеді.

Сырқаттың беті күшейіп, о дүниенің лебін сезінгенде, ананың түске енуі ықтималдық қана емес, шындық жай. Қиын сәтте ана рухы баласын қалайда демеп, желеп-жебеп жүреді.

Бұл сәтте тіршілік күйбеңі ұмытылған. Ана баласын бір көргеніне, жүздескеніне мәз. Былайғы тірлікте жиі кездескенге, сыйласқанға не жетсін. Бірақ бес күндік бұл өмірде бәрі ойлағандай бола бермейтіні тағы ақиқат. Ана жүзіндегі реніштің табы да, бәлкім, сонда болар. Алайда, ол ренішін баласын бір көргенде-ақ кешіре салған. Бәлкім, оның жүзіндегі реніштің табы баласының ауырып қалғанын, жаны қиналып жүргенін сезінгенінен шығар.

Иә, кейде мына жалған дүниеде мәңгілікке тұрақтап қалатындай ешнәрсені ойламай, қолымыз тимей кететіні бар. Жұмыс дейміз, атақ-мансап, байлық дейміз. Бірімізді біріміз жамандаймыз, аяқтан шаламыз. Өмір-тайталас күрестің бар «қызық-шыжығы» сонда деп білеміз. Осы жарық сәуленің, Мұқағали ақын айтпақшы, бір-ақ күнде сарқыларын естен шығарамыз. Бірақ мұның барлығының уақытша екенін, мұның ақыры болатынын, одан еш пенде қашып құтыла алмайтынын Ж.Әбдірашев «Сортопырақ» поэмасында бәріміздің есімізге салады.

Поэмадағы философиялық түйіннің бір ұштығы осыдан аңғарылады. Ақынның күйзелген жанын ұғынасың. Тағдырдың қыспағына тым ертелеу іліккеніне өкінесің. Оқырман да осы аралықта бір күрсініп алып, хақтың растығына, ертелі-кеш оның алдына кім-кімнің де есеп береріне көз жеткізеді, ойланады.

Бәлкім, өзгелерге үйіп-төгіп жақсылық жасау қолыңнан келмесе де, ар-ождан тазалығын сақтап, өз орныңды, межеңді біліп, адал еңбекпен нәпақа тауып, ұрпақ өсіру де азаматтық-адамдық борыштың бірегейі болар. Бірақ оған бәріміз бірдей бармаймыз. Ұлы хакім Абай айтқандай, арамдық, қулық сауамыз. Жарасқан ақын поэмада осының бәрін өзінің жан дүниесі, арпалысқан сезімі арқылы оқырманның таным-таразысына салады.

Өмірдің осындай күрделі тағылымын аша отырып, ақын поэмасының әлеуметтік-қоғамдық жүгін Арал өңірінің экологиялық апат зардаптарымен байланыстырады. Кешегі кеңестік кезеңде қазақ жері апатты аймаққа айналды. Қасиетті Абай, Мұхтар жері жарылыстар полигонының кіндігі болса, мұндай табиғатқа астамшылдық батыс өңірде де, оңтүстікте де болды. Табиғаттың жауһар сыйы Арал теңізі адамзаттың араласуымен сортопыраққа айналды.

Өзімбілермендікпен табиғаттың үйлесімділігі бұзылып еді, Табиғат-Ана да кейістік танытты. Қазір жер-жаһан тепе-теңдіктің бұзылуынан қатты зардап шегуде. Адамның да, тірі мақұлықтың да арасында өз бейнесінен ажыраған жантүршігерлік құбыжықтар пайда болды.

Жарасқан ақын поэмасында Арал экологиялық апат аймағының зардап шегушілерін жырға қосады. Бұл қасіреттің ақынның түсіне енуінің, жанын мазалауының өзіндік себебі бар. Кіндік қаны сонда тамып, кішкентайынан сол ортада өскен оның елге барғанда небір сұмдықты естіген де көрген. Ағайын-туыс, бауырларынан

айрылған. Жүрегі қарс айырылып қайғырған.
Поэмадағы осындай әлеуметтік-философиялық ой желісі бөлімінен бөлімге ауысқан сайын ширыға түседі. Арал теңізі экологиялық апатты аймағы қаншама адамға қасірет, зардап әкелді – оның нақты санына жетіп білу мүмкін емес болар... Жарық дүниеге құбыжық мүсінді қаншама сәби келгені өз алдына, қаншама адам өмір бойы жарымжан, мүгедек болып дүниеден мезгілсіз өтті, қаншама адам дауасыз дерт қылтамақтан қайтыс болды, қаншама адам өзін өз қолымен өлімге қиып жатты... Халық басына түскен қасіреттен ақын өзін бөлек санамайды, жаны күйзеле ауырады. Өйткені, ол да осы зардаптың уын ішкен.

Ақын туындының композициялық тұтастығын сақтаған ой аралық байланысты сәтті тапқан. «Түсін балам, Мені де түсін, балам, сыртым шуақ болғанмен, Ішім – боран», - деп басталып, әр бөлімде жаңа мән, тың оймен айшықтала түсетін ақын-автордың баласымен, бүгінгі ұрпақ өкілімен тілдесуі шебер үйлестірілген. Бойында ыстық қаны ойнап, күш-қуаты артқан жігіт әке халін біліп, қамқорлыққа алып, аяушылық танытқанмен, шын мәнінде оның басындағы аласапыран күйді, ішкі дауылды дәл түйсіне де, сезіне де алмайтын тәрізді. Бұл да табиғат заңы. Өсіп, жетіліп келе жатқан организм қанша түсінушілік танытқанмен, бәрібір әке халін толық біле алмаса керек. Оның үстіне ол дүниенің бар салмағын жүрегінің ыстық сүзгісінен өткізіп жатқан арқалы, бірақ қазірде қатыгез ауруға іліккен тұсаулы ақын болса... Сонда да поэмада қайталанып келіп отыратын композициялық байланыс тетігі тек туындының бүтіндігін, жұмырлығын ғана қамтамасыз етпей, бүгінгі ұрпаққа өмірдің мәні мен құдіреті неде екенін ұқтырып, ой салғандай идеялық қызмет атқарып тұр.

Поэманың ақырғы бөлімінде ақын жанының қат-қабат шындығы берілген:

Түсін, балам,
мені де түсін, балам,
сыртым шуақ болғанмен,
ішім – боран...
Талап туған құлынын шыңғыртуда,
тулақ қылған тұлпарын қысыр заман!

сыртым шуақ болғанмен,
ішім – боран...
Тіл қата алмай мақаулық етсем екен,
тыңдата алмай шындықты –
күшім қараң!

Түсін, балам,
мені де түсін, балам,
Сыртым шуақ болғанмен,
ішім – боран...
Көктем өтті, жаз да өтті, күзім келді,
қарсы алам ба, білмеймін, қысымды аман...

Поэмада Ақын образы тұлғаланып көрінеді. Әсіресе, соңғы бөлімде ақын-заман қатысы өткір берілген. «Талап туған құлынын шынғыртуда, тулақ қылған тұлпарын қысыр заман», «Тіл қата алмай мақаулық етсем екен, тыңдата алмай шындықты – күшім қараң» деуінде көп ақиқаттың ізі бар. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кез экономикалық жағынан көп қиындықты алдыға тосса, әлі де сол ауыртпа-лықтан халықтың басым бөлігі сілкініп еңсесін тіктей алмай жатыр. Рухани жағынан селкеуліктер де әлі жойыл-май келеді. Қарапайым халыққа әрқилы жат діни ағым-дардың ықпалы күшті. Әр дінді ұстанып, әке балаға жат болып бара жатқан халықтың ертең тұтастығы бола ма? Қазақтың қаймағы бұзылып, ауыл күйреп жатты. Ағылған қазақ жастары қалаға сіңісе алмай, түрлі теріс қылықтарға ұрынды. Әсіресе, бұл Жарасқан ақын өмірінің соңғы жылдарында асқынып тұрған ел алдындағы күрделі мәселе болатын. Ұлттың келешегіне ауыр зардабын тигізер осындай келеңсіздіктерді көргенде, сезінгенде, ақын жаны тыныштық таппайды.

Түйіндей айтқанда, Ж. Әбдірашевтің «Сортопырақ» поэма-сы – Қ. Аманжоловтың «Өмір туралы», М. Мақатаевтың «Реквием. Жан азасы» туындыларымен қатар тұратын сыры мол шығарма.

2021

<https://qalamger.kz/literature/syn/s-men-lbara-sortopyra/642>



Дүкен МӘСІМХАНҰЛЫ
ақын, аудармашы,
Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының иегері

СӨЗ-КИЕНІ ТӘУ ЕТКЕН...

Туған халқына адал қызмет етіп, ұлт руханиятына лайықты олжа салған дарынды ақын, қарымды қаламгер, қайраткер-азамат Кәдірбек Құныпияұлының есім-сойы алты Алашқа кеңінен танымал. Жеке жыр жинақтары, публицистикалық еңбектері, аудармалары, жалпы оншақты кітабы оқырман қолында жүр. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бірнеше республикалық және облыстық ресми басылымдардың тізгінін ұстап, жас Отанымыздағы азат саналы тәуелсіз БАҚ-ты қалыптастыру жолында аянбай тер төккені бөлек әңгіменің арқауы.



Кәдірбек Құныпияұлы

Ақын поэзиясының алтын қазығы

Қазір жұрт «Кәдірбек» десен, «Сегізбаев па, Құныпияұлы ма?» – дейтін болды. Туған халқы есімін тұмар тұтып, жүрек төріне қондырып жатса, дарыны мен қарымын, елге еткен ерен еңбегі мен шыққан биігін тұтас ел-жұрты, туған өлкесі, рухани қауымдастық пен мемлекет басшысына дейін бағалап, төбесіне көтеріп жатса, қаламгер үшін одан артық қандай бақыт керек?! Бүгінге дейін Кәдірбек ақын ретінде, журналист ретінде, қайраткер-азамат ретінде қанша марапатты қанжығасына байлаған болса, соның бәрі сөз жоқ, туған халқының «сүйер ұлына» берген бағасы, азат Отанының азамат-оғланына көрсеткен құрметі екені айдан анық. Атам қазақ жиендерінен мықты шықса, «жігіттің мықты болмағы нағашыдан», «нағашысына тартқан» деп өздеріне меншіктей сөйлемеуші ме еді?! Бүгінде «Кәден нағашысына тартқан» деп Кәдірбекпен біз де мақтанамыз... Бұл енді қазақы әзіл... Ал негізінде, Кәдірбектің өз жұрты да, өз аталары да осалдан емес еді. Солардың бірі – хәм бірегейі, Кәдірбектің тікелей аталарының бірі алты Алашқа аты мәшһүр Әлмерек абыз болса, тағы бір атасы – Жетісу күйшілік мектебінің негізін салушы, қазақтың дәулескер күйшісі, жаужүрек батыр Қожеке Назарұлы (1828-1885) және әйгілі Албан көтерілісінің көсемі Ұзақ Саурықұлы. Кәдірбек ақынның бойынан бір Әлмерек бабасынан дарыған сөз киесін де, Қожеке, Ұзақ аталарынан дарыған ерлік пен әділетшіл мінезді де қатар байқаймыз. Бір өлеңінде ақын:

Оңалмай бір күйі елдің,
Тап болғанда қиын күн:
Сен иеңе сүйендің,
Мен киеме сыйындым.

Табысыңды еселеп,
Алдамшы бақ орнады.
Иең сені жетелеп,
Мені кием қолдады.

Келешекке керек кім?
Түпкі ойынды жасырдың.
Киеге мен тәу еттім,
Иеңе сен бас ұрдың («Кие мен Ие»), –

Жалпы Кәдірбектің ақындық дарыны мен азаматтық болмысына айқын көз жеткізу үшін оның жырларына назар аударып көрейік. Өйткені шынайы шығармашылық адамының сөзі – өзі. Өзі – сөзі!

Кәдірбектің ақындық дарынынан туындаған азаматтық ой, отаншылдық рух тұнып тұрған лирикалық жырларында халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған азаттығына жетіп жатқан жылдардағы жаңғырған санасының мәнер-бедері кестелі жыр тілімен айрықша дараланады. Бұл – бағзыдағы ақын-жыраулар поэзиясының ғасырлар бойы сақталып, ой түбінде тұнып, жалғасып келе жатқан халықты рухтандырушы-қуаттандырушы қайраткерлік ықпалының тек Кәдірбектей шынайы дарынға ғана берілетін қасиетінің бір көрінісі.

Кәдірбек Құныпияұлының азаматтық парасатты ой, отаншыл өр рух сарынымен өрілген өлеңдеріндегі түптұлғалық лирикалық қаһарманның қайсар, күрескер халық тұлғасын көркем шындықпен жинақтап жырлауынан ұрпақтар санасын серпілту, жігерлендіру ұстанымын айқын аңғарамыз.

Ақынның көптеген өлеңдеріндегі азаматтық-отаншылдық сарын, өршіл ұлттық рух лирикалық қаһарманның тебіреністері, толғаныстары арқылы Отанын, туған топырағын, атақонысын, туған жердің өзендерін, көлдерін, тауларын, ормандарын, қырқа-жондарын елжірей сүйген перзенттік көңіл күйімен бірге, елінің ертеңіне деген алаң көңілі төгіле жырланған. Кәдірбек поэзиясындағы лирикалық қаһарман – сан ғасырлық белестерден өткен Ұлы даланың бүгінгі күні азат Қазақстан болып Тәуелсіздік тұғырына қонып отырғанын ақыл-ой сарабынан өткізе сезінген, сүйінген жаңа буын ұрпақтардың көркем жинақталған тұлғасы. Ақын өлеңдерінің композициясында туған халқының бағзыдан бүгінге дейін әлемге аян болған даңқты тарихы, даналық пен батырлық қасиеттері тұтасып жатқан ежелгі ата-бабалардың қазіргі, болашақтағы ұрпақтарға мәңгі өнеге болған (болар) көрнекті тұлғалар (Үйсін, Домалақ ана, Құрман, Әлмерек, Райымбек, Ұзақ батыр, Сүйінбай, Жамбыл, Тоқтағұл, Нұрғиса Тілендиев, Кеңес Нұрпейісов, т.б.), қасиетті атақоныс, туған жер (Қазақстан, Астана, Алматы, Жетісу, Іле, Үйсін тау, Хантәңірі, Қазығұрт, Кеген, Қайқы, Ыстықкөл, Найзақара, Ұзынағаш, Қызылағаш, Сарыағаш, Өгем, Тасбұлақ, Талды, т.б.) тақырыбы өрелі идеялық-эстетикалық таным-пайым-

мен жырланады.

Кәдірбек поэзиясында ауыл, туған жер тақырыбы да аққудың мөлдіріндей үлбіреген пәк сезіммен барынша мол жырланған. Негізінде Отанға деген ұлы махаббат – туған жерге деген сүйіспеншіліктен, қимастық сезімнен бастау алады. Ақын үшін қазақ даласының қай түкпірі де – құбыладай құнды, қағбадай қасиетті. Қысқасы, қазақ даласының бар өңірі, атақоныс, туған жер – ақын жырларының алтын желісі. Романтизм мен реализмді шебер қабыстыра білген ақын шалқыған, көл-көсір ақындық сезім мен сан алуан көркемдік тәсілдер тұтастығында туған жердің қасиетін, оған деген шексіз махаббатын эстетикалық биік талғаммен жыр етеді. Мысалы, ақынның төрт шумақтан тұратын «Найзақара» деген өлеңін бұзбай-шашпай оқып көрейікші:

Шыңы шырай бермесе, тау бола ма,
Дәл өзіңдей биік бар қай қалада?
Тымық түнде төсіне Ай қонақтар,
Алматының айбары – Найзақара!

Жалындамай қалғанда от – өлеңім,
Кеудеңдегі көк бұлттай жөтелемін.
Салым суға кеткенде, Найзақара,
Саған қарап еңсемді көтерімін.

Пендең болса, өзіңді ескермеген,
«Есінді жи, жүйкенді тексер!» – дер ем.
Қайда қара таулардың керуенінде,
Найзақара қасқайып төске өрлеген!..

Алатауым, айбарлы қартым білем,
Аласадан айырам парқыңды мен.
Найзадайын шаншылған Найзақара,
Осы тұрған сүйемін қалпыңды мен!

Өлеңде лирикалық қаһарманның өмір өткелдерінде сәл пәсейіп қалған кездерінде («Жалындамай қалғанда от – өлеңім, Кеудеңдегі көк бұлттай жөтелемін. Салым суға кеткенде, Найзақара, Саған қарап еңсемді көтерімін») Найзақара шыңына қарап еңсе көтеруі – адам баласының жеркіндіктес екендігімен қоса, азамат-ердің туған жерден алар қуатының күш-құдіретін айшықтап тұрғаны анық.

Ұлттық дәстүрден дара соқпағын іздеп...

Қазақ тарихындағы ұлағатты тұлғалардың ерлік өнегесі мен парасатты пайымдарының бәрі де – ақын поэзиясының алтын қазығы, һәм өнеге-өрнегі. Кәдірбек ақын өлеңдеріндегі тарихи тұлғалардың көркем тіл кестесімен, айрықша эстетикалық қуатпен ғана емес, асқақ азаматтық пафоспен жырлануынан лирикалық мен арқылы ата-бабаларымыздың ұлағатын ұлықтауын аңғару қиын емес. Иә, қазақ тарихындағы ақылман абыздар мен жаужүрек қаһармандар, данагөй жыраулар мен билер, қайраткерзиялы ақын-жазушылар – біздің ұлттық рухани қазынамыз. Қазақ халқының тағдыры сынға түскен қиын кезеңдердегі елді береке-бірлікке шақырған, басқыншылар мен отаршылардың озбырлықтарын әшкерелеген, зорлықшыларды тәубесіне келтіріп отырған жыраулардың, ақылман абыз-билердің киесін, ұлағатты істерін қай кезде де өскелең ұрпаққа өрнекті оқулық ретінде ұсына білу – қаламгердің қарыз ісі де, парыз ісі де болуға тиіс. Бұның өзі түптеп келгенде тарихи тұлғалар үшін түкке де керек емес, керісінше, мына біздің немесе келешек ұрпақтың «қайда да, қашан да айының оңынан тууы» үшін керек. Кәдірбек ақынның «Әлмерек» атты өлеңіндегі көркемдік өрнектермен кестелене, өріле жырланған абыз әрі қайраткер Әлмерек абыздың көркем бейнесі – оқыған жанның бойын шымырлатып, санасын оятып, жігерін жанитын эстетикалық қуатымен ерекшеленеді:

...Тосыннан қиналғанда әл беред деп...
Батасын алушы еді ел медеттеп!
Ұран ғып есіміңді алды ұрпағың,
Аттандап жауға шапса: «Әлмерек!» – деп.
Өзіңнің айбарыңмен биік арым,
Киеннен сый ұғамын, күй ұғамын.
Сәттерде топқа түскен бетім сыйпап,
«Уа, Әруақ!» – деп өзіңе сыйынамын!
Тылсымды тарихыңа таң қалайын,
Оңымнан тусыншы деп қайда да айым...

Тар жолда қаншама рет сыйындым мен,
Әлмерек, әруағыңнан айналайын!

Кәдірбек ақын жоқ жерден «Америка ашам» деп аласұрмайды. Сан тарау, сан ағымның артынан салпақтамайды. Керісінше қалыптасқан ұлттық дәстүрден өзінің дара соқпағын іздейді. Әрі ол – еліктеп-солықтап көп жүрмей, өз соқпағын ерте тауып алған ақын. Жалпы Кәдірбек жырларын оқып отырғанда, оның Асан Қайғы, Бұқар, Махамбет, Абай, Шәкәрім, Мағжан, Жүмекен, Мұқағали, Төлегендер салған ұлы дәстүрмен, ұлттық сарындармен үндес, алайда өз өрнегі бар ойшыл ақын екені айқын аңғарылады. Ақынның философиялық-ойшылдық сарындағы өлеңдеріндегі лирикалық қаһарман атынан айтылатын поэтикалық мағыналы өрілімдерінен ақынның ғарыштық-ғаламдық кеңістіктегі озық ақыл-ой иелерінде ғана болатын дүниетанымның тереңдігі мен кемелдігін сезінеміз.

Ақын жырларындағы пәлсапалық сарындар және көркемдік шешімдер арқылы оқырман фәни мен бақи дүние арасындағы мың сан сырмен қоса, екі дүние арасындағы адамзат тірлігінің қарама-қайшылықтары мен бірлігін, адам баласы жандүниесінің күрделі болмысын тани түседі. Сонымен бірге ақынның пәлсапалық сарындағы өлеңдерінде мәңгілік ұлы қозғалыстағы ғарыштық-ғаламдық тіршілік әлеміндегі құдіретті күштер, ие, кие, бірінің орнына бірі келіп жататын ұрпақтар жалғастығы, фәни мен бақи дүние жалғасуындағы ақ пен қараның, күн мен түннің, махаббат пен ғадауаттың, ыстық пен суықтың, жақсы мен жаманның шарпысуы мен мәңгілігі, өмірдің өткіншілігі айшықты тіл кестесімен беріліп отырады.

Нақтылыққа айналмайды тәтті елес,
Тіршілікте сорың да егес, бақ та егес...
Кешкен тірлік – Күн мен түндей ауысар,
Өмір саған жақын да емес,
Жат та емес» («Өмір»)

Алқара көкте жұлдыздар күлсе жамырай,
Жасырар жүзін бұлттарға
бүркеп момын ай.
Біреу қияда, біреу ұяда арбасып,

Күн менен түндей алмасып жатқан
Өмір-ай!» («Қайшылық»)

Зарын айтып запыран заманына,
Мұң шағады ақындар қаламына.
Ұят жылжып барады етек жаққа,
Ұятсыздық өрмелеп жоғарыға.
Бұдан асқан қасірет болады ма,
Тығылады бір өксік тамағына.
Адам құлап барады төмен қарай,
Надан самғап барады жоғарыға» («Бағыт»)

Бұл рәуіштегі мысалдарды әрі қарай да тізбелей беруге болады. «Теңіздің дәмін тамшысынан білетін» оқырман үшін мәселе мысалдың аз-көптігінде болмаса керек. Көріп отырғанымыздай, ақынның пәлсапалық лирикаларына – фәни тіршілік жүйесіндегі адамдар мен олардың арасындағы қарым-қатынастың қыр-сыры, пайым-түсінігі арқау болған. Адамдардың тіршілік-қарекеті, өмір қозғалыстары кезіндегі ындын-пейілін көркем бейнелеулермен байыптаған ақын өз оқырмандарына өткінші фәнидің ащы шындығын мойындауды ұсынады.

Кәдірбек Құныпияұлы шығармашылығынан мол орын иеленген тақырыптың бірі – табиғат лирикалары. Ақынның жаратылыс құбылыстарын, табиғат көріністерін, жыл мезгілдері, сондай-ақ табиғат құбылыстарының адамдар психологиясымен үндескен сипаттарын психологиялық егіздеулермен, поэтикалық кейіптеулермен суреттей жырлауы – ақынның биік талғамы мен шынайы шеберлігінен дерек береді. Мысалы, ақын «Ыстық көл», «Көктем көшті...», «Жаялықтай сарғайған соң жасыл бел...», «Кеген бе екен мына су...», «Желтоқсанның жаңбыры», «Алматым», «Алматының ақ көктемі», «Ақырындап еруін қар бастайды», «Наурыздың жаңбыры», «Наурыз. Ызғырық», «Қараңғылық зорайды түн еленіп», «Ақпан. Түн. Қар», «Түн. Бақ», «Кемпіршуақ», «Қараша» секілді жүздеген жырларында табиғат суреттерін кестелі тілмен майлы бояулы картинадай мөлдіретіп берумен бірге, табиғат құбылысына өз көңіл күйін өбістіре-қабыстыра бейнелейді. Басқаша айтқанда, әр өлеңде адам жаны мен табиғат дүниесінің астасып, үндесіп жатуы – ақын өлеңдерінің эстетикалық қуатын еселеп арттыра түскен. Мәселен, «Толқын боп жағалауды ұрады арман, Мөлдір су арылтқандай күнәлардан» («Ыстықкөл»), «Сарнатады сарыала күз бір күйді, Көңілімнің бос қуысын үңгиді» («Жаялықтай сарғайған соң жасыл бел...»), «Ақ тамшыға

мүлгіп тұр жуынып тал, теріскейді ықтайды бұғынып қар» («Наурыздың жаңбыры»), «Бастап келіп осында мұңлы бір із, көкіректі күй тербер күмбір уыз» («Тасбұлағым»), т.с.с. жыр тармақтарынан тек қана табиғаттың жалаң кейпін, құр суретін ғана емес, лирикалық меннің сол құбылыспен астасып жатқан көңіл күйін көреміз.

«Ақ тақырға ат ойната алмадым...»

Кәдірбек – қазақтың классикалық поэзия дәстүрінің қазіргі заманғы сыншыл, сыршыл өкілі. Оның қазақтың сөз өнері тарихындағы зар замандық сыншыл-сыршыл әрі мұңды-шерлі, налысты-элегиялық жырлар дәстүрінің сарындарына үндес жазылған өлеңдері де аз емес. Ақынның осы сарындағы өлеңдерінен бағзыдағы жыраулар, арғы-бергідегі ақындар дәстүрінің көркемдік жалғастығын сезінеміз. Қазақ ұлтының өзіндік мінез-құлқындағы кемшіліктерді сынау – отаншылдық-қайраткерлік, тәлімгерлік-ұстаздық ұстаным. Кәдірбектің зар заман сарынды өлеңдерінде бүгінгі қазақ қоғамындағы әділетсіздік, түрлі келеңсіздік, халықтың рухани азып-тозуы үлкен толғаныспен, кейде тіпті түңіліспен сөз болады. Әрине бұл тақырыптағы өлеңдерін де ақын жалаң ұранға, айғай-аттанға бой алдырмай, айтар ойын шебер тіл кестесімен әдіптеп, өлеңнің эстетикалық қуатын одан сайын арттыра түседі. Кәдірбектің ақындық тұлғалық тұғырнамасы – өз замандасы атынан өмір сүріп отырған кезеңді сынау деп есептесек, осы мақсаттың өзі жаңаша үлгімен жырланған өлеңдердің көркемдік қуатымен нысанасына дөп тиіп отыратынын байқаймыз:

Жападан жалғыз жүрмін мен,
Жалғаннан таппай жанға ырзық.
Жартыкеш өмір сүргізген,
Қайтейін сені, жалғыздық («Жалғыздық»)

Бақыт деген көрсетпейді сұлбасын,
Бұл да бәлкім, тәлейсіз боп туғасын.
Ақ тақырға ат ойната алмадым,
Қақпақылда жүргеннен соң бір басым («Мен»)

Қаламымды қолыма алдым өбектеп,
Серт күніме, дерт күніме керек деп.

**Қалт-құлт еткен тірлігімді, келеді –
Ақ қағаз бен қара қалам демеп тек... («Қалам»)**

Кәдірбек ақынның бұл сарындағы өлеңдерін әрісі Албан Асанның, берісі хакім Абайдың сыншыл-сыршыл ұстанымының ХХІ ғасырдағы жалғасы деп қабылдасақ, еш қателеспейміз.

Ақынның махаббат тақырыбын құрайтын өлеңдерінде лирикалық қаһарманның ғашықтық сезім толғаныстары мен Адам ата – Хауа анадан бермен қарай жалғасып келе жатқан іңкәр сезім әлемінің қыр-сыры қамтылған. Жер бетінде еркек затының әйел жынысына деген табиғи құштарлығын, құмарлығын, мәңгі ынтығып, сағынып, аңсап жүретін ғашықтық жан ділін жырламаған ақын жоқ шығар, сірә?! Олай болса, Кәдірбек Құныпияұлының ер-азамат ретінде де, ақын ретінде бұл тақырыпты айналып өтуі мүмкін емес. «Айналып өткенді» былай қойып, Кәдірбек ақынның бұл тараптағы ізденісі өз алдына бөлек әңгімеге арқау боларлық. Мысалы, «Менің ғажап түстерімнің қонағы», «Ақпанның 29-ы», «Түн. Бақ», «Құшағыма құлар ма едің?», «Тина», «Мен сені көрмегелі жылдар өтті», «Тұла бойың тұнған шырай», «Сені іздеймін», т.б. махаббат лирикасына кіретін өлеңдерінде қыз бен жігіт (ер мен әйел) арасындағы нәзік те іңкәр сезім, қазақ әдебиеті ғана емес, күллі әлем әдебиетіндегі үзіліссіз жырланып келе жатқан классикалық дәстүрлі сарындар қазіргі қазақ ұғымына, бүгінгі күн талабына лайықты өрнекпен жаңаша бедерленеді.

Психологиялық астарға толы жырларында ақын қарнының ашқанына жыламайды, қадірінің қашқанына налиды. Оның көңілін құлазытатын, жанын жаралайтын есте жеке бас пайдасы емес. Атап айтқанда, ақынның психологиялық, көңіл күй толғаныстарының өзегі – қарын қамының алға озып, жұрттың жаппай рухани кембағалға айналып бара жатқаны.

**Таба боп жүрміз дұшпанға
Қайтеміз босқа ақталып:
Өлең жоқ – Қазақстанда,
Поэзиясыз – патшалық.**

Әкімі шартық қоғамның,
Ақыны арба сүйрейді.
Көз жасы көлдей боп тұрды,
Халықтың жаны тітіреп –
Алтыннан сарай соқтырды,
Алпауыт анау үкімет.

Билікке бүгін көркеуде,
Өлеңнен қымбат боқ-бұйым.
Абылайды шеттеткендерге
Бұқардың құны көк тиын!

Ақын кешегі хандары аузына қараған «жыраулардың (Бұқар) құнын көк тиын қылған заманға», «Өлеңді тәрк етіп, ақынға арба сүйреткен қоғамға» неге налиды?! Бұл арадағы өлең, ол – шартты ұғым. Яғни өлең, ол – руханият. Ол – сұлулық. Ол – ұлттың асыл арманы. Ол – тұнып тұрған парасат! «Ұлы поэзия – ұлттың ең асыл қазынасы» депті ұлы Бетховен. Ал ежелгі Римнің ұлы ойшыл ақыны Овид (Публиус Овидиус Насо): «Поэзия ажалдың өзінен жалтара жүріп, адамзаттың ұлы жетістіктерін мәңгілік жаңа тарихқа айналдыра алады, әйгілі тарихи есімдерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе алады», – депті. Ендеше, осынау құндылықтардан бас тартқан қоғамның болашағы, онда өсіп жатқан жас ұрпақтың ертеңі не болмақ?! Бұл – әрине, Құныпияның Кәдірбегі ғана емес, тұтас ұлт болып толғанатын мәселе. Ақын айтты, қоғам болып, ел-жұрт болып толғансақ, ойлансақ, қане?!

Ақын жырларының поэтикасы

Осы арада қытай ақыны Ай Циннің: «Өлеңнің өрнекті тілі – ең асқақ тіл, ең таза тіл болуға тиіс», – дегені еске түседі. Бұл ретте Кәдірбек ақын қазақ сөздерін тура және ауыспалы мағынасында қолдана отырып, тың поэтикалық-стильдік өрнектер құруда алдына жан салмайды десек, еш асырып айтқандық емес. Құбылту (троп) мен айшықтау (фигура) және теңеу, айқындау (эпитет) үлгілерін мол қолданған ақын жырларының көркемдік мағыналарының эстетикалық әсерлілігі оқырман жан әлемін айрықша баурап алатын себебі де содан. Мысалы, «Жаялықтай сарғайған соң жасыл бел», «Тікен қоршау құшағында гүл аттық», «Жалғаннан таппай жанға ырзық», «Барады көшесімен өмір ағып»,

«Қара боран ұлып тұр, қабағандай қарғылы», «Бар қазақтың асығының алшысы», «Ине-өмірге жіп болып сабақталып», «Ақ шекпенді арқамнан тастаймын деп, Алатау-қарт жантайып, жамбастайды», «Үйіріліп тіліне пейілдегі у, Әдет болар жемтікке желімделу», «Жаны ашымас жақының жаудан жаман», «Көктем жылап көк белмен көріскендей», «Жебір қоғам жем айырған жетімнен», «Теледидар төгуде жуынды-ақыл», «Жыланның қабығындай жалтылдаған», «Құбылмалы мінезге үйір егес», «Қаңтардың қалың қарындай, маңдайдың сору бес елі», «Қан шыққан жерге қар сепкен»... Бұлай тізе берсек, сөзіміз де ұзара түспек. Қысқасы, ақын жырларының поэтикасы – өз алдына, арнайы қарастыруға тұрарлық ауқымды тақырып. Себебі туған халқының тіл теңізінен емін-еркін сусындаған, ұлттық мәдениетке уызынан жарыған ақынның тіл кестесі айрықша.

Қорыта айтқанда, Кәдірбек – қазіргі қазақ жырының қара нары. Алаш жұртының бағзы замандардан бермен қарай жалғасып келе жатқан даңқты белестерін, бүгінгі күннің аптабы мен ақпанын көркемдік мүкәмалы кемел поэтикалық жыр өрнектерімен жырлап жүрген өр рухты, өршіл ойлы ақынының жырлары халқымыздың сөз-қазынасына толымды олжа болып қосылғаны анық.

Күн сөнбесе Қазақ бар! Ал қазақ барда, қазақтың тілі барда Кәдірбек ақынның жырлары да ғасырлар белестерінде ұрпақтар санасына өз сәулесін шаша беретініне еш күмән жоқ.

«Қазақ әдебиеті»

13.09.2022



**Алпысбай МҰСАЕВ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор,
әдебиеттанушы,
сыншы**

РУХ БОСТАНДЫҒЫНЫҢ ЖЫРШЫСЫ

Қазақ поэзиясына алпысыншы жылдардың аяғында келіп, өз буынында жыр бәйгесінің алдын бермеген ақиық ақындарымыздың бірі Жарасқан Әбдірашев есімін жыр сүйер оқырман қауым ұмыта қоймаған болар?



Жарасқан Әбдірашев

Рас, ақын дүниеден өтісімен-ақ абыз ағалары мен қанаттас, тағдырластары, ізетті інілері ағынан жарылып, ақжарма пікірін айтып шығармашылығын жоғары бағалады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ұсынды. Қазақстан Аграрлық партиясы Жарасқан Әбдірашев атындағы сыйлық белгіледі. Әдеби еңбектерінің таңдамалы үш томдығы жарық көрді...

Жарасқандар әдебиеткекелген тұс - қазақ поэзиясының күрт өрлеу,

кемелдену, жоғары кульминациялық нүктесінде тұрған кезеңінің бірі болатын. Бұл тұста Әбділдалар бастаған арқалы ақындарды былай қойғанның өзінде, бір өзі бір ел әдебиетіне тұлға болғандай Қадыр, Тұманбай, Сағи, Мұқағали, Жүмекен, Төлегендердің жемісті еңбек еткен, шабытты жылдары еді-ау.

Әдебиет үшін де, жырқұмар жұртшылық үшін де, кейінгі ұрпақ үшін де ең алдымен, ақиқат қымбат. Осындай кезеңде өмір сүріп жыр жазған, белгілі бір буынның жалауын желбірете ұстап, ширек ғасырдан астам уақыт өзінің бабында болу Жарасқанға ауыр жүк жүктелгені өзінен өзі түсінікті жағдай. Жарасқан бұл қиын да күрделі міндетті абыроймен орындады.

Жарасқан поэзияға 1971 жылы жарық көрген «Найзағайлы жаз» кітабымен келді де, өзінің өмірі мен өлеңін найзағайлы жаз сияқты жарқылдатып өткізді. Ақын: «Өмір-табиғат. Сол үндестікті сақтай отырып, төрт белесімде — күзгі найзағай, қысқы найзағай, көктемгі найзағай сияқты төрт жинақ шығарамын» — деген екен.

Оның бірде бір жинағы әдеби ортада «найзағай ойнатпай» өткен емес. Ж. Әбдірашев мұрасының дені лирикалық өлеңдерден тұрады. Мұнда лириканың барлық түрі де бар. Сонымен бірге ақын қазіргі замандағы адамзат тірлігі, планета амандығы, экологиялық зардаптардан сақтану, адамгершілік ар-ұят, әдептілік мәселелерін де кең толғап, мол қозғаған.

Қазақ халқының тұтас тарихының тірі куәсі — данагөй дала. Даналық әліппесін үйретіп, даралық дәстүрін қалыптастырған да дала. Тіпті қазақ ұлтының прототипі — дала. Жарасқан Әбдірашев қазақ даласының кешегі, бүгінгі бейнесін тұтас бедерлеу арқылы ұлттың көркем ойлау жүйесін кеңейтіп, ұлт өмірінің біртұтас поэтикалық полотნосын салуға тырысады. Туған жер, халқы мен ана тіліне деген шынайы, мөлдір көңілді ақын «Дала, сенің ұлыңмын» (1975 ж.) атты арнайы кітабында ойы, сыры өзектес жырлар арқылы сарқылмай өрнектеді.

Ақын қиялының қиясы — туған халқының тағдыры. Ол өзінің де, ұлтының да күшті, тіпті құдіретті болуын қалайды. Жарасқан жекелеген тарихи тұлғалардың тағдыры арқылы бүтін бір уақыттың бедерін бейнелеп, сол кезеңдегі шындық шымылдығын ашады да, көпшілік көрініске іс-әрекет үстінде іріктелген, ұлттық сана сарабында сұрыпталған оқиғаларды алып шығып, ұлттық намыс, ұлттық борыш, ұлттық сезімнің сұранысына береді. Төрт түлікпен тізгіндесіп таң атырған ұлттың тыныс-тіршілігін ақын деректі детальдармен дәйектеп, ұлттық психологиямен пернелеп, ұлттық намыспен жанып, ұлттық санамен саралап отырады. Ж. Әбдірашев құпиясының кілті

тақырып тынысымен бірге тыныстап, тамырымен бірге соғуда, лирикалық кейіпкердің сан түрлі сәтін саралай отырып, қарқынды қимылын құрақтауында.

Жарасқанның бүкіл шығармалары ұлттық рухта жазылды. Айтар ойын жасырмай, жарқылдатып тұрып, барынша ашық дауыспен жеткізді. «Қазақ тілі», «Мәңгірт» деген сөз сексенінші жылдардың екінші жартысында тілімізге оралды. Ал Жарасқан сонау 1970 жылы:

Шабыт-тұма ашылмай астанасыз,
Парықты ма күн кешу баспанасыз?
Ұлыларша ұмытып өз ошағын,
Ойлағанда халықтың болашағын,
Қазақ тілін білмейтін қазақтарды,
Көріп бәлкім, ол іштей азаптанды?!
Ал мәңгірттер деп осы ойың қалай,
Мықтылығын қойды ма мойындамай
Аға түгіл, тыңдамай бала да ақыл,
Орнағандай басына заман ақыр...
Қайран ақын безініп бүгінінен,
Болашаққа адымдап бара жатыр, —

деп, немесе:

Кір шалады дей ме шын,
Махамбеттер бейнесі?!
Өжет қазақ, өр қазақ,
Өз тілінде сөйлесін, —

деп, сондай-ақ:

Арызым бар табиғат, айтар менің,
нар ұлдарын еліме қайтар менің.
Қайтар менің еліме нар ұлдарын –
қайтар қайталанбайтын дарындарын! –

деп бұл мәселелерді ақындық рухпен жырлады. Мұны жазған кезде ақын жиырма екі жаста екен. Ал аты атаусыз қалған алаш арыстарын еліме қайтарып бер деп дәл сол жетпісінші жылы қай ақын жазды? Әлихандарды, Ақандарды, Жақандарды, Мағжандарды қайтар деген үніміз сексенінші жылдардың аяғында ғана естіле бастады ғой. Әрине,

Жарасқанның да рухани ұстаздары болды. Соларға иек артты. Дегенмен, «Мағжаншыл ақын» атанған осы Жарасқан ғана. Ұлттық және рухани тәуелсіздік Жарасқан поэзиясының астарлы арнасының біріне айналды.

Жарасқанда ақындардың көпшілігіне біте бермейтін тағы бір қасиет бар. Ол — сатира жанрына да қаламын еркін сілтеді. Эпиграммалар мен шарждан тұратын «Әзілің жарасса» кітабы 1989 жылы жарық көрген. Автордың әдебиетшілермен, ақын-жазушылармен, өнер адамдарымен көп жыл қоян-қолтық араласуының, олардың қаламгерлік те, қарапайым пенделікте мінез-құлықтарын қаламдас һәм замандас көзімен бақылап-байқауының, қалт жібермей қағазға түсіруге талпыныс жасауының нәтижесі деп білеміз. Кітапты құрастыру барысында туған халқымыздың «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деген тапқырлығын темірқазық етіп, үлкенді үлкендей, кішіні кішідей, ал құрдастарын құрдастай сыйлайтын әдебін жадында сақтаған. «Сөз тапқанға — қолқа жоқ» деп анау-мынау айтыс-тартыстан арашалап алатын сөзі мен қалжыңдағысы келгенде кімге де болса қарсы қояр қисынына арқа сүйеген. Сөйтіп, «Әкелерге — наз», «Ағаларға — уәж», «Он бес — о да құрдас», «Құлынтайдай тебіскен» атты бес бөлімге бөлінген.

Әдебиет әлемінде Жарасқан ақынның жұлдызы жанған саласының бірі — эпиграммалары. Соңғы туындысы «Құлпытас» циклінде 255 эпиграммасын енгізген. Ақынның қаламынан туған соңғы туындысы «Құлпытас немесе екі дүние: фәниден бақиға дейін» деп аталады. Осы кітаптың алғашқы беті «Қабірстан қақпасындағы жазу немесе кітапқа кілт» деген өлеңмен ашылыпты. Байқадыңыз ба, Жарасқан «Қабірстан» дейді.

Кез-келген тірі пенденің құлағына сұп-суық боп тиетін, тұла бойын аяз қарығандай түршіктіретін «Қорым мен мазарды» «Қабірстан» деп, яғни ол жерді кешегі өткен ата-бабаларымыз бен бүгінде өтіп жатқан замандастарымыздың қоныс аударып, көшіп барып жатқан жері мен елі деп қарайтын сияқты. Ақын оларды тұрмыс пен түнліктің астынан кетсе де, тірліктен түпкілікті кеткен жоқ деп тұрған жоқ па?

Жарасқан алдымен «Арыстар аманатын» жазып, олардың аузына мынадай сөздер салады:

Кім едік?

Кім болдық біз? Халық таныр!

Әйтеуір ұмтылғанбыз жарыққа бір!

**Марқұмбыз — бәріміз де болашаққа,
Жер деген — Адамзатқа алып қабір!**

Ақын алдыңғы ойын бұрынғыдан да әрі тереңдетіп, бұрынғыдан да салмақтандырып ауырлата түскен. Мойнына түскен қыл бұғаудан, аяққа салынған темір кісеннен арылу үшін біздің ата-бабаларымыздың қай жерде басы қалмаған. Сондықтан сен басып жүрген жердің әр пұшпағы солардың көз жасы, қанымен суғарылып,

сен басып жүрген жердің әр шаршысында солардың сүйегі жатыр. Арғы тек ата-бабаларымыздың сүйегі! Күні ертең өзін де топыраққа айналасың. Солар жатқан жерге сен де барасың. Мәңгілік ештеңе жоқ. Қаншама зерлеп мазар тұрғызсаң да, ол да күндердің күні өткенде жермен жексен болады. Сондықтан да аяғыңды аңлап бас. Өйткені сен Алып қабір үстінде жүрсің! Жұмыр басты пенденің бәріне Арыстар атынан айтылған аманат бұл!

Ж.Әбдірашев өз буынының, яғни «соғыстан соң туғандар» буынының, ту ұстары еді. Қалыптасуы мен танылуы көп қиындықтарға ұшыраған бұл буынның ең мандайалды өкілдерінің қатарына — Кеңшілік, Темірхан, Күләш, Серік, Иранбек, Жұматай, Нұрлан, Шөмішбайлар іріктеліп шықты. Бұлардан сәл кейін келген Несіпбек, Жүрсін, Асқар, Ұлықбектер мен Есенғали, Аманхан, Байботалар поэзия тізгінін өз қолдарына ала бастады.

Соғыстан соң туғандар қан майданнан кейін, жетім қалған бала, жесір қалған ана, елге кемтар болып оралған көкелерінің жандарын сыздатқан мұң-қайғысын, сағыныштың салмағын, «жалыныштың зарлы әнін» жүрегімен сезініп, ерте есейген буын. Өйткені ол Жарасқан айтқандай:

**Соғыс көрген әкелерден — жаралып,
Соғыс көрген аналарды — емгенбіз!**

Тіпті Жарасқанның тұңғыш жинағында жыр-тұмасын тұнығынан шайқап, өмірдің тылсым сырын терең парықтаған жыр-жолдарын он сегіз жасар жігіттің аузынан шыққан сөз дегенге сену қиын...

Ақынның алғашқы жыр жинағы «Тұңғыш кітап» 1969 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрсе, онан бері де «Ақ қайран», «Саяхат», «Найзағайлы жаз», «Дала, сенің ұлыңмын», «Соғыс-

тан соң туғандар», «Перзент парызы», «Досың болғым келеді», «Сана соқпағы», «Құлпытас», «Летние грозы», «Школьный звонок», т.б. жыр жинақтары, таңдамалы шығармаларының үш томдығы, «Парасат пен парыз» атты әдеби сын мақалалар жинағы оқырман қолына тиді. Оның туындылары әдебиетіміздің алтын қорына қосылар өрімі берік, өрісті, көркем дүниелер екені шүбәсіз.

Ол Кеңес дәуіріндегі туысқан республикалар Жас ақындарының бүкілодақтық V (Ереван –1970), VI (Ташкент –1972), VII (Душанбе–1974) фестивалына, Жас жазушылардың бүкілодақтық кеңесіне (Москва – 1975) қатысқан. Ол М.Әуезовтің 100 жылдығына, сондай-ақ Қарабура әулиеге арналған ақындардың республикалық мүшәйрасының бас жүлдегері, Қазақстан Жазушылар одағының Мағжан Жұмабаев атындағы сыйлығының лауреаты болған. Жарасқан Әбдірашев аударма саласында да жемісті еңбек етті. Ол әлем әдебиетінің классиктері – Р.Тагордың, П.Элюрдың, И.Змайдың, М.Бсисудың, Я.Купаланың, А.С.Пушкиннің, А.Блоктың, сосын Н.Доризо, Б.Окуджава, Е.Евтушенко, Р.Рождественский, П.Тычина, С.Нерис, Г.Сарян, К.Драгомир, З. Жаббарзада өлендерін аударған. «Орыс совет поэзиясының қос томдық антологиясын» қазақшаға аударуға атсалысты. Оның аудармашылық өнері хақында белгілі ақын Есенғали Раушанов былай деп жазған еді: «... Оның білімі, әсіресе аударма саласында ерекше көрінді. Бүгінде Жарасқандай талантты аудармашы жоқ».

Оның аударма әлемінің географиясы өте кең еді. Әлем әдебиетінің классик-терінен басқа, ТМД елдері ақындарының ол аудармағаны кем де кем шығар. Балалар әдебиетінің аудармасына да ыждағаттылықпен ден қойып, Агния Барто, Корней Чайковский, Вадим Скомаровский, Юлию Киркелян, Вагиф Ибрагим, Азат Рахмановтарды аударып, назардан тыс қалған салаға қарай қалам тербеп, жаңа бір көзқараспен жасаған бетбұрыс еді. Ақынның ғажайып таланты аударма жанрында да жарқырап көрінгені ақиқат.

Ж.Әбдірашев жыр тынысын нәзік түсінетін талғампаз әдебиет сыншысы да еді. Оның жетпісінші жылдардың басында жазған шағын ғана көгілдір мұқабалы «Парасат пен парыз» деп аталатын сын кітабының қалың оқырман қауымға тез тарауының бір себебі де осыдан болатын. Оның қаламынан туған Сағи, Тұманбай, Қадыр өлендеріне арналған сыни эсселері күні бүгінге дейінгі өзінің маңызын жойған жоқ. Себебі көркемдік дәрежесі жоғары осындай зерттеулер аталған ақындар

творчествосына арналып көп жазыла да қоймаған екен. Ақынның «Ақ сөйлеп, адалына жүгінсек» деген атпен берілген белгілі сыншы Тұрсынжан Шапаймен бірлесіп жүргізген қазіргі қазақ лирикасы төңірегіндегі әңгіме-сұхбаты да әдебиет сүйер қауым арасында да ерекше қозғалыс туғызды. Қазақ лирикасының мәселелерін терең таным-біліктілікпен талдаған бұл сұхбат — мақала да жұртшылық есінен көпке дейін кете қоймайтын шығар. Мұнан басқа ақынның қазақ поэзиясы даму тенденциясының кезеңдері, Б.Күлеев, Ж.Молдағалиев, К.Салыков, Ж.Қыдыровтар туралы әдеби портреттерінен де алатын ғибратымыз ұшаң-теңіз. Демек, Жарасқанның сын жанрындағы көркем-ізденістері де арнайы зерттеудің арқауы болуға татиды және сол арқылы кейінгі отыз жылда әдеби процесс туралы белгілі бір дәрежеде көзқарас қалыптастыруға болады.

Жарасқанның бүкіл шығармалары ұлттық рухта жазылды. Айтар ойын жасырмай, жарқылдатып тұрып, барынша ашық дауыспен жеткізді. Ол шын мәнінде ұлттық рух бостандығының жыршысы еді. Ақын туған ұлтының тілін түсініп қана қоймай түсіндіре де білді. Қалам қуатын заманының жоғына жарата білумен бірге, өз қадамын да нықтап, шеберлігін шындай түсті, тереңнен туған ой сәулесін ұлт ұғымымен үйлесімді ұштастырып, көркемдік көрігінде қорыта білді. Ол қай жанрда қалам тербесе де тебірендірмей, тамсандырмай қоймайтын. Басқасын айтпағанда оның пародия-эпиграммалары қазақтың көркемдік ой-әлемін байытып кетті. Оның пародияны ашу ерекшелігі — жылқы кісінескенше қазақтың жүрегіне әдемі жеткізіп, топырағына сіңдіріп, өнер деңгейіне дейін көтеруінде жатыр. Жарасқанның «Әзілің жарасса» атты эпигармма кітабы тура осындай міндетті көтерген дүние. Мұнда жазушы тұлғасы туралы көркем сыни пікір бар... Ащысы да, тұщысы да, артығы да, кемі де бар, ең бастысы — көзқарас бар. Бұл оңайшылықпен өлең жолына түсе қоятын тақырып емес. «Әсіресе сол эпиграммалары жеке кітап болып басылғаны қазақ сурет өнері үшін де, сатира жанры үшін де үлкен жаңалық болып танылды. Күлдіргі суреттер Еркін Нұразхановпен күлкі көрігі Жарасқан Әбдірашевтің бірлесіп шығарған «Әзілің жарасса» атты кітабы дүкенге түсісіменен жұртшылық таласа-тармаса сатып алғанын өз көзіммен көріп, тандай қаққаным бүгінгідей есімде...».

Жанына жабысқан ауыр дертпен айқаса жүріп жазған соңғы кітабы — «Құлпытас немесе екі дүние: фәниден бақиға дейін» атты жинағында халқының азаттығы үшін арпалысқа түскен М.Шоқай, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев сияқты арыстардың ұмытылмас бейнесін сомдап,

жырдан құлпытас қойған. Бұл бір жағынан ақынның өзіне қойған құлпытасындай сезіледі. Ақын:

Жырларым, жанарыммен қатар сөнбе,
тамшы боп тарыққанда татар шөлде.
«Өмір!» деп өрекіген жүрегімнің,
Жан даусы жаңғырып жатар сенде, –

деп жырлады.

Ақын жаны жақсылыққа ынтық, сұлулыққа құштар, өмірге іңкәр. Адам қайғысы — оның да қасіреті, адам қуанышы — оның да бақыты. Өзінің жеке мүддесінен елдің мүддесін арман-ойын жырлауды жоғары қоя біліп, адамзаттың биік мұраттарын көксеген ақынның азаматтық бет-бейнесі өлендерінен анық аңғарылады..

Ақиық ақынның поэмалары — «Келешекпен кездесу», «Ертеңім менің — ертегім», «Дәуір дабылы» және бас жүлделер мен жүлделі орындарға ие болған «Қарабура», «Ғарасат пен Парасат», «Түркістанға тағым» сияқты топтамалары, «Құлпытас» циклі, «Сортопырақ» трагедиялық поэмасы сияқты құнды дүниелерінің көркемдік ерекшеліктері теориялық тұрғыдан өз алдына зерттеу объектісі боларлықтай шығармалар. Қаламгерлік қуаты поэзия әлемінде анық танылған Жарасқанның өзге әдеби жанрларда белгілі мөлшерде мұра қалдырғаны белгілі. Оның әдебиет сыншысы екендігі және аудармашылығы әлі арнайы сөз бола қойған жоқ, зерттеу объектісіне де айналмады. Ақын классикалық орыс әдебиеті мен украин, белорус ақындары бастаған бұрынғы ТМД елдері поэзиясының өкілдерін түгелге жуық, сонымен қатар үнді ақыны Рабиндранат Тагорды, француз ақыны Поль Элюарды, серб ақыны Йован Змайды, палестина ақыны Муин Бсисуды, Түркия және Болгария, бірқатар Азия-Африка елдерінің поэзиясын да тәржімалады. Сол сияқты ақын қаламынан үш жүзге жуық эпиграммалар туындаған екен. Бұлардың алай-бұлайы жоқ, негізінен сәтті жазылған дүниелер. Бұл мол мұраның да табиғатын жарқырата ашып, оқырман қолына жеткізу — келер күндердің міндеті деп білеміз.

Қорыта келгенде, ақын Ж.Әбдірашев жиырмамыншы ғасырдың екінші жартысындағы қазақ өлең өнерінде өзіндік орны бар, рухани байлығымызды өркендетуге ерекше тер төккен жарқын тұлға есебінде халық жадында мәңгі сақтала бермек демекпіз.



Дәнеш АХМЕТҰЛЫ

ҚАЗАҚ ӨЛЕЦІНІЦ АЛТЫН ШЫРАҒЫ

Орыстың ұлы жазушысы Ф.М. Достоевскийдің «Сұлулық әлемді күтқарады» деген сөзі бар. Жан-жағына ой сәулесін шашып тұрған, мағынасы терең, қанатты сөз. Сонда мұны қалай түсінуге болады? Сұлулық дегенде есіңе бірден кешегі Баян мен Қыз Жібек, Ақжүніс пен Назымдар секілді қасы-көзі қиылған, ақша бет, ай маңдай арулар түседі. Бұл да – әрі табиғи, әрі заңды құбылыс. «Дүниеде не жақсылық, не сұлулық болса, соның бәрі ананың ақ сүті мен күннің нұрынан жаралған» дегенді ұлы М.Горький де тегін айтпаған. Күннің нұры, ананың ақ сүті дегендеріңіз білген жанға тұнып тұрған сұлулық әлемі емес пе?..



Ал сол сұлулықты барынша паш ететін, жер бетінде не іңкәрлік болсын соның бәрін адам санасына шым-шымдап сіңіріп, рухани күшпен сусындататын бір күдірет бар. Ол – мәртебелі поэзия. Тегінде, сұлулық пен поэзия – егіз ұғым. Екеуін бір-бірінен әсте бөліп қарауға болмайды. Поэзия десе, санаңа сұлулық әлемінің киелі нұры төгілгендей сезімді кешесің. Сұлулық десе, жан дүниенің өзгеше ән салып жатқандай күйге енесің. Осы екі ұғымды өзінің жауһар жырларына арқау етіп, іңкәр жүректің ыстық лебін жырмен саялатқан ақындар баршылық.

Солардың бірі және бірегейі – Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Бауыржан Жақып. Бұған дейін өз оқырмандарына әлденеше жыр жинағын сыйлап, өлең өлкесінде ерекше көзге түскен дара тұлға, поэзия айбозы таяуда ғана «Білте шамның жарығы» атты жаңа кітабын қалың көпшілікке тарту етті. Жинаққа ақынның кейінгі кезде жазған, тіпті сиясы кеппеген жаңа жырлары топтастырылған.

Алыс жол жүріп, азығың таусылып, сусының да бітіп, әлің құрып, тандайың кеберситін бір шақтар болады. Жан-жағыңа жетімсіреген көзбен үміттене қарайсың. Әлдебір тұстан, мүмкін болса, жақыннан мөлдір бұлақ кездесер ме екен деген ой жаныңды мазалайды. Шөл қысқан сайын мөлдір бұлақтың суы тіптен қол жетпес арманға айналып, әуелей түседі. Шіркін, сол бұлақ кездессе етті деп, өз-өзіңнен дегбірің қашып, әлденеге асыға түсесің.

«Білте шамның жарығын» оқығанда дәл осындай әсерде боларың сөзсіз. Көптен қолына жөпшенді жыр кітабы түспей, жан дүниесі сұлулық шәрбатына сусаған жан кенет өзі діттеген дүниеге кезіксе, аяқ асты мардымси қалатыны – шындық. Ақынның мына кітабы да өз оқырмандарына сәл кешігіп келген көктемдей, ақ айдыңға асықпай барып қонған аққудай, не болмаса сағынтып барып сән түзеп, құшағыңа құлаған дала гүлі іспетті, түптеп келгенде ақынның түп-тура жүрегінің алтын шырағы секілді. Шам қайда жанбайды дейсіз... Айналасының бәріне шұғыласын шашып жана бермек. Ал білте шамның жөні бөлек. Ол кез келген жерде жана бермейді. Демек, мұнда өзіндік үлкен сыр жатқан тәрізді.

Хакім Абай: «...Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, жоқ-барды, ертегіні термек үшін», – демеп пе еді? Сол сықылды оқырман да кітапты не еріккеннен, не зерікеннен қолына алмайды. Кітап бет-терінен өзіне керекті құндылықты алғысы келеді. Аңсары ауған асылын іздейді. «Білте шамның жарығынан» біз де өзімізге керектіні іздедік және таптық. Ақын жүректің шуағы шашылған жырдан көңілімізде көмескі тартып, жоғала бастаған кешегі күндердің сұлбасын таптық. Былайша айтқанда, білте шамның, май шамның жарығында ентелей алға озып, сарғайған кітап беттерін оқыған сәттерімізбен қайта қауышқандай болдық. Өткен күн, қайта оралмас шақтарға саяхат жасадық. Сонау алыста, көкжиектің құшағында, мұнар көмкерген тұста мәңгілікке елес болып қалған қайран да қайран балалық шағымызға, кітаптан көз алмаған бозалаң кейпімізге

қиял қанатымен сапар жасадық. Өтпелі дүние сынаптай сырғып, моншақтай тізіліп елес береді. «Ай туады, Күн қашады,

Алдымыздан түн тосады» деп басталған өлең енді білте шамға ауысады. Білте шам айналасы қыбыр-қыбыр тіршілікке жалғасады. «Парақтардан әріп теріп», не қилы кітаптар оқылады. «Небір көне кітаптарды оқытқан қара шалдар ара-арасында «Мың бір түнге» де ауысады. Білте шамның жарығымен «Шайқастарды оқығанда, арқа тіптен қоза түседі». Керкұла атты Кендебай, Күн астындағы Күнікей, Жылан Бапы қыздарының өзі неше түнге азық. Қобыланды мен Алпамыс, Ер Тарғын мен Қарақасқа атты Қамбар талай-талай білте шамды тауысады. Білте шамның жарығында оқыған жырлар тіптен желіктіреді. «Қыз Жібектің лебін сезіп, айналасың серігіне. Жылайсың кеп ағыл-тегіл, Төлегеннің өліміне»... Білте шамның жарығы айналасына ғана емес, ақ қағазға шұқшиғандардың жан дүниесіне де жарық құйып, шұғыла шашып жатқандай. Ақын бұл өлеңін өзгеше бір толғаныспен, тебіреніспен аяқтайды. «Өрт боп жанып жалынынан, Соның бәрін қанып ұғам. Қымбат нәрсе жоқ-ау, сірә, Білте шамның жарығынан»...

Қысқарта айтқанда, білте шам несімен құнды, несімен кепиетті? Қастерлі болатыны, білте шам – өмір жолын енді бастаған жас-желеңдердің алдында жанып тұрған алтын шырағы, өмір өткелдерін басып өткен көн тері, көк сақалдардың қиялында өшпей қалған қияндағы сөнбес алауы.

Әдебиет тарихында ғұламалар поэзия туралы сан түрлі ой айтып, неше алуан қанатты қағида қалыптастырды. Ұлы сыншы В.Г.Белинский: «Поэзияның жаны – лирика» деп ой қорытты. Хакім Абай: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, қиыннан қиыстырар ер данасы, Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, жұп-жұмыр, тегіс келсін айналасы» деп ой төркінін төскейден бір-ақ қайырды. Ұлттық сөз өнерімізге ғана емес, күллі әдебиет әлеміне керекті ұлағатты қағида қалдырды. Мұқағали болса: «Қазақтың қара өлеңі – құдыретім» деп өзінше ой өрнектеді. Айтпағымыз сол, әр ірі ақынның өлең туралы өзіндік өлшемі, айтар пікірі болған. «Білте шамның жарығын» оқығанда қазақтың ардакүрең ақыны Бауыржан Жақыптың да өлең хақындағы өз ойы, өз ұстанымы бар екені айқын байқалады. Ендеше, ақын өлең турасында не дейді, жалпы бүгінгі қазақ өлеңі қандай болуы керек?.. Бұған жауапты ақынның «Өлеңім» деген туындысынан көптеп келтіруге болады. Ақынның пайымдауынша, өлең деген – қиуадан шауып, қисынын тауып қиюластыратын аса күрделі құбылыс.

иір-иір еменді иіп қойған секілді.
Дүниеге бір келер хас сұлудың ернінен,
Шөп еткізіп бір рет
сүйіп қойған секілді...
Өлең деген болады,
төгіп қойған секілді,
ешкім көрмес дүниені көріп
қойған секілді.
Өлең деген аққудың ақ мамығы сияқты,
жүрегіннің бар сырын ақтаруы сияқты.
Өлең кейде аспаннан жауған ақ
қар сияқты,
түн қойнында шатырлап
жанған оттар сияқты.
Тас бұлақтың суындай
буырқанып, сарқырап,
мөп-мөлдір боп мөлдіреп,
таудан аққан сияқты...
Қақтаған ақ күмістей,
сақтаған сары алтындай,
не бар екен өмірде, өлең, сенен бағалы?

Осылайша тебіренген ақын жыры енді басқа мақамға ауысады:

Демін тартқан өзендей,
тына қалған өлеңім.
Он сегіз мың ғаламдай,
тұна қалған өлеңім.
Жанарымды жас болып,
жуа қалған өлеңім,
Көз алдымда көктем боп,
тұра қалған өлеңім.
Мен бар жерде – сен барсың,
Сен бар жерде мен бармын,

Ұлы Абайдай бабамнан,
мұра болған өлеңім!

Өлеңді бөбегіндей әспеттеу, алақанына салып аялау деген осы болар. Және өлеңге дәл осындай іңкәрлікпен, шынайы ғашық жүрекпен қараған ақынның жауһар жыр жазуы да – заңды құбылыс. Бауыржан Жақыптың әдебиет әлемінде былайғы жұртқа тез танылуына, ақындық атағының дүркіреп шығуына

үш түрлі себеп бар. Біріншісі – бойына ананың ақ сүтімен туа біткен табиғи таланты, екіншісі – туған жер, өскен ортасы, үшіншісі – шынайы еңбекқорлығы, ізденісі. Айта кетсек, ол Арқат орта мектебін 1980 жылы алтын медальмен үздік тәмамдады. Осының өзі оның болашаққа деген ізденісінің алтын көпірі секілді еді. 1985 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика бөлімін бітірді. Сөйтті де, ары қарай толып жатқан жауапты жұмыстарға араласты да кетті. Бұл саладағы еңбегінің өзі – бір төбе. Алайда қайда жүрсе де, нендей жұмыстың басында болсын, қолынан қаламын тастамады. Соның арқасында 20-дан астам жыр кітабы өмірге келді.

Кім болса да, ә дегенде туған топырағынан нәр алады. Жеміс те құнарлы топырақта өседі. Жерге түскен дән де топырағына, тегіне тартады. Көзіңді ашып көрген, аузыңды ашып сүйген орта қашанда – сенің алғашқы тәрбие мектебің, тәлім алар қасиетті мекенің. Ал Бауыржан өмірге келген жер – тап- таза әдебиет әлемі, ғылым мен білімнің кара ордасы. Бұл – поэзия пайғамбары, хакім Абайдың тірлік кешкен киелі өңірі еді. Қазақта «тегіне тартқан» деген киелі сөз бар. Осындай үрдіс Бауыржан ақынның да басында болған. Ақынның бір емес, бірнеше өлеңінде хакім Абай ғұмыр кешкен атырап, әйгілі Шыңғыстау сілемдері, Жидебай мен Қасқабұлақ, Бөрілі мен Ералының жазығы көрініс берген. Жәй ғана аталып қоймаған, шынайы мөп-мөлдір жауһар жырмен өрнектелген. «Білте шамның жарығын» оқысаңыз, тағы да Абай өмір сүрген ортаға саяхат жасап шыққандай әсерде боласыз. Әр өлеңінен Шыңғыстау шындары қол бұлғап, Жидебай, Қасқабұлақ маңы қол бұлғап, ымдап, өзіне шақырып тұрғандай болады. Кепиетті Шыңғыстау алабы, сайын Сарыарқа атырабы ақын рухының алтын бесігіне айналған. Осы аттас өлеңінде ақын жүрек былайша тебіренеді:

Ақ таңда атқан арай бар,
Көк шалғын дерсің көп ойлар,

Абаймен құрдас ақ шилер,
Тоғжанмен құрбы тоғайлар.
Аспанда туса алтын ай,
Тұрар ма көңіл шалқымай.
Әйгерім аты қойылған,
Шілікті кезең көркін-ай!
...Бәйгеге жүйрік қосқан бел,

Мәреден тұлпар тосқан жер.
Айнасы болып аспанның,
Жарқырап жатыр Оспанкөл.
...Қарауылтөбе, Қарауыл,
Даналар туған дала бұл.

Ақ күмбезінен Абайдың,
Қара өлең болып тарап нұр...
Қосылмас олар өлдіге,
Қазағым үшін төр, міне.
Ат басын бұрмай өтпеңіз,
Әуезов туған Бөрліге...

Бала кезімізде, жайлауда қой үйздеген шақта бір жанға жайлы беймарал шақ туушы еді. Сәл де болса, дүние тауқыметінен босап, еркіндік сезінетінбіз. Сол шақта басқасын қойып, қолымызға қауашағымызды алып, бүлдіргенді сайға қарай беттеуші едік. Сайға жеткен бойда саусағымыз лыпылдап, қолымыз қолымызға жұқпай, бүлдірген теретінбіз. Баданадай-баданадай болып, уылжып пісіп тұрған қалың бүлдіргеннің қайсысын үзерімізді білмей, абыржып та қалушы едік. Сол секілді «Білте шамның жарығына» енген өлеңдерді оқығанда, қайсысына жіп тағып, ой айтарыңды білмей де қалады екенсің. Бірінен бірі өтетін жақсы жырлар жақұттай жарқырап, көздің жауын алады. Ақын қай жерге, кімге өлең арнаса да сол ара өлеңнің алтын шапағына бөленіп, бейіштің бағындай болып, түрленіп, жанданып шыға келеді. «Оралдың ақ түні» өлеңін алып қаралықшы. Мұнда да сол, ақын баяғы кестелі ой, көркем бояуынан еш ажырамайды. Кенет қарт Орал тарихы тірі бейнеге айналып, сан салалы сырын паш етіп, андыздап, атойлап шыға келеді.

...Жанары мойыл қара Төлеген
түсіме енеді,
Талып-талып алыстан естіледі,
Қыз Жібектің ақ боз атының кісінегені...

Түйдек те түйдек ойларды шашып,
Сырым Датұлының үні келеді.
Бөкей ордасындағы қайнарды ашып,
Жәңгір ханның нұры келеді...
...Жұбан ақынның жадымда мың бір өлеңі,
Қайрат Жұмағалидің сыбдыр өлеңі.

Ұшырып жібереді әуеге мені,
Динаның күйінің күмбірлегені,
Ғарифолла әнінің әуелегені.

Бұдан ары карт Орал өз тарихын айтуды одан әрмен жалғастыра түседі. Жауған ақ қар Абдолланың өлеңіндей сезілсе, сіркіреген ақ жауын Қадыр жырының сиқыры, өлең оқыған Тайыр ақынның күркіріндей болып та сезіледі. Орал не көрмеді дейсің...

Сонау соғыс жылдары,
ауыр-ауыр составтар басып
өткен Орал.
Талай жас өрімді ғашық еткен Орал,
Майданға Қасым өткен Орал.
Майданға кеткен белгісіз жігіт-тің,
Ботадай боздап беймәлім қызы
қалған Орал,
Нобель сыйлығын алғанда,
Шолохов құс атып жүрген күзі
қалған Орал,
Ұлы Пушкиннің ізі қалған Орал...

Қазақтың ең бір киелі, алтын бесік санатындағы жері – Семей өңірі. Қазақтың әдебиет пен тарихындағы орны бөлек алыптардың біразы осы өңірде дүние есігін ашқан. Сондықтан да ақынның Семей турасында ағынан жарылып, ақтарыла жыр жазуы заңды.

Өзіңменен биіктейді еңсем де,
Он бір буын, төрт тармақты өрейін.
Киелісің – Алаш рухы бар сенде,
Шабытымның қайнар көзі – Семейім.

Ақын осылайша толқып, тебіреніп келеді де, Семейдің поэтикалық картинасын жасайды. Көз алдында арнасында дөнбекшіп, буырқанып, Ертіс өзені ағып жатады. Жағалауын жап-жасыл орман көмкерген арбат аймақ үнсіз көз арбайды. «Сол баяғы паравоздың айғайы, Сол баяғы составтардың солқылы» құлаққа естіледі. Кемесі жоқ айлақ бір сәт жалғызсырап, жетімек күй танытады.

«Қазақ әдебиеті» газеті,
12.11.2022



**Жабал ЕРҒАЛИЕВ,
жазушы-драматург,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері**

**МҰНАР ДА МҰНАР ДҮНИЕ...
Ақын Манарбек Қыдырбайдың
шығармашылығы жайлы
ой-толғау**

**Сәні кетті-ау қорқау толы ортаның,
Сол себепті жалғыз өзім жортамын.
Шын мәнінде достарым көп ақпейіл,
Бірақ олар адамдар ғой...
Қорқамын!
(Манарбек Қыдырбай,
«Жұпарлы жаңбыр» кітабынан).**

Күдіретті де қасиетті поэзия әлеміне саяқ жүріп, жалғыз өзі жорта жүріп келген осы бір ақын жігіттің жүріс-тұрысындағы бір кербездікті байқай отырып, «бұл не қылған керім-кербездік екен?» деп сынай да қараған, ойлана да қараған кезім болды. Жас қой, бәлкім, жастықтың желігі, енді-енді бүр жара бастаған ақындықтың көктем лебі де бар, ол да қуаттандырып, қанат бітіріп, желпініп жүретіні содан шығар деп ойлағанымын. Манарбектің бәйге алаңы мына мұнар да, мұнар кең дүниенің шексіз, шетсіз алабы! Сол шексіз де шетсіз дүние алабын жыр апшысымен қуыруға ақын Манарбектің ой әлемі, жүрек сезімі, көңіл қиялы жетер ме екен?! Осыны ойладым да, ақынның

қолымдағы «Жұпарлы жаңбыр» жыр кітабын ұзақ уақыт қайыра-қайыра оқумен болдым. Ақынның әр жырынан ой іздедім! Таптым!

Өлең аулап тасқа біткен қынадан,
Шөл қандырдым тылсым қайнар
тұмадан.
Сұлу ойға шомылдырдым санамды,
Жүрегімді алшақ ұстап күнәдан.
Көздерімді Күн нұрына өптірдім,
Мандай терді ақ самалға кептірдім.

Құба таңнан тауды жортып
торымен,
Кеш батқанда өлең аңқып кеп
тұрдым...
(«Өлең болып туармын», 59- бет).



Манарбек Қыдырбай

Осы бір «Өлең болып туармын» атты алты шумақтан тұратын Манарбек ақынның жырынан оның өз айналасындағы бар жаратылысты көкірегіне қондыра білгендігі және сол көкірегінде жатқан әлемнің тылсым сырынан үн мен әуез естіп, кез келген адам баласы көре де алмайтын мұнар да мұнар дүниенің бояуын да, ойын да, мұңы мен қасіретін де, махаббаты мен ғадауатын да жүрек көзінің жыр тілімен жеткізуге ұмтылған ойының жүйріктігін аңдадым.

Әманда ақын ойы суреткерлікке ұласып, ұштасса игі! Ақын Манарбектің жалпы суреткерлігі, өз айналасындағы тіршілік атаулының жайы мен күйін жыр полотносына сөзбен салуға келгенде ой бояуын қанық әрі әрлі етіп түсіре алатын өзіне тән шеберлігі бар.

Найзағайымен аластап теген көкті,
Меруерт моншақ шашудай
себелеп өтті.
Жұлынған гүлдің жанарын
жаңбыр шылады,
Жуынған гүлдің жамалын
көбелек өпті.

Бір ғана сәт себелеп өткен жаңбырдың құдыреті мен қасиетін суреттеуге келгенде ақын қиялы қиядағыны шалады, сол жаңбыр жүлған гүлдің жанарындағы жасты көреді, сол жаңбыр жуған гүлді өпкен көбелекті көреді және де:

Шудалы бұлтты аспанның
күркірін алып,
Бусанды дала жаңбырға
кірпігін малып,
Сырғалы гүлден сырғыған
тамшымен бірге,
Кеш кемеріне құлады бір күнім ағып...
Кеш кемеріне құлады бір күнім ағып! –

деп ақын Манарбек мұнар дүниенің адам баласының басынан «сырғыған тамшымен бірге» сол тамшыдай болып өтіп бара жатқан өмірдің, кетіп бара жатқан уақыт керуеннің көшін қимастықпен «кеш кемеріне құлады бір күнім ағып» деп екі қайталап күрсінеді де, сенің де жүрегінді шымыр еткізеді.

Бүгінгі бұлыңғыр заманның адам көңіліндегі ала да нала бұлттын ыдыратып, көк аспанда жарқ етер күннің жарық сәулесімен

нұрландыра алатындай қасиет бар ақын Манарбектің жырында.

Қиялым бар көкті кезген қырандай,
Қос жанарым қарашығы бөрінің, -

деп өз болмысын әйгілеген Манарбектің кез келген ақын байқай да, көре де білмейтін өмір ақиқатын ертеректеу сезініп келе жатқан жайы бар.

«Бірін-бірі талап жеген пенденің» («Ақтабан», 20-бет) осы күнгі тіршілігін сезіне біліп, «Адалдығын итаяққа сатпаған» (Ақтабан», 19-бет) хаюанның тіршілігінен артық көретін ақын жанының мұңға батып, сыр шертер сәт-терінде тербелер де, тебіренер де кездері аз емес-ті. Өйткені Манарбек ақынның жүрек түпкірінде мәңгілік тербеліп бір сағыныштың жатқанын аңдау керек.

Жүрек түпкірінде мәңгілік тербеліп жатқан сол сағынышын көкті кезген қыран қанатының қиялымен өзінің туған топырағына қондырып, бөрінің қарашығындай қос жанарымен балалықтың іздерін шарқ ұрып өткен күндерден іздейді. Биіктен сөйлейді, асқақтай сөйлейді, адал сөйлейді ақын жүрегі.

Жаннаттай жанға жайлы ұйық мекен,
Өрісің арқар-құлжа, киік-бөкен.
Кіндік қаным тамған жер, беу,
Делуін,
Мен сені бар ғаламға сүйікті етем! –

дейді ақын Манарбек! Айтса да, жырласа да өзі туған мекенінің бәсін арт-тыра сөйлеп тұрған ақын үнінен әлдебір қыранның шамырқанған да ширыққан мінезін («Туған жер», 39-бет) аңдауға болар еді. Манарбек ақында қыранның алғыр мінезі болмаса, жаны да, ойы да кіршіксіз таза болмаса, ол мынаны: «Кіндік қаным тамған жер, беу, Делуін, мен сені бар ғаламға сүйікті етем! – деп айта алар ма еді деп ойға қалдым.

Ми қатпарын меңіреулік жаулаған,
Мезі қылды, екі жүзді дау қоғам.
Жансарайы ұқсамайтын ешкімге,
Сырт келбеті Көксеркеден аумаған,
Мен де бір күн...
Өр тұлғалы тау болам!

салып, ақын жүрегінің сырына қайра бір құлақ түрелікші. «Жансарайы ұқсамайтын ешкімге» өр тұлғалы тау болғысы келетін ақын Манарбектің бар жан дүниесі, бар бітім-болмысы да өз туған жерінің құнарлы топырағынан нәр алып, таза ауасы мен кәусар бұлағының тазалығындай мөлдірей жаралған адами келбетін таныр едік.

Осы күні қулығы мен сұмдығы жоқ, жаны да, ары да таза, ой-өресі биік те терең жан баласы болса, сол жалғыздықтың күйін кешіп өмір сүрмек. Бәлкім, мына екі жүзді қоғамнан мезі болып, жалғыздықты сезіне бастаған мұнар дүниенің Манарбек ақынның өр тұлғалы тау болғысы келетіні де содан шығар!..

Ақын Манарбектің дүние кеңістігінің адалдығы мен тазалығын, мейірімі мен жақсылығын тек өзі туып өскен туған жерінен іздей беруінің де сыры тереңде жатыр екен.

Өткен күн елесі санамда,
Мен кеше боз жусан даламда.
Бабамның салтымен күн кешкем,
Киіз үй дейтін ғаламда.
Өткен күн елесі миымда,
Мен кеше жүрсем де қиырда.
Дәстүр мен салтымды бермедім,
Замана соқтырған құйынға, –

дегенді айта білген ақынның («Жадымдағы жаңғырық», 42-бет) «киіз үй дейтін ғаламда» дүние танымы қалыптасқандығын ескерсек, енді ол адамның да биіктігіне, аспанның да биіктігіне қиял көзін киіз үйдің шаңырағынан көкке көз сала отырып іздейтін болады.

Түндігі түрулі киіз үйдегі жүк аяқта жатып, күн сәулесінің жарығы мен жылуынан қуат алып, туырлығы түрулі киіз үйдің саумал самалының иісі мен лебіне желпініп өскен Манарбек ақынның ендігі жыр ғұмыры жұмақ жер, жұмақ жыр болып жалғаса берері бар. Мұны ақын өзі айтады:

Айнакөлге шомылғанда Ай мүсін,
Жалын жүрек алақанын жайды шын.
Ақ отау деп ақ қағазға қондырдым,
Алып қашып жасын жырдың
Ләйлісін.
Пырақ жырға қарғып мініп
бұлт астым,

Арасында жүрсем дағы кіл қастың.
Сауық құрып сексен көлде сенделмей,
Сауырына өлең өрдім Пілтастың!
Баураса да жер шоқтығы көркімен,

Айықпадым жұмақ жырдың
дертінен,
Қанжар қанат қыран ұшса елтемін,
Қанат қағып Бөлектаудың бөркінен!
(«Жұмақ жер-Жұмақ жыр»,
46-бет).

Көкше даласының апшысын қуырып, шаңын көтере шабар ой-қиялы Құлагер тектес жүйрік ақын Манарбек Оқжетпестің биігінен қыран болып саңқылдап, кербез Көкшенің қайыңы мен қарағайының әр бұтағына байланған жапырақ сылдырының сыры мен сұлу Көкшенің сексен көлінің айдынына қонған аққу құстың сыңсыған махаббатын жүрек тілімен жырлай берері анық. Біз соған тілекшіміз!

...Мұнар да мұнар мына дүниеде қыран қиялды, тұлпар шабысты, бөрі жанарлы, «итаяққа» адалдығын сатпайтын текті Манарбек Қыдырбай атты ақын бар! Зер сал, тыңда ғалам!

«Қазақ әдебиеті» газеті,
26.06.2023

**Нұрлан
СӘРСЕНБАЕВ,
этнограф,
әдебиеттанушы**



ҚАЛАМ ҰШЫНДАҒЫ ҚАТПАР МҰҢ
Ақын Нұрлан Оразалин поэзиясы туралы толғаныс

Тарихтың көш керуені талай-талай ұлылар мен таңғажайып таланттарды бізге сыйлады. Арғысын айтпасақ та таяу заман қазақ әдебиет тарихының дамуына үлкен бұрылыс жасаған, ұлы ойшыл, кемеңгер ақын Абайдан кейін де өлең өнеріміздің маңдайын жарқыратып, бағын ашып, мәртебесін биіктеткен Мағжан, Қасым, Мұқағали, Төлеген, Жүмекен қатарлы біртуарлардың төл поэзиямызға келіп қосылуы – табиғаттың ұлтымызға тарту еткен үлкен сый-құрметі болса керек.

Өнерге дара таланттар сирек келеді, тек тарих сынағынан сүрінбей өткен, нағыз халық бағасын алғандар ғана ақын, жазушы болып жұлдызы жарқырап, маңдайының бағы жанады. Міне, сондай маңдайының бағы жанған, поэзия сынды ең күрделі тіл өнерінің ұлы көшіне келіп қосылған таланты ақындарымыздың бірі – Нұрлан Оразалин.

Нұрлан Оразалин қаламынан көптеген көркем дүниелер туды. Әр жылдарда «Беймаза көңіл», «Көктем көші», «Жетінші құрлық», «Адамзатқа аманат», «Құралайдың салқыны», «Ғасырмен қоштасу», «Сырнайлы шақ», «Қоздағы шок», «Нұрлан Оразалин таңдамалы туындылары» (үштомдық жыр жинақ) атты жыр кітаптары мен «Азаттық айдыны» атты

көркем-публицистикалық эссе-толғаулар кітабы жарық көрді. «Шырақ жанған түн», «Тас киіктер», «Ақ құс туралы аңыз», «Бойтұмар», «Қарымта», «Қилы заман» (М.Әуезовтың аттас шығармасының ізімен жазылған), «Бастықтың бір күні», «Қара қазан ғасыр», «Көкемнің соңғы кеші» қатарлы драмалық шығармалары жарияланып, халық алқауына бөленді. «Ақ құс туралы аңыз» атты драмасы Россия, Корей, Үнді жерлерінде өткен халықаралық театр байқауында жүлдегер болды. «Қилы заман» пьесасы Мұхтар Әуезовтың 100 жылдығына орай өткен театр фестивалінде «Ең үздік туынды» жүлдесіне ие болды.



Нұрлан Оразалин

Нұрлан Оразалин көркем сын мен көркем аударма саласында да жемісті еңбек етіп келеді. Ол әр жылдарда әдебиет пен өнер мәселелеріне арнап, талдау мен танымды сипатты көлемді мақалалар, портреттер, эссе-толғаулар жазды. Шетелдің даңқты

жазушыларынан «Жанкешті сапар» (роман), «Ана жүрегі», «Бір ендіктің тынысы», «Зайтүн толы құмыра», «Дабыл» қатарлы драма-песаларды қазақ тіліне аударды.

Ақынның «Шырақ жанған түн», «Құс туралы аңыз» пьесалары орыс, украин, қырғыз тілдеріне аударылса, өлеңдері орыс, қытай, француз, ағылшын, украин, болгар, түрік, молдаван, қырғыз, өзбек тілдеріне аударылды.

Өлең жазғандардың бәрі ақын бола бермейді, нағыз ақын ұзаққа дара шапқан тұлпар секілді, үлкен-үлкен бәйгелерге түсіп, бағы сыналады.

Нұрлан Оразалин қытай қазақтарына да атағы кең жайылған ақын. 2004 жылы тамызда «Шинжаң жастар-өрендер» баспасы жанынан Нұрлан Оразалинның «Ғасырмен қоштасу» атты тандамалы топтамасы қалың оқырманмен қауышты. Жинақтың беташар сөзінде: «Қытай оқырмандарына есімі жақсы таныс, қазақ өлеңдерінің жиырмасыншы ғасырдағы көрнекті өкілі Нұрлан Оразалинның бұл кітабына енген әр жылдарда жарық көрген «Адамзатқа аманат», «Құралайдың салқыны», «Ғасырмен қоштасу» атты жинақтарынан іріктеліп алынған тандамалы өлеңдері.

Адамзат баласының ұлы тарихына өзінің айбынды мінезімен, айдынды қасиеттерімен қалар ұлы дәуірге тағзым жасай отырып, ақын ғасыр тудырған аламан ойлар мен сұрапыл сезімдерді; киелі ұғымдар мен дүниелік танымдарды өз жүрегінің сезімдік талғамы арқылы жалпақ жұртқа жария етеді» деген тамаша баға жазылған.

Нұрлан өз өлеңдері арқылы қырғыз халқының әлемге әйгілі жазушысы Шыңғыс Айтматовтың назарын аударған шоқтығы биік ақын. Қытайда басылым көрген осы жыр топтама кітапта Шыңғыс Айтматовтың «Ғарыш мінезді жырлар» (Шыңғыстың 1997 жылы наурыздың 17 күні «Құралайдың салқыны» атты Нұрланның жыр жинағына жазған алғы сөзі) атты керемет мақаласы да енгізіліпті.

Нұрлан Оразалин қазіргі заман қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, әрі поэзия жанрының дамуына ерекше үлес қосқан ақын. Оның жазған тамаша шығармаларына заманымыздың әйгілі қалам қайраткерлері өз бағаларын беріп, сүйінішін білдіріп отырған.

Ұлы суреткер Шыңғыс Айтматовтың «Міне, ақынның «Құралайдың салқыны» атты жыр жинағын оқу үстінде тағы да сондай бір өзге әсер құшағында отырмын. Қолжазбаның әр жаңа бетін ашқан сайын маған бір таныс сезім қолын созатындай. Дүниелік құбылыстарды өзінің жүрегі мен ойы арқылы өткізетін ақынның жырларын толқымай оқу мүмкін емес.

...Жұдырықтай жүрегі бар жұмыр басты пенденің қай-қайсысына да тән осынау философиялық тебіреніс пен сезім иірімдерінің өзгеше суретін салған, өлеңмен қиыстырып ой өрген жолдарға еріксіз риза боласың. Ақын қуанса шын қуанып, мұнайса шын мұнаяды. Оның бір жырынан екінші бір жырға көшіп отыратын лирикалық кейіпкерінің жан-дүниесіндегі толқыныстар ауыл, аймақ, керек десеніз, кейде ұлт пен ұлыс шекарасынан шығып, жалпы адамзаттық толғаныстар кеңістігіне көтеріледі. Ол аспанмен тілдесе де, жермен сырласса да, бір қызығы, сені досыңмен, ең жақын, ет бауыр туысыңмен сөйлестіргендей, тілдестіргендей ерекше бір халге бөлейді» деген пайымдауы-нан Нұрлан Оразалин поэзиясында ұлттық рух, ұлттық бояу, ұлттық сана-сезім қатарлы белгілердің тереңге тамыр тартып жатқанын байқауға болады.

Өз заманының ең маңдай алды сөз зергері Ғабит Мүсірепов ақсақалдың 1984 жылы Нұрлан Оразалин поэзиясы жайлы «...Оразалин ақындықтың, поэзияның небір терең сырларын, нәзіктігі мен от жалыны, шуағы мен нөсері барын сыншыларымыздың бірде-бірі айта алмағанын мағыналы, мәнді түрде айтқан» деген жоғары бағасынан Нұрланның қай деңгейдегі ақын екенін аңғаруға болады.

Нұрлан Оразалин қырық жылдан астам уақыт киелі жыр дүлдүліне мініп, алыстарға сапар шегіп, туған халқына қымбат бағалы асыл мұраларын тарту етті.

Дүние қазағына аты әйгілі ақиық ақын Олжас Сүлейменов 2007 жылы Нұрлан шығармаларына тебірене отырып былай жазған екен: «Менің пайымдауымда, Нұрланның шығармашылық әлемі ұлттық поэтикалық кенін дәстүрімізбен батыс, шығыстың озық үлгілі поэзиялық мектептерінің жарасымды үйлесімнің жемісі».

Міне, осы сияқты толып жатқан бағалар қалам қуаты күшті ақынның батыс пен шығыстың озық үлгілерінен пайдаланып жаңа стиль жаратқан, беделі биік ақын екенін дәлелдейді.

Нұрлан Оразалин поэзиясының бас-ты қасиеті үлкен ой мен сыршылдықты ұштастыра отырып, адамдар жүрегінің нәзік сезімінің пернесін тербеп, ұлттық рухтың алауын маздатып, өз оқырманын желпіндіретін күшті лирикалық қуатқа ие. Оның қай жырын оқысаңызда ақынмен бірге көңіл-күйің толқып, тербеліп, тәтті қиялдарға бөленіп алыс сапар шегесіз.

Кеудемде күй толғатқан бір ағын бар,
Сағынар салқын дала, жыра, құмдар.

Сөзім бар айтылатын,
Ойым – қалың,
Ғасырым!
Саған қояр сұрағым бар.
Сұрағым...
Сауалым көп қарақұрым.
Кетірем қалай, қайтып сана кірін?
Арманды тұншықтырып ақша, мансап,
Күрсінсе, көкіректен тамады ірің.

Сөз өлді...
Үрей қонды...
Көнді дене...
Жағаға біз көрмеген келді кеме.
Тіршілік табадайын қуырып тұр,
Теңеймін оттан өзге енді неге?!

Нұрлан халқымыздың тарих-шежіресін жетік білген кемелді ақын. Мұның нақты дәлелі – оның шығармаларындағы ел тарихы, жер тарихы, салт-сана, әдет-ғұрыптарды суреттеулерінен ата тарих тұрғысынан білімінің мол екенін байқаймыз. Қаламгердің 1985 жылы қыркүйекте жазған «Оба түбіндегі ой» атты толғауына назар салайық.

Ерте...
Елес күннен сақталған,
Жыраулардың жырларымен жатталған,
Кітап шығар оқылмаған бұл оба,
Қалып қойған Ғұндар менен Сақтардан.

Он сан ғасыр
Жырлай-жырлай жақ талған,
Байрақ ұстап, Алтай басып, аттанған.
Көк Түріктің көзі ме әлде бұл оба,
Тақымында талай тұлпар аттаған?

Жүйріктері желдей есіп самғаған,
Оңы-солын «өрттей қаулап, жалмаған».
Хазарлардан қалған сөз бе бұл әлде,
Ғасырларды ғасырлармен жалғаған? –

Үйсіндер мен Түркештердің көзі ме?
Құмандар мен Қыпшақтардың өзі ме?
Ел бірлігін қорғай жүріп, қалдырған,
Өткендердің келер ұрпақ тезіне
Абыройлы сөзі ме?

Жұмсам көзді жаңғырады күнде ойым:
Дәуірлерден талып жетер үндейін.
Моғолдардың естілердей сарыны,
Түгендеген теріскейі, күнгейін.

Кім сенеді!?
Нанады кім мұңыма?
Уақыттың ұрпаққа артар сыны ма?
Мынау Оба – Аспараның азасы,
Ноғайлының тастап кеткен мұңы ма?

Өлмеу үшін өмір атты тасқында,
Жасырынып сексеуілге, тас, құмға.
Жатқандайын бір халықтың өткені,
Осы обаның орда тігіп астында.

Міне, осылай жалғаса беретін өлең шумақтарын оқып отырып, қазақ халқының арғы тегін құраған Ғұн, Сақ, Үйсін, Түркеш сияқты дала мәдениетті ұлыстардың сахарадағы тіршілігі, күн көрісі, орда тігіп, хандық құрып дәурендеген шақтары, сан ғасырдағы үркін-қорқын, алапатты соғыс, босқын болып, торғайдай тозған ел тағдыры, т.б. аңыз, деректерді ұғынамыз. Ұлтымыздың тарих-шежіресі деген, міне, осы. Бейне ғұлама қарт тарих ғалымының өз оқушыларына ата тарихымыздан дәріс беріп жатқандай сезімге келесіз. Мысалы:

Қып-қызыл шоқ...
Көңілімде – жан бабам,
Найза ұшында болашағын жалғаған,
Қара обадан қол созардай ашулы
Ұрпағына оты лаулап жанбаған.

Мезгіл жетіп, шөгерілген түйесі,
Қай дәуірдің, қай заманның иесі?
Қозын үрлеп, кейінгіге дем беріп,
Қорғап-қоршап жатқан елді киесі,
Мынау оба қай ғасырдың иесі?

**Нұрлан, міне, осындай ел жадында әлдеқашан ұмыт болған,
көмескі жатқан көп тарихтың көздерін қазбалап, талай
ғасырдың алдында әлдеқашан бел асып кеткен ата-бабалардың
көш керуенін ойыңа салады.**

**Қай дәуірді өлең-сөзбен өрейін?
Қай дәуірді жырмен жебеп көрейін?**

**Қай дәуірдің тағзым етіп алдына,
Өр көңілдің отын жағып берейін?**

**Уақыттың шекері мен балына,
Сап-сап, көңіл! Алданбағын! Налыма!
Қай заманнан тамырымды таратып,
Қай заманның жармасайын жалына?**

**Нар тәуекел! Жөнсіз неге жасимын?
Естимісің, көкірегімде тасиды үн.
Мың-мың жылдық өмірімнің үзiгi,
Беу, қара оба!
Отымды үрле,
Алдыңа кеп бас идім, –**

**деген өлең шумақтарынан ақынның сөз зергерлік талантына бас
несің.**

**Міне, осындай сұлу жырды тасқа таңба басқандай кітап бетіне
түсіріп жазу арманы биік, мұраты мықты Нұрлан сынды
мұзбалақ ақынның қолынан келсе керек.**

**Ақынның «Оба түбіндегі ой» атты толғауы XX ғасырдағы қазақ
ақындары жазған поэзиялық шығармалары сахара мәдениеті,
ұлттың рухы сіңдірілген, ата-бабаларымыз өмір сүрген дәуірдің
ен-таңбасы басылған, бір романның жүгін арқалаған, шоқтығы
ең биік үздік туынды деуге әбден хақылымыз.**

**Ғұлама Жүсіп Баласағұни «Парасат қайда болса, ұлылық сонда,
білім қайда болса, биіктік сонда», - деген екен. Нұрлан өз білімі,
өз парасаты, өз биігі арқылы өз замандастарынан мойны озық,
иығы биік қалам қайраткеріне айналды. Ол халқының
тандаулы ақыны болу сынды парызын өтеу үшін өмірдің күнгей
жағы мен теріскей жағын бірдей суреттей білді.**

**Тура айтқанды тумысы теріс демен,
Ақындарды бастайды ер іске өлең.**

Бәріміз де адамбыз, періште емес...
Қалай? Қайда бармақпыз керіспенен?!

Қай асуды алмақпыз, қай биікті?
Жанжал мен дау шаршатты, қайғы ұйытты.
Көріп тұрып көрмейміз шын асылды,
Жабы дейміз төгілген сәйгүлікті.

Ой мен сезім жаңғырып, жиі алмасқан,
Тірлік – арман айдыны, қиял – дастан.
Көріп тұрып асқарды көрмеген боп,
Биік дейміз төбені ұялмастан, –

деген шумақтарынан адамзат пендесінің алауыздық, береке-сіздік, күнdestік, көреалмастық, қызған-шақтық, екібеткейлік, тоғышарлық, топастық, надандық сияқты толып жатқан құбылмалы, жағымсыз мінездемелерін дәп басып айтады. Ақын болудың ұлылығы да қара қылды қақ жарып, ақиқатты дәл айта білуінде болса керек.

Әдебиет сынының алыбы Белинский «Бір ұлттың ақыны болу үшін бір ұлт азаматы болу керек. Өз ұлтының рухының өкілі болу керек» деген парасатты талғамын тектен-текке айтпаса керек. Ұлттық рух – әдебиетіміздің жан тамыры. Ұлттық рухы болмаған әдебиет өлі әдебиет. Өсер қаламгерде ойлы көзқарас, өміршең ұлт рухы, биік мұрат болу керек. Сондай ұлттық рухты жан-дүниесінде терең ұялатқан ақындардың бірі – Нұрлан Оразалин. Ол бейне ұлы даланың дана, кемеңгер қарттарындай ата-бабаларымыздың тарих-шежіресі туралы былай сыр шертеді.

Жан алысып, жан беріскен кезім боп,
Қара көрік ғасырларым...
Көзінде – от...
Ала құйын заманалар күркіреп,
Бас көтеріп, сөйлейтіндей безілдеп...

Бабалардың бірі – батыр, текті, ірі,
Бірі – дауыл,
Бірі – жауын,
От – бірі,
Жасқанбастан байтақ үшін бас тіккен,
Ақ сүңгі мен ақ семсердің өткірі, –

деген өлең шумақтары оқырмандардың жан-дүниесін тербеп, аруаққа айналған ата-бабаларымыздың рухын биікке көтеріп, олардың батырлығын, тектілігін, ірілігін, ерлігін әлемге жария етіп жар салады.

Жігер, намыс жұмылдырған тілек бір,
Өткендердің бәрі – жайсаң, жүректі ұл.
Әлі күнге Алашымның аспанын,
Сеземісің, аруақтарым тіреп тұр.

Ақын осындай керемет өлең шумақтары арқылы тарих қатпарынан сыр шертіп, сонау замандарда өткен ата-бабалардың киелі аруақтарын аунатып, өз оқырмандарын ойландырып-толғандырып, олардың ұлттық рухын жетілдіріп отырады. Міне, бұл нағыз ұлттық рухтың Нұрлан поэзиясына терең тамыр тартуы болып табылады.

Дара талант иесі Ғабит Мүсірепов «Халық тілінің байлығын игеру – зор талғам, парасат тілейтін жұмыс» деген салиқалы көзқарас айтқан еді.

Дүниедегі бар өнердің ішіндегі ең қиыны – сөз өнері. Суреткердің сөз қолдану шеберлігі оның мәдениет деңгейі мен талантын әйгілейді.

Көркем шығарма тілінің басты ерекшелігі образдылығы, дәлелдігі мен ықшамдылығы, сезімдік бояуының күштілігі, музыкалылығы қатарлы бірнеше факторларды өз ішіне қамтып жатады.

Нұрлан халықтың сөз байлығын талғаммен қолданатын таза тілді, дара стильді ақын. Ол тіл мәдениетінің дамуына ерекше мән беріп, жас ақындарға мықты тәрбиеші болып, үлгі, өнеге көрсетіп келді. Енді ақынның «Құралайдың салқыны» атты жырына кезек берелік:

Көңілдерде жаңылып ән ырғағы,
Қан да салқын тартқандай тамырдағы.
Қан жылады жүрегім...
Үсік ұрған
Табиғатты көргенде мамырдағы.

Қатал қандай?!
Апыр-ай, аспан мына...
(Бір алапат ішінде басталды ма?!)
Шие ағаштың бүртігі бүрісіп тұр,
Ұқсап анық тұл жетім – тастандыға...

Осы шумақ өленде табиғат пен көңіл-күйді біріктірген тіл шеберлігі, нағыз ақынға тән шабыт, күшті лирикалық сілкініс мен мұнда лап тұрады.

Баулар, қара! Майысып төгеді мұң.
Суық ұрды даланың көк егінін.
Таулар үнсіз мүлгиді... Көкіректе –
Құралайдың салқыны деген ұғым.

Жалап-жұқтап ой-қырды биыл қатты,
Құралайдың салқыны қиындатты.
Жаратылыс заңы ғой... Дегенменен,
Үйлесімнен бұзылған миым қатты...

Жанарыңда аспанның жасы кепкен,
Жылдың жасыл қашан да басы – көктем.
Құралайдың салқыны... алда – маусым,
Шуақ сыйлап, пендесін ғашық еткен.

Осылай жалғаса беретін өлең шумақтарын оқып отырып, «Поэзия әлемінің қат-қабат жұмбақ сыры, нәзік иірімі еріксіз өзіне табындырар тылсым күші Нұрлан өлеңдерін оқыған сайын сезіліп, ақынның бүкіл ішкі әлемін алдымызға жайып салады... Көз алдымызға жаны мазасыз, сезімі алаң тұлға келеді...» деген Рымғали Нұрғали айтқан баға ойымызға оралады.

Ұлтымыздың маңдайалды ақындарының бірі Қадыр Мырзалиев «Пендешілік төбесінде отырған адам түк көрмейді, шоқтығы биік нәрсе көру үшін адамгершілік тауына шығу керек», - деген екен.

Мен Нұрлан Оразалин жырларын оқып отырып, оның пендешілік төбешігінен әлдеқашан озып, адамгершілік тауына шығып отырып, қол жеткізген ақындық талантына тағзым етіп, кемеліне келген парасатты көзқарастарына құштар болдым.

Жинақтап айтқанда, Нұрлан поэзиясында үш түрлі қасиет бар: Біріншісі – оның ойшылдығы; Екіншісі – адам жанын баурайтын сыршылдығы; Үшіншісі – ұлттық рухтың оның жырларында терең тамыр тартуы.

Атақты әдебиет сыншысы Зейнолла Қабдолов: «Әр адам – зерттелмеген кен, оны зерттеу керек. Зерттеп қана қоймай, сол кеннің көзін ашу керек», - дейді.

Нұрлан Оразалин поэзиясы, әне сондай, қатпары қалың, зерттелмеген кен іспетті.



**Сұраған
РАХМЕТҰЛЫ**

АЙ ТАҢБАЛЫ АРҒЫМАҚ

Ай астындағы сапар...

Поэзияда бар ескірейтін бір сүгірет – Ай бейнесі. Қазақтың қара өлеңінде Ай тіпті көп. «...Ай қабак, алтын кірпік – қызыл ерін... Кел десең неге аяйын аттың терін...». Аллитерация (allittera) – тым шым-шым ғайып үндестік. Аспан – түнгі түсімен сарқылмай түгел сақталып қалған қазақы пайым, әлде – жадтағы самала... Ғалым Жайлыбай ақындағы боз даланың сербегіне ілулі Айдың іңіретті сүгіреті осылай сезілмек! Ұлан-ғайыр мұнар басқан байтақтың баялышты уысында жайылған жылқы жануарлардың жәуһар-күміс мөрлі ізіндегі боз теңгедей өрім-өрім оймыштары да Ай-сүмбілеге былай оқшас дейік! Оғыздардың сілемінен жіміле заманның танабы – Ордабасының орнына қарайғы мұңғайып сәттерді саралай саналап, ой қуалап келеміз!? Табан астынан басталып, елсіз кеңіске сіңіп кете беретін елендегі есілген сүрлеу! Үстіңнен үңіле төнген көмірең Айдың көркі де бейсарынды үнсіз тұнған жыр сықылды тағы да... Бір ұшығы Көк жиегіне шейін тірелген ұзақ-ұзақ жолғайып! Тәңірім бізден кейінгі ақындарды тұнжыр үнсіздіктен сақтағай!

«...Аппақ түстерді кешіп...»

Расында ақынның мынау ғалам дүниеге қарайтын жанары да өңгерек. Өлеңді жұптап отырып, біт ұғынықтылыққа ұқыппен барғысы келеді... Ғаламды тану – дүниетанымның үш басты діңгегі... Ғалымның жырындағы үш мүшелді уақыт-тар қызықты! Арқаның ақ самалы да, ақбұрқақ бораны да ақ еспе өлең болып өріле беретіні осыдан шығар?! Өзінің өңі сықылды қоңыр әуезді үні, сөзінің өзегімен – «...қобызын күңіренте...» жөнелетін оның ақындығы өз алдына... Ал өскен жерінің шексіз кеңісі – өлшемі... Мағауиннің «Қобыз сарыны» (2006) – оның қос өрімінен өрген үндерге ілеседі. Сезім мен түйсіктің түбінен қиял жасайды да «...аппақ түстерді кешіп...» алыс-алыс қиянға самғайды...



Ғалым Жайлыбай

Өлең мен кәдімгі ғылыми өлшемнің өзара ұқсас тұстарын да өлеңінен өлшеп, өзінше төгілтетін ақынды – интеллектуалды құбылыс деп айтуға болатындай?! Тас бетіндегі бәдіздерге шұқшия қарап аңырып, кейде тереңнен аһ ұрып шымырлап қайнап алатын ақынның алтын шашақты бұрқасындары бар. Мұнысы – білеудің бітікті бедерінен өзінің бітім тағдырын тінтіп

тануы ма, әлде бір сауалдың шынбайлы шырақты жауабына ұқсас ұғым ба?! Жұмбақ...

Бір жұтым жырының өзегінен құйғытып уыз нәрі, сүт дәмі келеді... Ұлытаудың көне ғасырлармен ұласып, кезерген ерініндегі өмір кілегейіндей өткен, кеткен ескіден жұққан баяғы алтын көздегі атаукередей асыл нәр... Жездінің жезқұймасындай – «...өлеңмен кестелеген...» зері, яки зиынның – «...көне дастан секілді...» егілме, сөгінді күйі! Ол, мына ұлан-ғайыр ен даланың тал бойынан ешкім баспаған ылайсыз, мүлдемге «...басқа тұнығын...» кешкісі келеді. Тағы да: «...Тарпаңдай тізесін бүгіп от жеген, тағыдай тандап су ішкен...» (Махамбет) тағыдай тарпаң жанымен...

Сүгірдің «Бозінгеніндей» бүбей бүлкіл мұңдарымен мұнтаздай сылқым, сырбаз (М.Әуезов) жырлар жазады... Мұң десек: «...Шер қосып, шемен қосып шеріме түн, сан сауал сүйегімді кеміретін, Әйтеуір ақ, қараның арасында, бір түс бар маған ғана көрінетін...». Бұл шумақтағы жұлдызды әрі кірпияз кербез кілтенді сананың немесе «...қара түндердің қарашығындағы...» қашанды ашаң бояуын қалай тануға болады?! Ең бастысы өз ішкі жан дүниесіне үңгіп қарайтын үшінші көзі ояу сүмбіл бей сұңғыла ақынның баяуы мұңлы бояуларына сүңгіп өту керек екен мұндайда?!

Боз жусанның иісі...

Жап-жасыл мұнар жапқан Жаңаарқаның жасыл өңіріндей жасыл да жасын өлеңдердің әуезін ертеден бері сезінетінбіз. Ерекше есіл саз бен далалық сарынның саңыраң самалды түренді түрлі шумақтары сарғыш сағынышқа толы. Қара өлеңнің қаймағымен бітеқайнасқан қайырымы шымыр, ғайыби ғұмырлы, дүбірлі саздары ішкі әуенімен ең ерекше. Шіркіндерінің ілгегі бүлінбеген бүтін күйінде! Бетпақтың бедерлі құмайтынан теріп алған өлең-эпюдтері һәм түзем әлемі – түгел даланың түп әуенімен өзектес. Бетпақ – сағыныштардың сыңғырлы сыры. Түйелі керуендей өлеңдері ұзақ көшеді. Мысалы: «Шаңқай түс, шағырмақ күн. Жел тұрса басың бүтін. Көшеді шағылда ақ құм, шалғынның шашын жұлып. Немесе «...жалғанған тағы көші, бабамның жолына осы. ...Бетпақтың бағы да – осы, Бетпақтың соры да – осы...». Құмайттың құдыретті уысында жатып, құдайымен тілдесіп, құндақтың жылуындай ұлпа мұнарды жамылып жантая, құмнан нәр алған қара баланың інгәлі үні де осында. Тобылғы мен ұшқаттың күлтелерінен ұшқан жырлары жылдар бойы көкірегіне көктейтінін сезген, сезбеген көкөрім көгенкөз де осы оғыз дүрі еді. Даңғыл даладан сауға, өзендерден өсиет сұрағымыз келді, бұл

Ғалым қандай бала еді?! - деп.
...Ұмытылмас кезең бе, еді? –
Жаныңды сезем, - деді.
Жарқырап шықты алдымнан
Даланың өзендері...
Сөргінің көгінде симай көшіп бара жатқан қаздарға қимай қарап
едік:
...Аламанда аһ ұрсаң – анық қайғы,
ол күйінді күйлілер тағы ұқпайды.
...ақ бұлттарға қанатын малып алып,
менің аппақ құстарым қалықтайды....
Жаңарқаның жасыл көктемі бөзселеу, бозжусанымен
айқайлаған көк өрісіне көз салдық:
...Дүние жарығының үр күндері,
бұл көктем – керуен-керуен жырдың легі.
Қызарып батқан Күнге қолын бұлғап,
қыратта қыдырады қыр гүлдері... -
дейді тағы да! Сарысудан сұрайық?! Сарысу – сабаулы
сабасынан аспай, саспай (Ғалымның мінезіндей – Р.С) саңғал
даланың бетімен құм көшкініндей бұлдыр бедермен Бетпаққа
қарай бұлықсып, үнсіз ағып, лағып барады...

Бозаңнан ұшқан бозторғай...

Ордалы жұрттың орыны һәм осмийлі, орпалы – Жездіде
кешелері ақынның жыр кеші өтті... Сол кеште оның оқыған бір
өлені – «Сібір радиоқабылдағышы» деген қызықты жыры.
Ақынның өз төл үнімен өленді тындаудың кереметі қандай?!
Бетпақ даланың қоңыр өңді қойнауындағы қойлы ауылға
дүниенің дүбірімен қоса өз тіндерін сүйреп әкелетін әңгімешіл –
«Сібірдің» үні мен өркениеттің өзегіне ұмтылған ұғымтал ақын
баланың ішкі тұмалы исі аңқыл интермедиялық «шегіністері»!
Мұндай жырларды жазғандар көп. Алайда әр деңгейлі барлық
оқырманды өзіне бағындыра алатын осындай сырлы, боялы
«ояу» озандар аз. Текті поляк Шетенайдың шедеврi Чеслав
Милош (Czesław Miłosz 1911-2004) деген диссидент ақынның
сағынышты, сазды жырлары бар осындай. Алайда өленді ешбір
сыңаржақ көзқарасқа текке теңемеген поляктың текті ақыны
тек өз бояуымен жімілеғалам поэзиясының ең биігінен көріне
алған. Бетпақтың өңірі шексіз түз – Шетін жімнің құм шалғайы
жалпақ жағайында жайқалған шедірендей шайыр Ғалым сол
сауалды өзіне қояды да, әрдайым жауабын өзі қайтарады...
Мінеки: «...Қазаққа өлең керек пе!? Әй, білмедім... білмеуімнің
өзін де қайғым дедім...». Бұдан кейінгі екі жолдағы
натюрмортты (nature morte) оқырманға әдейі «жұмбақтай

жасырып» кеткіміз келеді!?! Ғалымның өскен жазиралы Жаңарқасы мамырдың майда жібекше мұнарын айқара жамылып қана белгісіз бір тылсымды ішіне бүктеп, тығып, үнсіз толықсып жататындай!?! Шөлді өңірдің көбесіне шөгіп жатқан сайын мұнардың сактияндай үлбір уысынан оттай орғып, дүркіреген өрт киіктер мен бөрі жымын бүркеген сағымға шомылған өңірге көзің тоймайды! Ұлық малдың ойсылқарасы боздақты түйелердің түмен сүгіретіне қарап: маңдайынан Ай боздап туған маң даланың күмбірі – маңғаз эпик ойшыл ақын Ғалымның өлеңдеріндегі лиризмді қайталап келеміз іштей.. Бұны көптен сағына ойлаған едік. Ақын деген – жан дүниесінің жалғыз, кералаң кездің жоқшысы екен. Бозторғайдың шырылдаған дауысымен мұндасып – «...бозаңнан ұшқан бозторғай, ...бозарып тұрып көз алдым, дүние сенен озармын...»! «Айдын көлдің бетінде Ай сынығы...»

«...Көмбемді күнде аршыр өлеңсің, қайыстай түннен қамшы да өрерсің. Мөлдіреп тұнған жанымның жасын – тастарға тамған тамшы ма дерсің?...». Даланың тынысын тыңдап, сананың сағымын даладан жинаған нағыз – ақбөкен дилы далабездер ақын! Қазақ поэзиясының Темір қағаны (Темірхан Медетбек) ақын айтқандай: «...Қағандары Күн астындағы Күнікей қызды алған; Тәңірден басқа Қайтпаған ешкімнен; Ібіліс, жындарға Қара тастарды түттіріп, Дию мен періге Құмнан арқан естірген...) арқалы ұмай даланың Ай таңбалысы – ақын Ғалым! Оның су жаңа бояуларының түгелі көне даладан жыртып ала салған қимылды сырлармен қаныққан шымбайлы тілкімдей ғана шөкімдей сүйкім. Шырақ пен шықтың, күртік пен құмның, сексеуіл мен ұшқаттың бояуын бөрінің үніне жалғап, қобыздың ыңылын аруананың алқымынан аңырата салады. Ол, Ұлытаудағы ұйғындағы кешінде – «Күршімнің қызысын» тебіrentіп, «Жетім құлынды» еңіретті! Керемет тәңірі бояу, саф салқын күрсініс! Кеспірі келіскен ақша арайлы, шым-шым сыр. Келе жатқан уақыттың, кері қайтқан ғұмырдың кернеуінен Ғалым секілді ақындар ғана таңғажайып кернейлі, сырнайлы тірі картиналар түренін сала алады. Оның көксеуіл жырларынан кейде кең дүниеге сыймай, бізкестесінің тебенегінен тереңдеп, өң мен өрім теріп, із кесіп жүргені бір өрен. Өлеңінен бөгде емес, дәл өзіміздің өңге зерлі кеспіршісі Зейдің (Зейнелхан Мұқаметжан) сүгіреттері көрінеді! Өлең мен қиялдың, поэзия мен кескіннің живописьтің (тірі жазудың) өбіскен тұсында осындай – өлшемдер сезілері заңдылық та шығар!?! Ғалым Жайлыбай соңғы жылдары ұлу жылы туған батыстық ұлы сюрреалист Гийом Аполлинер (Guillaume

Apollinaire – 1880-1918)-лердің жан дүниесінен өзін іздейтін секілді. Аудармалары мүлдемге шебер һәм қазақы. Ол, Guillaume Apollinaire-нің жырын былайша құлпыртады:

...Жаздың жылы бір кешінде, жүрген сол сәт күнде есімде.
Көлеңкелер көлбең қақты, көлдің көлбеу іргесінде.
Көлде аққулар жүзген еді, жаз өтеді, күз келеді.
Өлді бір күн.
Көлеңкенің – кім болды екен іздегені!?
Қош көрдік!
Жыр жауған жылы күндерім...

Ордалы жұрттың орны һәм осмийлі, орпалы – Жездіде кешелері ақынның жыр кеші өтті... Ғалым Жайлыбай қазақтың дамысына кен өнімімен өркениетке әйгілі мүмкін бүгінгі Перу, Чили, Конго елдерінің кен кәсіпорындарынан кем түспейтін, тіпті 10-20-шы саптағы «Қазақ мыстың» үш алаңы – «Жезқазғантүстімет», «Қарағандытүстімет», «Балқаштүстімет» атты алып кен орындары бар Ұлы даласында туған ең бай өлкенің бақуатты ақыны! Жылына жуық шамамен 30739000 тонна (2021) кен өндірген әрі бүкіл ғаламды тамсандырған кенді аймақтың кербезі! Өндіріс кәсіптері дамыған 21 моноқалалардың оншақтысы осында. Абай, Сораң, Шахтинск, Екібастұз, Балқаш, металлургия өнеркәсібімен дара Ақсу-Аюлы, Теміртау, Сәтбаев секілді көмір кендерінің алпауыттары ақынның жырларына балқыған «әкесінің ескі шапанындай...» – байырғы мекендері. Отарлы байлық, қисапсыз қазынадан бір түйір моторлы «шолақ тай» мінгізер деп ойлаған едім... Соңынан әрине осы әсіре ойымнан қайттым да: мүмкін Астана – Жезқазған – Қарағанды бағытындағы сегіз, он алты жолақты тас жолы «пайдаға берілгенде» әлемдегі ең қымбат автокөлік Rolls-Royce Boat Tail-дан мінгізер деп болашақ үмітке жәутандай қарап – «жә» деп қоямыз?! Алайда, Жезқазған, Жаңарқадағы қарапайым ағайындардың ақ ниеті алқаулы баталары аялы алақанында өткен екі тәулік бәрінен қымбат еді.... Ғалым ақынның сөзінше айтсақ; «...мен сізге не десем екен?..».

* * *

Бізге осы бір қоңыр даланың қоңыр ақынымен бірге Алтын Орданың тауриһатты жұртында бірге түнеудің сәті бұйрықша бешенемізге жазылыпты... Мишель де Монтень: «...Бұл дүниені танудың басы...» деген осы еді!?

«Қазақ әдебиеті» газеті,
19. 06.2023



Ерлан ҚАСЕНОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
аға оқытушысы,
филология ғылымдарының
кандидаты

ӨРНЕКТІ ТІЛ АЙШЫҚТАРЫ

(Ақын Аманхан Әлімұлы жырларындағы сөз тіркестерінің ерекшеліктері)

Поэзия тілін тану – өлеңнің ішкі мазмұны мен қаламгер тіліндегі тілдік бірліктерге танымдық, лингвистикалық қырынан үңілу. Мұндай зерттеулер тіл бірлігінің бойындағы жасырын мағыналық мүмкіндіктерді ашып, көркем шығарманы толық түсінуге жағдай туғызады. Сондықтан, поэзия тілінің көркемдік, өзіндік бітім-болмысын айқындау – ақындар қолданған көркемдік құралдар, синтаксистік құрылымдар мен фразеологизмдердің, лексемалардың өлең өріміндегі көркемдігін зерттеу.



Ақын Аманхан Әлімұлы

«Ғасырдан-ғасырға ұласып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, көне заманнан келе жатса да байырғы бедерін жоғалтпай, сонылығын сақтаған алуан айшықты, терең мазмұнды тұрақты сөз тіркестері ана тіліміздің асыл қазынасы іспетті. Бейнелі сөз орамдары дөп тигізіп айтар дәлдігімен, ерекше көркемдігімен кімді де болса әрдайым баурап алады» – дейді ғалым Н.Уәлиұлы [1, 39 б.]. Демек, фразеологизмдер – өлең өлкесінде сан құбылып, түрленіп қолданылатын әсем де әсерлі, көркем де бейнелі сөз өрнегі. Фразеологизмдерді зерттеуші ғалым Р. Сыздық «поэтикалық фразеологизмдер» деп атап, мынадай анықтама ұсынады: «олар әдетте бір нәрсені затты, сынды, қимылды, қимылдың амалын жай атамайды, суреттеп, бейнелеп, астарлап, «мадақтап» не «балағаттап» атайды, яғни, айтушының (жазушының, ақынның) сол нәрсеге – объектіге «пейілін» – көзқарасын білдіре атайды. Демек, поэзия тіліндегі фразеологизмдердің басты белгісі – олардың образды (бейнелі) болатындығы» – дейді [2, 94 б.]. Ойды көркем жеткізуде қолданылатын құрамы мен құрылымы тұрақты тілдік единица – фразеологизмдер көркемдік құралдың қатарын толықтырады да, көркемдік пен әсерлі танымға қызмет етеді.

Тіліміздегі фразеологизмдерді мағына жағынан болсын, сыртқы форма жағынан болсын түрлендіріп қолдану белгілі бір қаламгердің ұлттың тіл байлығын пайдаланудағы шеберлігі мен танымдық ерекшелігін айқындаса керек-ті. Осы тұрғыдан алғанда өлең өріміндегі тұрақты тіркестер тек көріктеу құралы ғана емес, көркем сөз шеберінің көзқарасын, идеясын, суреттеп отырған кейіпкердің ішкі жан-дүниесін, болмысын таныту мақсатында да қолданылып, ұлттық сипатқа ие болады. Стильдік мақсаттан туған алуан түрлі фразеологизмдердің поэзиялық туындылардағы қолданысын қарастыруда қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасы бар ақын Аманхан Әлім поэзиясын зерделеуді мақсат еттік. Ақынның терең де мазмұнды, көркем суретті, сиқырлы ұйқаспен жазылған поэзиялық туындыларындағы фразеологизмдері бейнелі әрі мәнерлі болуымен қатар, өлеңнің эмоциональды-экспрессивті бояуын арттыруымен ерекшеленеді. Мысалы, ақын Аманхан Әлім:

Жабағы бұлт еңсесін басқан күйі,
Жасын сығып алады аспан жиі.
Бүрсеңдеген жапырақ бүкір белді,
Бойын алар ызғардан қашқан бүйі
(«Мәскеу саздары», 188).

Көрсететін болымсыз бойды ғана,
Шемен тасқа шегелеп қойды қала.
Енді-енді игеріп келе жатыр,
Көк бөрісі оянған ойды бала, -
(«Ұстазым Көроғұлына»)

деген жолдарындағы «жасын сығу» – деген тіркес ақынның айтпақ ойын көркем жеткізуге септігін тигізіп тұр. Мұндағы «жасын сығу», жауын жауу» мәнінде, ал «шемен тасқа шегелеу» – «еріксіз байлау» мәніндегі шебер қолданыс. Ақын А. Әлім «тасқа шегелеу» деп қана емес, «шемен тасқа шегелеу» деп алып, ерекше стильдік қолданыстағы фразеологиялық тіркес жасап тұр. «Шемен тасқа шегелеу» – тілімізде бұрын-соңды болмаған жаңа фразеологиялық тіркес. Әсіресе, ақын А. Әлімнің мына өлеңдеріндегі фразеологизмдердің өзіндік қолданысы ерекше көзге түседі. Мысалы:

Қарға адым келтірмей бір басуға,
Қара суық қабынып тұр ма асуда?..
Өмір жайлы, Аманхан, осындайда,
Көңілсіздеу сенімен сырласуда
(«Түнгі аспан», 43).

Жайылған қараңғылық тарапты інге,
Тұрсың сен мысық көз Ай қарап кімге?!
Бойына тыныштықтың қан жүгіріп,
Қызығын қиды жастық барақ түнге
(«Үзіліп сары жаздың ақырғы әні», 19).

Басылмаған байызы барақ түнде,
Мысық көз Ай тұрсыз, Сіз, қарап кімге?!
Салқын сәулең сыланған сынап білем,
Мысалы, тышқан бүкті тарапты інге...
(« Кеудемдегі оянып бағы бар мұң», 28).

Ат жақты Айдың сәулесін тізгінделік,
Қыздырмайды қанымды ызғын желік.
Қанатынан қайырылып жаз құлады,
Құшағына қызусыз күздің келіп
(«Мазалайды беймаза ой шалды шындап», 38).

тілімізде жиі қолданыс тауып жүрген «байыз таппау» тіркесінің орнына «байызы басылмау» сынды соны фразеологизмдерді кездестіруге

болады. Сөз қолданудағы ақынның мұндай еркіндігі бұрыннан қалыптасқан фразеологизмдерді қамырша илеп, соны тіркестер ретінде қолдануға мүмкіндік беріп тұр. Тағы бір мысал:

Бозінгендей боздаған борықтағы,
Жаман екен көңілдің торыққаны.
Ішін тартып ұлыған жел құбырда,
Мысалы, бөрі ойлаған жорық қамы
(«Қолтықтағы ауыл»,11).

Сусыған етек басты құман күзгі,
Өшірді өрге салған күмәнді ізді.
Шекесін жарып лақ шыны қақтың,
Жайылған жер бауырлап тұман жүзді
(«Иірімдей иіні түсіп иректелген», 93).

Қайтарды құс тұмсық күн қысқа басын,
Мезгілдің үрдісі асып қыстағасын.
Аспандай ала бұлт әужемдеген,
Қам көңіл қапа қысып ысталасың, -
(«Мәскеу саздары», 185)

деген жолдарда ақын «бозінгендей боздау», «тұман жүзу», «қапа қысып ысталу» тәрізді метафора түріндегі фразеологиялық бірліктерді қолданып, сипаттау арқылы уайым-қайғы арқалаған жанның аянышты кейпін бейнелейді. Әр ақынның дүниені танудың өзіндік суреті, талғамы болатыны секілді ақын А. Әлім поэзиясындағы мұндай фразеологизмдердің сипат-сиқы да ерекше. Сондай-ақ ақын жалпыхалықтық фразеологизмдерді өзгертпей де, көркемдік мақсатына орай өзгертіп, жетілдіріп қолданғаны да аңғарылады. Мысалы:

Азаншының дауысы аспан ілген,
Бара жатыр астасып қас-қағыммен.
Олар іште, сырттағы қақ суына,
Кебістерін кеме ете бастадым мен
(«Арыстанбаб», 181).

Сыланып салқын жерден рең кеткен,
Ұрады қыс ызғары күрең көктен.

Мысалы, «әпсін» оқып үшкіргендей,
Күй кешіп көңілсіздеу жүрем көптен
(«Үркердей үркіп ауыл...», 50).

Бұл жолдардағы «аспан ілу» (дауысы жер жару), «қыс ызғары ұру» сынды тұрақты сөз тіркестерін авторлық фразеологизмдер ретінде танимыз. Авторлық қолданыстағы бұл фразеологизмдер поэзия тілін жаңа сатыға көтергені белгілі. Ал ақынның:

Бөлекше бөзге ораған боз даланы,
Сары ала сағым сел түс қозғалады.
Түбінде ірі ақын болармын мен,
Келеді күлтеленіп сөз балағы
(«Келеді күлтеленіп», 22).

Басылмаған байызы барақ түнде,
Мысық көз Ай тұрсыз, Сіз, қарап кімге?! –
Салқын сәулең сыланған сынап білем,
(«Кеудемдегі оянып бағы бар мұң», 28)

деп келетін өлең жолдарындағы «сөз балағы күлтелену», «сәулесі сылану» сынды тұрақты сөз тіркестерінің қай-қайсысы да өлеңнің жалпы экспрессивтік үндестігін күшейтеді, эмоциялық бояуын әрлендіреді, күшті сезім туғызады. Ал ақын:

Маздайды біздің үйде май шам ғана,
Сеземін жол сүзеді байсалды Ана.
Құлынын күткен жанға кірпік ілмей,
Қара түн қанатынды жайсаң нала
(«Шоршыған шортан Ай да қайда қалды », 277 б).
Жартыкеш жарық дүние шараң құрып,
Өтеуге көрсеткенмен сараң қылық, -
Көгенге көзін сүзген борсық сынды,
Барады қоюланып қараңғылық, -
(«Қызылдың құмы десек уақытты», 201 б)

деп келетін өлең жолдарындағы «жол сүзу», «көгенге көз сүзу» сынды тіркестер ұғымды дәлме-дәл, жан-жақты бейнелеп жеткізуде ерекше бейнелі мән беріп тұр. Фразеологизмдердің осындай мүмкіншіліктерін ақын өз жырында кейіпкерлердің психологиялық күйініш-сүйініштерін, ой әсерлерін, рухани жан-дүниесін нақты да нәзік бейнелеуге тандап, талғап жұмсайды. Оны мына мысалдардан да көреміз:

Қызылқұм үрлей соққан үрме құмды,
Көтердің кеудемдегі бірде мұнды.
Сағыныш саған деген сары белдік,
Шеше алмай, білесің бе, үргенімді?

Қып-қызыл құм, Қызылқұм, қызыл бұлау,
Терезеден телмірген күзін мынау.

Тасыр тартқан ішектей талғам білмей,
Қайран көңіл мұң еміп үзілдің-ау
(«Этюд»,122).

Сал сағыныш жүректі сыздатқалы,
Көкіректе қаншама мұз қатпады.
Алыс Мәскеу... Сыр бойы... Қожатоғай
Жұлдыздың жақсы емес пе түзде аққаны.
(«Мәскеу саздары», 191).

Қазақтың әдеби тіліндегі әсірелеу, көркемдеу тәсілінің ішінде фразеологизмдердің алатын орны да, ішкі мазмұны да, грамматикалық құрылысы да ерекше деп айтуға болады:

Көкем білем оған да соны айтады,
– Қойып кеттің қалай, – деп жолай тағы.
Тісін қайрап содан соң біреулерге,
Көңілінің наласын молайтады
(«Тоқаш көкеме», 197 б).

Жоғарыдағы шумақтағы «тісін қайрау, «көңіл наласын молайту» сынды тіркестердің орын алуы терең философиялық ойдың, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибенің сұрыпталған тұжырымы, негізгі нәрі, қысқа да көркем бейнесі. Ақын поэзиясындағы бұл тұрақты сөз тіркестері авторлық ойға айрықша әр, мәнерлілік беріп ерекше кестеде көрініс тапқан. Ақын қолданысындағы қызметі мен құрылымы өзгеше тың тіркестер дерексіз ұғым мен нақты зат атауын бейнелі ойдың суреті, біртұтас күрделі ойдың ықшам мазмұны етіп алуымен айрықша өңге ие.

Бүгінгі қоғамдағы халықтың тұрмыс-тіршілігі мен елдің саяси өміріндегі өзгерістер де ақын назарынан тыс қалмаған. Ұлтқа тән руханилықты болмыс-бітіміне жиған ақын тілдегі фразеологизмдерді идеялық мақсат-мүддесіне қарай қолданып отырады. Мысалы:

Темір жолдың бойында өскен қайың,
Сезіліп тұр беймаза кешкен жайың, –
Тыныс кеміп, тамырың тартылады,
Составтардан бір екпін ескен сайын
(«Темір жолдың бойында өскен қайың», 20).

Не деген мына мезгіл сабырлы еді,
Тынысын тіршіліктің таң үрледі.
Мөп-мөлдір мойыл аспан көзін тіккен,
Жаз деген жарқын айдың Мамыр меңі
(«Мамыр – май», 21).

Ақын тілімізде қолданылып жүрген «тынысы тарылу» фразеологизмін «тынысы кему», «тынысын үрлеу» сынды нұсқада береді. Бұл жолдардағы «тамыры тартылу» фразеологизмі «тынысы кему» тіркесіне жалғаса қолданылып, өлеңнің бояуын күшейтіп тұр. Жоғарыдағы жолдардан алынған «тынысы кему», «тынысын үрлеу», «көкіректе мұз қату», «көңілінің наласы молаю», т.б. тұрақты сөз тіркестерін авторлық фразеологизмдер ретінде танимыз. Авторлық қолданыстағы бұл фразеологизмдер поэзия тілін жаңа сатыға көтеріп, оның өркендеуіне әсерін тигізгені, тигізері даусыз. Ақын туындыларында тұрақты сөз тіркестерінің «сөз сату, сөз қату, сөз салу, көлденең сөз, қаңқу сөз, көңілін басу, көңілі тасу, көңілі судай тасу, көңілі қаяу, бағы таю, бағы ашылу, бағын сынау, бақ құмар, бағын байлау, тілін тартпау, тіл мен көз тию, тілге жүйрік, іші-бауыры өртену (жану), ішін тарту, іштен шалу, іші сезу, іші өртену, жерге түкіру жерге тығу, жерге қарау, жер қайысу, бет моншағы үзілу, құйрық тістесіп келу, бұлаң құйрықпен жорыту, судай сапыру, ағын судай екпіндеу, құлақ тұру, құлағына құю, құлағымды кесіп берейін, құлағын салу, құлағын бұрау, құлақ тосу, қанат қағу, қанат біту, бас-аяғына қарау, басын құшу, бас қосу, басына бәле жабу, бас имеу, басын тауға да, тасқа да ұру, көзі жету, көзін жеткізу, қол ұзу, қол ұшын беру, т.б. неше алуан түрі кездеседі.

Аталған фразеологизмдердің әрқайсысынан ақын ойында қорытылған образды бейнені түсінеміз, әр түрлі құбылыстардың образды бейнесін көреміз. Қазақ тіліндегі жеке сөздер сияқты ұзақ дәуір туғызған фразеологиялық тіркестер қыры мен сыры мол өлең өлкесінде бұрыннан кездеседі десек те ойды бейнелі де көркем жеткізу үшін ақын Аманхан Әлім фразеологизмдерді түрліше құбылтып қолданылғаны белгілі. Осы орайда ғасырлар

бойы қалыптасқан жалпыхалықтық фразеологизмдерді тура күйінде де қолданды, өзіндік ізденісі нәтижесінде жетілдірді. «Әдеби шығарма тілін көркемдеп, жандандырып, нәр беруші амалдардың бірі – халық тіліндегі тұрақты фразеологиялық тіркестер. Олар тілдегі бейнелі, экспрессивті, эмоциялы бояуы қанық амалдардың қатарынан орын алады. Олар – ұлттың психикалық өзгешелігінің негізінде қалыптасқан образды ойлау тілінің үлгілері, халықтық даналыққа суарылған өткір құралдар» – деген Х.Кәрімов пікірін ескере келе, ақын шығармаларынан мынадай мысалдар келтіруге болады [3, 134 б.]. Мәселен, ақынның:

Мыртық бойлы көк түйнек сыр түйеді,
Естен шықпас ерекше бір күй еді.
Кер кеуректің жамылған көлеңкесін,
Кесірткенің кірпігі кіртиеді
(«Бесін» өлеңінен, 21 б).

Тірліктің жақсылыққа жорып таңын,
Көн мойын торсық байлап торықпадым.
Арақтың шалығы сәл шалғанымен,
Бұзылып кеткенім жоқ, қорықпағын, -
(«Мәскеу саздары», 185)

өлеңдеріндегі «кер кеуректің көлеңкесін жамылу», «торсық байлап торықпау» сынды тіркестері оқырманға айрықша әсер етуімен ерекшеленеді. Мұндағы «кер кеуректің көлеңкесін жамылу» мен «торсық байлап торықпау» тіркестері окказионал фразеологизм ретінде ақынның өзіне тән ерекшелігін танытады әрі белгілі бір мезеттегі ақынның ішкі жан-дүниесінің астаңкестең толқынысынан хабардар етеді.

Түйіндей келгенде, ақын Аманхан Әлім ұлт тілінде ғасырлар бойы поэтикалық көркемдікке қызмет еткен фразеологиялық бейнелі тіркестерді көркемдік талаптарына сай шеберлікпен қолдана білді, әрі қарай жетілдірді, дамытты. Бәлкім, өлең жазу барысында ақын соны тіркес іздемеген де болар. Бірақ, мұның бәрі ұлт тілінде қолданыс тауып жүрген түрлі ұғымдардың ақын елегінен тыс қалмай, ақын санасында жаңа формада берік орныққанын аңғартса керек. Сондықтан да, ақынның жаңа фразеологиялық қолданыстары тосын құбылыс болды және әдеби тілдің қатарына еркін еніп, етене қабылданып кетті. Ал қабылдану – тіл дамуының, ой дамуының мызғымас көрсеткіші.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 128 б.

2. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1995.

3. Кәрімов Х. Қанатты тіл. - Алматы: Санат, 1995. – 144 б.

4. Әлім А. Ай нұры алақанымда. – Алматы: Атамұра, 2003.

**«Ақиқат» журналы,
04.02.2021**



**Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың профессоры,
филология ғылымдарының
докторы, Халықаралық
Айтматов Академиясының
академигі, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері**

БАҚЫТТЫҢ ҚАҚПАСЫ

Қазақтың айтулы ақыны, әдебиеттанушы ғалым, публицист, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Өтеген Оралбайұлымен мені таныстырған, табыстырған қара шаңырақ – Қазақ Ұлттық университеті. Ғұлама ғалым – Әл-Фараби атындағы.

Ол кезде заман басқа еді... Университетіміз революционер, қызыл командир, большевик С.М.Киров атында болатын. Соған қарамай, Қазақтың кең байтақ даласының түкпір-түкпірінен арман қуып, білім алам дейтін балалары мен қыздары ҚазГУ-ге келіп ат басын тірейтін. Арасында қайта-қайта емтиханнан құлап, жетінші рет, сегізінші рет келетіндері де көп болатын. Бәрібір университетке түспей қайтпайтын...

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары бір топ өндірдей жас жігіттер жолымыз болып, бағымыз жанып университеттің журналистика, филология факультетіне оқуға түстік. Олар: филологияға Өтеген Оралбайұлы, мен, журналистикаға Қасым Әзімхан, Қуаныш Жиенбай, Қамбар Керейқұлов. Бәріміз қатар

оқыдық. Зейнолла Қабдоловтың, Рымғали Нұрғалиевтің, Болсамбековтің, Қанатбаевтың, Тұрсынбаевтың, Әбішевтің, Қарағұсовтың лекцияларында бірге отырдық. Сол тұста Өтегенмен таныстым. Атыраудан келдім деді. Мен Оңтүстіктен келдім дедім. Әдемі, көрікті, қара торы жігіт бәрімізді бірден баурап алып кетті. Ақындығын бәрімізге бірден мойындатты. Өтеген Оралбайұлы жастайынан, студенттік кезден, қолына алғаш қалам алған күннен бастап сыршыл, ойлы, лирик ақын болып қалыптасты. Өмірден көрген, көңіліне түйген оқиғаларды, құбылыстарды, көріністерді өлең жолдарына әдемі түсіре қояды. Өлеңдерінің көркемдік бояуына ерекше мән беріп, ойлы сөз айтуды қаламына дарытқан ақын ретінде өз қолтаңбасын бірден таныта келді.



Өтеген Оралбайұлы

Алғашқы жарық көрген жыр жолдарының өзінен албырт жастың алып ұшқан көңілі, арманы, азаматтық ұстанымдары аңғарылып тұратын. Айтайын дегенін көркем оймен өрнектеп, салмақтап жеткізе алған ақында қандай арман бар?

Тұмадай тұнық жырлар Өтеген ақынның өлең жинақтарынан оқыған сайын алдыңнан шығады да отырады. «Шуақты шақ» атты өлеңдер жинағында (Алматы, «Арна» баспасы, 2016ж.), «Сазына салдым терменің» деп аталатын тарауын:

Таңғы араймен жаным күліп тілдесем, Тамылжыған тірлік атты түр көшем. Тілім барда тірлігіңді толғаймын,

Туған ел деп, Туған жер деп күн кешем, - деп бастайды. Ақын өлеңдерінің тұтастай арқауына зер сала қарасақ, шын мәнінде туған ел мен туған жер тақырыбы оның жырларының алтын өзегі десек қателеспейміз. Осынау қасиетті тақырыпты тереңдете түсіп ақын бір тұста:

Ордам – Отаным – дара саңлағым, Сенде қаз бастым, сенде самғадым. Батысым, Шығысым,

Оңтүстік, Солтүстік – Төрт құбыла түгелім,
Қазақстаным – Қара шаңырағым! –

деп толғанады. Төрт құбыласы түгел, іргесін бекітіп, төрткүл әлеммен терезесі тең болған елім болса екен деп армандайды. Үлкен империяның үш ғасыр бойында колониясы болып, табанының астына түскен ұлт тағдыры кімді болса да ойландырмай қоймайды. Рухынан, дінінен, ділінен, тілінен, тарихынан, дәстүрінен жұрдай болған, біржолата жоғалудың азғана алдында тұрған халқының тағдыры Өтеген Оралбайұлының бүгінгі күнге дейін жарық көрген он төрт жинағына енген барлық өлеңдері мен дастандарында, толғауларында құс жолындай сайрап жатады.

«Мың өліп, мың тірілген» қазағын жырлап өткен заңғар ақын Жұбан Молдағалиевтің поэтикалық сарынын Өтеген енді жиырма бірінші ғасырдың ақиқатымен атастырады. Сан ғасырлар арман болған тәуелсіздігіне енді ғана қол жеткізген мемлекетінің болашағына аландайды. Қауіп-қатерден сақтағысы келеді. Ұлтының бақытты болғанын армандайды.

Ақын жырларының географиялық ауқымы өте кең. Ақын жүрегіне кең байтақ, қасиетті қазақ жері, қазақ даласы түгел сыйып кеткендей. Толғау-дастанда Астана, Алматы, Талдықорған, Өскемен, Семей, Кереку, Қызылжар, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Тараз, Шымкент, барлық алтын баулы, алтын діңгекті қалаларымыз жыр арқауын құрайды. Осы тұста ақынның Ақ Жайық, Сырдария, Іле, Ертіс, Есіл, тағы басқа ұлы өзендерімізді ұлтымыздың құт-берекесіне, қанты-шырына теңеп, осынау қасиетті дарияларымыздың бойында қалалар тұрғызып, тағдыр

кешіп жатқан елімізге жақсылық тілейді. Болашағы жарқын болса екен дейді.

Теңіз аштық, тау көтеріп, қала сап,
Дала, қала егіз ұғым – дана шақ.
Бесігінде тербеледі тыныштық,
Бейқам ұйықта, балалық шақ – болашақ, -

деп дастан-толғауын аяқтайды.

Өтеген Оралбайұлының тіршілік сырына терең үңілетін, ойлы, лирик ақын екенін жоғарыда айттық. Осыған мысалды өлеңдерінен көптеп табуға болады. Адам бойындағы мың құбылған мінезді, пенделік тіршілікті, қоғамды апатқа алып баратын ашкөздік, тойымсыздық, қанағаттың жоқтығы, дүниеқоңыздық сияқты мерездің асқынып бара жатқандығы, осының өзі ұлтымызға дауасы жоқ індет, қайғы, қасірет әкелетін ашық жазады. Жүрегі ауырады. Бір өлеңінде:

Ауа райы секілді құбылмалы,
Адамдардың өзгергіш бүгін бәрі.
Ақиқаттың жолында адасу көп,
Абайлаймын мен соны ұғынғалы.

Аузым күйді достан да, жақыннан да,
Ақиқатқа қол бердім атым барда.
Ақи-тақи шындық жоқ бұл пәниде,
Аңсап жетіп келмейді жақын маңда.

Жұрттың бәрі жүгіріс, пайдасына,
Ақылдарын қосады айласына.
Берген серті былқылдақ, айтқан сөзі,
Ұқсап тұрар көк шайдың шаймасына, -

деп, Хакім Абайдың осыдан бір жарым ғасыр бұрын ұлтына жаны ашып, ашына жазған «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да» - деп айтқанындай Өтеген ақын да замандастарының мінезінен шошитынын, қаймана қазақтың міні мен сынын қалай түзетудің жолын іздейді. Заманның қайда кетіп бара жатқанына алаңдайды, жаны күйзеледі. Тағы да Абайды іздейді, Абайға жүгінеді.

Абайды қуамын кеп, Жетем бе деп.
Ертеңге өткен шақпен өтем бе деп?

Хакімнің қадіріне жетпегендер,
Ойлайды ойшылымды бөтен бе деп.

Тануға тереңдігін үңілемін,
Бас иіп, тәжім етіп, бүгілемін.
Желінен Жидебайдың тыныс алып,
Шыңғыстау етегінде жүгінемін.

Өтеген Оралбайұлының осылайша бір топ цикл өлендері Абайдың құдыретті поэзиясына, Шыңғыстаудан шыққан даналар Мұхтар Әуезовке, Шәкәрімге арналыпты.

Ұлы ақындардың поэзиясына қайта-қайта айналып соғып, әдебиетіміздің арғы қайнарларына табан тіреп отырудан ақын қашпайды. Қазақтың ұлы поэзиясына арқа сүйеуді ақын намыс санмайды. Бірақ бір тұстағы Махамбет, Абайлардай айтатынын айтып, жазатынын жазып кете алмағанына өкінетіндей... Заманның ығына қарай жығылатынына мәжбүр болатынына жаны күйзеледі.

Төрем жоқ тіреп тұрған, бақаным жоқ,
Атым бар ақын деген, атағым жоқ.
Сыртым сау, ішім түтін, амалым не,
Мансаптының алдында байпаңдаймын.

Жусаннан аласамын, бетегеден -
Одан да аласамын, көтер, өлең.
Амал не, қарсы жүзбей ағыстарға,
Жылыстап, жылжып ағып жатамын мен, -

деп жырлайды ақын көңілінің кейбір сәттерін. Өлеңде пессимизм немесе жасандылық жоқ. Өмірдің бүгінгі шындығы, ақиқаты бар. Осылайша ақын өзінің ішкі сырын, ішкі жан дүниесін де боямасыз, жылтырақсыз, ашық, ашып айтып отырады.

Өтеген Оралбайұлы барлық жырларында ащы шындықты айтудан жалтақтамайды. Сондықтан да оның өлендерінің азаматтық астары анық, эстетикалы әсері терең болып келеді.

Адамгершілікті, имандылықты, кісілікті өз өлендеріне көбірек арқау ететін ақын осынау тақырыптарды өндіре жазды. Сәтті шыққан өлендерінің бір тобы осынау тақырыптарда жазылған жинақтары арқылы қалың қазақ оқырманына жетті. Сол кітаптардың ішінен «Қазақпарат» баспасынан 2012 жылы жарық көрген «Қағбаның қарлығаштары» атты мінажат жырларын бөле жара айтуға болады. Кітап мазмұны, терең

тебіреністен туған ақын жырлары оқырманды бейжай қалдырмайды.

Бұл жинағында Өтеген Оралбайұлы күллі мұсылман әлемінің аса қасиетті де қастерлі мекені – Меккеде, ұлы Жаратушының жер бетіндегі ең басты құдыретінің белгісі – Қағбада болған сәттерін, сонда бастан кешкен сезімі мен жан дүниесіндегі жұмбақ та тылсым сырларын жан шуағына бөлеп, жырмен әдіптеп оқырманға ұсынады. Осы орайда, осынау кітаптың алғысөзін жазған ғұлама ғалым, саңлақ суреткер Әбіш Кекілбаев былайша толғаныпты: «Дін тақырыбында, мұсылманшылық пен қажылық жөнінде, мінажат пен мархабат хақында арғы-бергі қазақ ақындарының қалам тартпағаны, терме-толғау төкпегені кемде-кем. Бірі тереңдеп, бірі шолып, бірі мазмұндап, бірі аңыздап, бірі табынып, бірі шағынып, бірі сыйынып, бірі сүйініп, бірі мысалдап, бірі тұспалдап, әйтеуір әр жүрек хал-қадірінше әр деңгей, әр өрісте сөз өрнектеген. Әсіресе ол Шәкәрім мен Кердері Әубәкірде, Қашаған мен Абылда, Мәшһүр Жүсіп пен Жүсіпбек Шайхысламда, Дулат пен Шортанбайда, Ақмолда ақын мен Майлықожада, Балқы Базар мен Дүр Оңғарда, Тұрмағамбет пен Шерниязда, Молда Мұса мен Қарасақал Ерімбетте, Ақат қажы мен Мұратта жалданып көрініп, жан-жақты шуақ шашады. Олар тілге тиек еткен жағдайлар қай кезде де қазақ баласының жүрек түбінен орын алып, мұсылмандық мектептің маңызы мен мәнін әрқашан аша түскенді. Ақын Өтеген Оралбайұлы осы «дәстүрді» одан әрі дамытып, өзінің Алла жар болып, сәті түскен қажылық сапарынан кейін тұтас жыр жинағын жазыпты. Және оларды Аллаға мінажат еткен алтын арқауға айналдырып, тұтас туындылық дүние түзген». Әулие Әбіш дәл аңғарыпты. Терең тебіреністен туған пікір бұл. Ақынның осы жинағынан бірді-екілі өлеңін, толғауларын оқып көрелік:

Азанмен әнін бастады,
Қағбаның қарлығаштары.
Армысың, әл Харам аспаны,
Иманның жаңылмастары.

Құбылаға тәжім етемін,
Қысымды жазым етемін.
Сүренің сазына орап,
Жырымды жазып өтемін.

Арайлы Алланың аспаны,

Азан боп әнін бастады.
Сәждеге бірге құлайық,
Қағбаның қарлығаштары!

Қазақ үшін қасиетті де қастерлі құс – қарлығаш құсының тотемдік, аңыздық мәнін терең түсінген ақын өлеңінің көркемдік әсерін осы образ арқылы күшейтеді. Қарлығаштың Ислам құндылығы ретінде бейнеленуі, әрі оның ұлттық санамызға, қазақи танымымызға ғасырлар бойында сіңісіп, еңбір қымбат рухани, имани құбылысқа айналып кеткендігі бүкіл жырдың рухын көтеріп тұр. Қарлығаш – ақынның кейінгі өлеңдерінде де кейіпкер ретінде сан қайталанады.

Шүкір, Алла,
Қағбаның қасындамын.
Қасиетті қара тас басындамын.
Тәсбих айтып тереңнен тебіренемін,
Тас төбемнен өтуде ғасырларым, -

деп ақын қайта тебіренеді. Ислам әлемінің ең басты құндылықтары: Жаратушы, Пайғамбарлар, Мекке, Мәдине, Қағба, Құран Кәрім, Аяттар, Хадистер, Сахабалар сан мәрте қайталанатын осынау жырлардың тағылымдық, тәрбиелік мазмұнын сөзбен айтып жеткізе алмайсыз. Көркемдік, поэтикалық құндылығын былай қойғанда.

Өтеген Оралбайұлының тағы да бір қырын атап өтсек артық болмайды. Ол – оның ғалымдығы, әдебиеттанушылығы. Әдебиеттанудың кез келген мәселесін тереңнен қазып, төгілте баяндап бере алатын дарынын кандидаттық диссертациясын жазу үстінде байқатты. Қара шаңырақ КазГУ-дің диссертациялық Кеңесінде үлкен біліктілікпен қорғаған ғылыми жұмысы 2009 жылы жеке монография түрінде жарық көрді. Ол өзінің кандидаттық ғылыми жұмысын көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрлан Оразалиннің поэзиясына арнады. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында әдебиет айдынына жыл құсындай дүр көтеріліп, өз қолтаңбасымен жарқырап келген бір шоғыр қазақ ақындарын түгел, тұтас алып қарастыратын бұл зерттеу ғылыми ортада өзінің жақсы бағасын алды.

Тұмағаңның, Қадыр ақынның, Сағидың өкшесін баса шыққан бір топ ақынның туындылары азаматтық ұстаным, көркемдік шеберлік, тілдіге, пішіндік ізденістер тұрғысынан сөз болады. Нұрлан Оразалин, Жарасқан Әбдіраш, Кеңшілік Мырзабек,

Иранғайып, Ысрайыл Сапарбай, Темірхан Медетбек сынды өз үні, өз стилі, өзіндік көркемдік бояуы бар талантты ақындардың туындылары дәстүрлі поэзия аумағында, салыстырмалы аяда кең зерттеледі. Әрқайсысының поэзиясына баға беріледі. Әрбір ақынның қолтаңбасы нақты туындылары арқылы анықталады. Өтеген құнарлы еңбек жазып, әдебиеттануға сүбелі үлес қосты. Қорыта айтқанда, өміршең өлең жазу, жыр жазу, ғылыми-зерттеу жүргізу екінің бірінің қолына қона беретін бақыт құсы емес. Бақыттың қақпасын тумысынан дарын қонған, үзбей ізденетін, парасат биігінен көз жазбай өтетін жан ғана аша алады. Өтеген Оралбайұлы сондай ақындардың санатынан. Өзі туралы «Шуақты шақ» жинағындағы «Дидарғайып» атты өлеңінде терең толғап айтыпты. Осы өлеңде ақынның бүкіл кредосы, бітім болмысы, ақындық өнеріне деген көзқарасы, дүниетанымы, барлығы, барлығы тайға таңба басқандай көрінеді. Жаратқанға жалбарына үн қататын ақын жыр пырағын Құлагерге теңейді. Өлеңді Ғайып ерен, қырық Шілтен құдыретімен салыстырады:

Дидарғайып, Өлең ғайып, Ақын да,
Құлагер-жыр құламайтын тақымда.
Ғайып ерен, қырық Шілтен тәрізді,
Бірде алыста, енді бірде жақында.

Дидарғайып,
Ақын ғайып ендеше,
Ғұмыр кешіп жүре алмайды ол пендеше.
Ай астынан алтын жамбы атады,
Күн астынан Күнікей-жыр кел десе.

Дидарғайып, Дидарымды көрсеттім.
Сегіз қиыр шартарапқа жол шектім.
Төрт құбыласын Тәңірімнің Түгендеп,
Ауыр-жеңіл арман жүгін өлшеттім.

Сен де өлше, Оқырман дос, бағала,
Дидарғайып – куә Алла Тағала!
Үш ғайыпқа үкі тақтым үмітпен,
О, Жаратқан, сәуле түсір санаға.

Дидарғайып, Жыр да ғайып, Жазылды.
Жазылды да жетеледі жазымды.

Табиғаттың төрт мезгілі бар мұнда,
Тыңда, оқырман, дидарғайып-сазымды.

Ақын өзінің ішкі сезіміне, ішкі түйсігіне ерік бергенде ақ жауындай ағыл-тегіл ақтарылатын сәттері де аз емес екен. Осындай сәттерде Өтегеннің жырлары кемерінен асып, төгіліп, жағалауға қайта-қайта соғатын көктембіл қарт Каспидің жал-жал толқындары сияқты әсер тастайды. Осынау өлеңдерді ойлы оқырманға, яғни өлеңнің астарына үңілетін, оның бір қарағанда аңғарыла бермейтін терең сырына бойлай білетін, талғампаз, дайындығы мол жыр сүйер қауымға арнайтынын байқадық. Өтегеннің «Көгілдір әлем» атты таза ақындық талғамын, ақындық ұстанымын ашып тастайтын шымыр туындысы Құбыла, Қағба сөзімен басталып Құран, Алла сөзімен аяқталып-ты. Осы екі аралықта ақын күллі жан дүниесін, жүрек қалауын алғаусыз ақтарып, тарау-тарау жыр төгеді.

Көгілдір әлем,
Көңілім де менің көгілдір,
Көгілдір әлем – көнеден жеткен тегім бұл.
Бөрілі байтақ Құбылаға қарай ұмсынып,
Шашырап кеткен таспиғын ойдың теріп жүр.
Шым-шымдап тартып шындықтың темір шідерін,
Жалғадым жырмен үздірмей үміт күдерін.
Құлдырап кеткен, Бұлдырап кеткен күндердің,
Құраннан таптым көңілге керек бір емін.

Құраннан тауып, құр атқа міндім ызғыған,
Құранға құла, кеудесі маздақ ізгі жан.
Алланың сөзін «апиын» деген «көсемдер»,
Аттандап шауып, мән бере алмадық, біз бұған.

Өтпейтін пышақ секілді болдық қайрағы аз,
Құранға түскен әріптер болды жай қағаз.
Қағбаның мөрі құйылып түскен десек те,
Сүлгі де болды сүргінге түскен жайнамаз.

Көгілдір әлем,
Көгілдір менің сарайым.
Аллаға сенген ақынның туы – Абайым.
Аллаға сенген, хакім де болған абызым,
Сөз аспанында жарқырап жанған жаңа айым.

Құранға құла,
Құраннан сұра, сұрасаң,
Әліптен баста «Алла» деп сөзді құрасаң.

Адамға ұнау қиын ғой мынау заманда,
Аллаға ұна – ұнасаң,
Аллаға ұна – ұнасаң!

Міне, жарты ғасырға жуық қазақ поэзиясы мен қазақ әдебиеттану ғылымының қара шаңырағында қаламына шаң жұқтырмай, ойлы, парасатты дүниелерді қазақ оқырманына ұсынуден келе жатқан жаны жайсаң, жүрегі жомарт қаламгер жетпіс атты белесіне ат басын тіреді. Бұл белеске тындырымды еңбегімен, тұғырлы істерімен, тынысы кең, толымды шығармашылығымен көтеріліп отырғанына қуанамыз.

Ендігі белестерде де көрнекті ақын, эссеист, әдебиеттанушы ғалым Өтеген Оралбайұлы қамшы салдырмайды. Өзінің ұшқан ұясы, қара шаңырақ – Қазақ Ұлттық университетіне қайта оралып, өмірінің тағы бір кезеңіне қадам басты. Ректордың кеңесшісі ретіндегі мемлекеттік қызметінде де, ұстаздық жолда да Өтегеннің әлі де өнімді еңбек ететініне сенімім мол. Қолыңнан қаламың түспесін, жақсы жырлар таусылмасын, өнер сапарың ұзақ болсын, Өтеген дос! Қазақтың жампоз ақыны! Арқалы ақыны!

2024

ЕКІНШІ БӨЛІМ
ШОЛУ МАҚАЛАЛАР



**Қанипаш МӘДІБАЙ,
фиология ғылымдарының
докторы, профессор**

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ПОЭЗИЯ

Жүмекен ақынның жыр әлемі – қазақ өлеңінің ХХ ғасырдағы қуаты мен нұры, салмағы мен сыры.

Ақын жүрегінен сығылып шыққан арыны бөлек өлең-ағыс қазақ поэзиясындағы қалыпты арналарды бұзып өтіп, бағытын өзгеше бетке салды.



Жүмекен Нәжімеденов қазақ поэзиясында мөлшерге сыймаған алапат ой-ағымымен өнерге жаңа өлшем әкелген, жаңа түр енгізген сирек дарынның бірі болды.

Ақын Жүмекен Нәжімеденовтің өлең құрылымы, поэзиясындағы жанрлық түрлер, тілдік қабат, сөз ұнасымы жайлы қазақ өлеңтану ғылымы айтар сөзін әлі айтқан жоқ.

Арзанға алданбаған адамшылық биігі, ұрпақ қамы мен ұлт талайын жоқтаған азаматтық мұраты, әлеуметтік үні айқын ақын жаратылыстың қазақ руханиятындағы қайраткерлік тұлғасын да тұтас танып, толық ашып болдық дей алмаймыз... Ғасырларды көктей өтіп, үзілмей келе жатқан халқымыздың қанға біткен қасиеті, ғажайып үрдіс – ақындық ХХ ғасырда жаңа поэтикалық шектерді жаулады.

Белгілі бір дәуірдегі қазақ өлеңінің жаратылыс болмысын қалыптас-тырған дүлдүл дарынның бірі Жүмекен Нәжімеденов өлеңінде бірнеше, өзіне ғана тән өрнек, өзіндік тәсіл бар.

Жүмекен өлеңдерінде қайталаудың, ұйқастың, сөз айшықтау мен ырғақтың, суреттеудің, тұспалдау мен астастырудың, шендестірудің жаңа үлгілері мол.

...Қоңыр құман тәрізді күлде қалған баяғы
Қоңырқай қарт тағы да бір қозғалып қояды...

Қоңыр ала бұлт көшер Жайыққа аунап қайтадан,
Қоңыр самал еседі іргелерден қайтадан.
Қоңыр домбыр-а-ға қарт бұрылады қайтадан,
Қоңыр үйрек құсайды шабақ ілген шайқала,

Не сол қоңыр құманша күлге қойған оты бар.
Қария да көрпеге батыңқырап отырар...

Осы жолдарда қимыл да, сурет те өзгеше бір айқындықпен, нақтылы ашылған. Мұндай, тілген таспадай айқын, тапқыр түскен тіршілік құбылыс-сәттері Жүмекен жырларында оралым сайын алдынды кес-кестеп отырады. Үзінді өлеңдегі бір тармақтан бірнеше тармаққа ұласқан қайталаудың бастапқы қайталау мен аяққы қайталауды қатар алып отырып келтірілген үлгісі – қазақ поэзиясында кездеспейтін үлгі.

Жүмекен Нәжімеденов поэзиясы жайлы қарапайым сөйлеу қиын. «Қатырып» сөйлеу, асырып сөйлеу тіптен мүмкін емес.

Өлеңді ұйқас тандап, құнды сөз, құлпырған сөз іздеп қумайтын ақын болмайтын шығар. Бірақ «қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шыққан сөз» сөйлеткен ақын көп емес.

Астарында алапат өмір қайнаған асыл жырға жан қуатын аямай төккен Жүмекен жырдың әр сөзі – ана тілінің құнары, құны.

Жүмекен Нәжімеденов дүниеге кісілік, ірілік, тұнық тазалық, іңкәр сұлулық, жаратылыстың қиял жетпес тылсым күштері, адам пенденің астам көңілін таптап өтер тәкаппар заңдылықтары жайлы шаттанып, қуанып, толғанып, торығып, күйіп-жанып, қызынып-суынып жыр төгу үшін келіп кетті.

Шырылдатып торғайларды, шымшықты Шығыс жақтан күйіп-жанып Күн шықты... ...Қанша арғымақ мінсең-дағы қаны ысты, аспан – биік, көкжиек тым алыс-ты.

Жүмекен өлеңдері – «үмітті арман етіп ашыту», «Бір қария жүзі шұбар – таскәрі», «Ойдың бойы өсе алмапты бір елі», «бидайлардың ақ мұрты селт-селт етіп жатты үркіп», «Ай да жүзін жаниды қара қайрақ аспанға», «Дүңк-дүңк етіп қан-тамыр тепкілейді шекені», «қасіреттің қасқыры әлдеқайда жатты ұлып», «Бебеулейді беті ашылған домбыра», «Сала-сала саусақтары шамдардың айсыз түнді көкірегінен итеріп», «Самал ғана лыпып ойнап жүр кезбе, бұталардың арасына кеш кірді», «Қоғалы көл, құм суы, көк орайы жап-жасыл – аунаушы еді боз аты жап-жасыл ғып жамбасын», «Майыспайтын мұз еді, түйе

тепсе сырғанақ», «домбыраның күс қолмен төсін осып тырналап», «Жаңалық телеграф бағаны боп аттап-аттап кірді андап» т.б. «көз сүрінбей» өте алмайтын үндестіру мен шендестіру, салыстыру мен ауыстыру, айшықтау мен ажарлау. Ақынның «Таудың бұлағы мен еменнің жапырағы» дастаны – ауқымды шендестірудің үздік үлгісі. Қарама-қайшылықтың үйлесімі ғажап сезімталдықпен айқын суретке айналған. Тіршіліктің жап-жарық, өткір нұры жаныңды баурап, жан-жағыңды қармап жетектейді. Беті қатты дымқылтас пен ақ-көбік толқынның жағаға соққан ерке назы көз қариды. Жүмекен ақын таудан төмен төгілген бұлақтың динамикалық болмысын жаратылыстың абстракциялы ұғымдарына қарай ұтымды «бұрады».

Жарқ-жұрқ етіп баурайында сонша арық аққанымен
шыңдар отыр томсарып: Сабыр, қайрат,
Әлде қатал мінез бе,
Жан ұға алмас мінез бар ма бір өзге,
арықтардың ақ жалы оған жат па әлде –
қабатына қатпар болып қатқан не?!

Ұлы жарасым. Кеудені табиғатпен қауышқан сәттегі қуаныштың діріл толқыны басады. Сурет жасау ақынға сөз емес. Сезінуі мен сезінтуін айтыңыз!

Қалтарысты, қойнаулары бұйығы Ала тасқын қанша ұрса да үйіріп Бүлк етпейтін неткен бүйір – бүйірі?!

Өмірдің тар өрісінде шарпысқан тіршіліктің қас-қағым сәттерін ақын мәнге бұрып отыруында – Ойшыл. Жүмекен поэзиясы негізінде сюжетті өлең болып келеді. Өлеңді өлең дегізер бір шарт – өлеңнің өзегі. Жүмекен жырларында өзексіз өлең жоқ. Ақын поэзиясын жанрлық маңызда арнайы зерттеу – тек Нәжімеденов шығармашылығын емес, нақтылы бір дәуірдегі қазақ поэзиясының түрі мен тегін саралау үшін қажет.

Жүмекен Нәжімеденовтің «Жаңғырық» поэмасы – қазақ өлеңіне қосылған жаңа жыр бағыты, жаңа түр. Қорғасындай ауыр көңіл мұңы. Махамбеттің тағдырын уақыт пен кеңістік өлшемінде мейлінше поэтикалық қуатпен толғау. Махамбет – қазақтың ары, ожданы. Ақын тарих ақиқатын алыстан барлап отырып, кезең шындығына ұрпақ жүрегімен жүгінеді.

– Су да ағатын арындап Исатайдың барында,
Мына сорлы Жайықта – «адыра қалған Нарында».
Соңғы ұрыста Батырдың аты оққа ұшып мақтаған,

Көз алдында қорқырап бара жатты Ақтабан.
Нақ сол сәтте Махамбет – әй, о да бір ер кісі –
Ойнақтаған атынан түсіпті де жерге ұшып:
– Сіз мініңіз мұны, – деп тоса берген өз атын...

«Жаңғырық» поэмасында ақындыбыстарды қуалай, астастыра қолдануды мейлінше мол ұстанған.

Ақ шел жапқан жанардай түк көрмейді ақ аспан,
Түн көрмейді ақ аспан – тағдыр да сол о бастан...
Ақ толқынды ат, ұлып.
Ақ Жайық пен ақ аспан, бір-біріңді сапырып –

Ақ боз мініп шықты, әне, жалғыз батыр ақырып:
Ақыртып бір жырласаң, міне, саған тақырып!

Ақ түтек, ақ найза, ақ қылыш, Ақ жайық, ақ боран, ақ толқын, ақ боз ат, Ақ аспан, ақ қылау... Тар тезге түскен тағдыры талай ұрпақты толғанып келе жатқан ақын жанын ақыннан артық ашу мүмкін бе?! Қырық буын, қырық аяқ саясаттың суық сырын суыртпақтап, ел тарихының қаралы кезеңін бар қасіретімен өлең өзегіне айналдыруда Жүмекен Нәжімеденов Махамбет поэзиясының жаратылысымен туысып, астасып жатқан шығарма туғызған.

Махамбет – бар қазақтың ұлттың мақтаны. Күн астында жортқан ақ боз атты, ақ найзалы, ақ сауытты, ақ жүрек батырдың, Махамбет поэзиясындағы «Меннің» поэтикалық бейнесі – азамат ердің баласы Махамбеттің тұлғасы Жүмекен Нәжімеденов поэмасында заманалық, кең масштабты, тарихи мәнінде тұтас ашылған.

Жүмекен поэзиясы – Жүмекен ақынның жан жыры, жан мұңы, жан сыры. Ақынның сергек, сезімтал, секемшіл жаны көлгірсу, жағымпаздық, дүниеқоңыздық, т.б. әлеуметтік дерттің симптомдарын аямай ашық айыптайды. «Жылтырлығы үшін тасты бағалап», «Жағымпаздық тілін бүктеп салады, кресло болу үшін жұм-жұмсақ», «шолтаңдағыш келетін қысқалық», «өтімді арзан», «Айла өседі деседі, ұяты жоқ базарда, Сауда өседі, деседі, ел пиғылы азарда», «топастың торғай аулар торы».

Ж.Нәжімеденов өлеңінде қажет жерде сөзді үзіп-үзіп, буынға бөліп келтіретін өзіндік үлгі жиі кездеседі. Ақынның бұл тәсілі – ырғаққа, буынға негізделген қазақ өлеңінің табиғатын өзінше «пайдаға жарату».

«Қорқыт жақындағанда», «семсер ілгеннің бәрі сүргін іздер сері емес», «жалғыз жібермеймін деп шылбырына жармасқан», «бас бағалап құлақтарына қарап», т.б.

Жұмекен Нәжімеденов – тіршіліктің бар сәтін, бар бояуын, бар құбылысын жеке мәнінде де, жалпы мазмұнында да тынымсыз, тоқтаусыз, қалт жібермей қармап қалып, өлең сөзге ұластырып, өзінен кейін ұланғайыр, өзгеше жыр мұрасын, жұмба жаратылысты поэзиясын қалдырған жиырмасыншы ғасырдың аса ірі ақыны.

Алладан дарыған сезіну қуаты бөлек ақын атаулы тұяғы бүтін тұлпар өлең жазу парызымен өмір сүріп өтеді-ау.

Түрлі ішкі-тысқы себептер тұсау болып, бұғау салғанына бой бермей, өршеленіп, ой қуатын сарқып төгіп, дүниенің дүбіріне «ұйқы беріп, қайғы алып» қалыс қала алмай қатысып, әр сәт, ұлы күйін әлдеқайда аяусыз, айрықша шалқар сезініп өткен «айтқанға көнбес, айдағанға жүрмес» мінезді ақындар әлемдік поэзия тарихында бар. Ұланғайыр поэтикалық мұраны таптаурын тезге салып «реттеп, бағалап, құнттаған» боламыз. Уызында жарымаған таным талқысына тартып жұлмалап, жырмалаймыз. Ішкі бір аяусыз түйсігім өлең сөзге төрелік айтып, оның бәсін белгілеу сенің шаруаң емес дейтіні де – рас. Сілкініп, серпіліп, арғы заман мен бергі күннің ақындық өріс-өресітуралы дәстүрлі зерттеулерді қастерлей отырып, бірақ өзінше оқшау бір онды ойлар айтуға «ұмтылып» қоятыным да рас.

Өмірдің өткінші жолаушысының шектеулі күйін көлденең тартып, дағдылы көп сылтаумен уақыт өлтіріп жүргенім де рас. Кешіріңіздер... Өзімді бірдеңенің тұтқасы санағандық емес. Осы шаруалар менің кәсіби парызым екендігін ұяла отырып мойындау...

Айқындауыш уақыттың адуын күшіне төтеп берген, өлең сөзде өз бәйгесі бар Жұмекен Нәжімеденовтің поэзиясы туралы айтылып келеді. Меніңше, мерейтойлар тұсында қызуланып, қозғалақтап қалатын дағдымыз ақын мұрасын түбегейлі заманауи таным айналымына қосып зерттеуге тежеу болып отыр.

Шартарап ғаламның әр сәтіне, бар бағытына қатысып, қанып ішіп өткен лирикалық түпбейне өлеңімен өзгеге сырын жайды. Ақын поэзиясындағы дара астастыру, астарлау, айқындау түстер (цвет – Қ.М.) тұспалы, т.б. көркемдік амалдар арнайы зерттеуді күтеді.

Әлемдік ауқымда жанды образ галереясынан ойып тұрып орын алған Жел бейнесінің Жұмекен поэзиясында тағы бір басқалар

байқамаған тылсым нақтылықпен әрленген күдірет, құпияларымен көлбеңдеп өтетін естен кетпес әсері бар.

Жел – бейтарап, бейжайды қозғаушы. Өмірдің екпіні. Бірде жайлы, кейде аяусыз. Жалғыз өскен ақ қайыңның жапырағын жан-жаққа шашып, өктемдік жасау озбыр желге оп-оңай. Сол жапырақпен қылжақтап ойнайтыны тағы бар. Дедек қағып әр бұтаны бір оятып жүгіретін де сол аңқылдақ алаөкпе жел. Нұрға бөккен өмір ынтық-тыра түскен бір сәтте жел де аяулы.

Бара жатқан жоқ шығарсың от тасып, Самал, сен де тоқтай тұршы, соқпашы: Саусақтарың керек боп тұр сипауға Түнгі алқапқа тұнып өскен шөп басын.

Жел бірде – жетім сөз. Кейде қорғасын бұлттардың түтетүтесін шығарып қуып кетеді...

Ақын өлеңіндегі бұғып жатқанды бұзып ағатын су қуаты, ақ қар, көк мұз, асқар тау, күндізін не түні сұлу құм ішінде үйірілген жаратылыстың жан жұмбағы елітеді, елжіретеді...

Жүмекен ақын – қазақ поэзиясына қилы себептермен қыспақ замандарда тосылып қалған туы түспеген сыншылдық сарын, азаматтық рухты жаңғырта, жаңаша дарытуда алдыңғы шепте тұрған, кейінгіге дәстүр тастап кеткен, өз мазмұн, өз маңызымен оқшау шыққан айтулы шығармашылық тұлға.

Өлеңге өмір құюдың нәжімеденовтік дара амал-тәсілдері, ақынның адамдық құққа араша тұрудағы айнымас азаматтық бағыт арналары түзілген шығармашылық нәр-қуат тарата, ғылыми жүйеде, дәстүр мен жаңаға негіздеп, бейімдеп бағалауды әлі күтеді. Ақын өлеңіндегі:

Суып кеттің, – бұл да анық, –
Суындырмай қойды ма:
Жібек тағып сыланып
Кірген жылан қойныңа, –

сынды, дүниені аярылықпен андап басып кезіп жүрген аш мысық сынды поэтикалық «табыс» Жүмекен жырларында асып-төгіліп жатыр. Ақын мұрасы тіл айшықтау, тілдік қор, тіл қолданыс бағытында да құнарлы зерттеу нысаны болар еді. Жүмекен поэзиясының жанрлық іргетасы туралы да зерттеулер жазылатын болар. Әр сәт, әр әрекет, арбау мен алдау, адал мен аңғал, өкініш пен өтірігі де – барлығы бірге мінгескен өмір арбасының бұралаң, бұрыс, түзу түскен шиыр-шиыр жолдарын сантарап оймен алысқа тартып жататын ықшам оқиғалы өлеңге салу машығының жанрлық жаратылысы әлі де жария бола қойған жоқ...

Текетірес тіршілік шырғаландарына ақын ақырын ғана көз тастап қойып, өмірдің күйін өлеңнің диірменіне салады.

Ықтиярсыз бөгесіндер (С.Рахметұлы. Монғолия) аз болмаған уақыттың түп ниетімен санаса бермеген ақын өлеңіндегі аяусыз сарказм, эзоптық арна, құны бөлек өмірді елжіреп, жібіп бастан сипайтын сирек сәттер, тау аңғарында, құм ішінде, дала жолында қолына қылқалам алып, түрлі түс символикасын арқаланып бояулы өлмес картиналар сызған шабытты шақтарында туған, өзінің тым ұзақ емес мәнді ғұмырының өлшемін түзген таза мінсіз шығармашылық мұрасын игеру, сіңіру - түгесілмейтін қайырлы міндет.

Жұмекен поэзиясындағы «бір керемет дыбыстың» үзілмей естіле беретіні – қазақ өлеңінің қашанғы мәртебесі.

Ақындық өнер арғы бастауларын Алланың ақиқат жолымен жүру парызын өтеу міндетін алғандығын адамзат әрдайым білген. Арада жолдан тайдырған замандар өткенімен, ақын атаулы ақтың жағы болып, ой төгу борышын ұстанудан тайған емес.

Қазақстан Республикасының егемендігі жарияланған 1991 жылдың 1 желтоқсаны ел тарихындағы жаңа дәуірдің есігін ашты. Ұлттық сөз өнеріміздің байырғы бай мазмұны жаңа уақыттың болмыс-бітім, беталыс-бағдарымен маңыздана түсті, әр қосып түлеп-түрленді.

Қилы тарихи себептермен шынайы өнерге тұсау болған қондырма мазмұн, қолдан жасалған кейіпкерлер, қолпаштау ұстанымы, әсірелей жазу, қисынсыз тартыс құру, тақырыпқа теліну сынды құбылыстар шығармашылық өрістен біртіндеп ысырыла бастады.

Адам тұлғасы көркемдік кеңістікке тіршілік құндағындағы бітім-болмысымен батыл енуге еркіндік алды. Қаламгерлер шығармашылық азаттыққа шықты.

Қазақ сөз өнерінің даму тарихындағы тәуелсіздік кезең әдебиеті атты жаңа шығармашылық уақытта қазақ поэзиясы жаңашылдықпен дәстүр байытқан, дара поэтикалық туындылармен өріс кеңітті.

Мәтінді ұлттық тұғырлармен әсерлеу; ежелгі жыр-толғаулардағы түпнегіз, дәстүрлі поэтикалық нысандарды жаңа дәуірдің мазмұнына ұтымды сіңіріп ұқсату; баяндау үрдісіне эпикалық үлгі мен лирикалық нақыштар үйлесімінің жатық орнығуы, т.б. суреткерлік бағыттары жаңа көркемдік дәуір поэзиясына әсер құйды, қуат қосты.

Қазақ поэзиясының алдыңғы буын өкілдері де, кейінгі толқыны да заманалар ақиқатын, ұлт тағдырына құбылыс (Ж.Бөдеш)

болып енген, ғасырларды көктей өтіп аман жеткен Бостандықтың бас айналдырар бақытын, ендігі уақыттың жаңа бағытын, азамат ердің баласы көтерер замана жүгін өлеңге дарытуға асықты. Неден де болсын сескенбей, қалпын түзей бастаған халқының ежелгі ғұмыр ғұрпын, ұлтжанды рухын Тәуелсіздік тарихымен тоғыстыра, жарыса жырлады.

Ақындар арғы замандарды, аруақты бабалар тағылымын, бодандықтың азапты сапарларын, бүгінгі уақыттың болмысын оның әлі жазылып бітпеген жүрек жарақаттарымен, жан қуантқан тарихи әсерлерімен тұтас сезінді. Қазақ өлеңінің мейлінше дәстүр байытқан, жаңашыл өрістер ашқан өнімді кезеңі де осы жылдар болды.

Тәуелсіздік жылдардағы қазақ поэзиясы ұлттық болмыстың түп қайнарларын сезінудегі көркемдік тапқырлығымен, сыршыл саздарымен, әлеуметтік өткірлігімен ерекшеленеді. Өткен дәуірлердің поэтикалық шежіресін жасау салтқа еніп, қазіргі заманның тарихи жырлары жазыла бастады.

Қазақтың көрнекті ақыны Жарасқан Әбірашұлы елдік мұрат күрескерлері – XX ғасыр басындағы Алаш азаматтарының рухына бағыштаған тағзым жырлардан тұратын көркемдік құрылымы бөлек «Құлпытас» кітабын жазды.

Ақын абырой жүгі, ар тазалығы, кісілік мінез, қымбат адамдар, өмір ағыстары туралы толғанды. Артық туған жандардың дара мінез болмыстарын аялады.

Жарасқан қазақ поэзиясын таза поэтикалық бітімдегі текті, рухты жырларымен байытты.



Жарасқан Әбдірашев ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Ұлықбек Есдәулетұлының отаншылдық, елдік мұраттармен суарылған сыршыл да намысты өлеңдер жинағы – «Киіз кітап» қазақ лирикасының қазіргі заманғы көркемдік әлеуетін көтере түскен рухани олжа есебінде бағаланды. «Мына кітап тартып отырған талай тауқыметіміздің басын шолса да, кеудеңе үміт гүлін егіп, жігеріңе жігер қосатын, тәуекелге мінгізіп, тәубеңе келтіретін парасатты жырлар-ға толы» (Ә.Кекілбаев).



Ұлықбек Есдәулетұлы

Жайық үшін жан бергендер,
Еділ үшін егесіп.
Қиғаш үшін қырылғандар –
Қазір бір-бір төбешік...
Басын иіп өтуі керек
Уақыт өзі бұл жерден
Тағзым етіп тұруы керек
Келген қоғам төресіп.

Ұ. Есдәулетұлының «Киіз кітабындағы» «Күршім. Жаралы Барақ батыр». «Қобда. Исатай батыр қабірі». «Ұлытау. Құрбандық. Қобыз үні». «Қарой. Махамбет», «Алматы. Желтоқсан» толғамдарынан түзілген «Қара шаңырақ. Иманнұр» топтамасы ата мекенді ардақты тұлғаларымен аялайды. Ақындық «Меннің» алғаусыз рас болмысынан қайнап шығып жататын, бейнелі тілмен жасанған өлеңнің көркемдік кернеуі поэзияның бәсін көтере түседі.

Қара Қобда қан сасыды,
Көбік шашып қан ақты.
Қан кірпігін әрең ашып,
Қанды көзбен таң атты.
Қапияда қырғын тапқан қобыландар жанарын

Қарға шұқып,
Қорқаулар мен қара шыбын талапты.

Аса шынайы, жаны жұмсақ, кішіпейіл өлеңдерімен әдеби кеңістікке ерте, еркін кірген Ұлықбек ақын Тәуелсіздік жылдары өлеңін өткірлік дарыған, әлеуметшілдігі айқын тың бағыттармен байытты.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Несіпбек Айтұлының жүздеген жылдарға кеткен Азаттық жорығын, Бостандықтың арман-арпалыспен қолға түскен бағалы, кәделі жолын дәстүрлі эпикалық баяндау, аңыздау, тарихи жырлар үлгісінде толғаған дастандары Тәуелсіздік кезең поэзиясының көркемдік даму бағыттарында өзіндік мәнге ие болды.



«Осы Тәуелсіздік идеясы тоғыз дастанға ортақ желі тартқан бұл жинақ – «Тоғыз тараудан» тұратын «Тәуелсіздік дастан» атты эпикалық роман ретінде әсер қалдырады» (С.Қирабаев). Біздің уақытымыздың рухы тұнған «Бәйтерек» поэмасында ақын Астана туралы толғанады. Астана – тәуелсіздік құрбандарына мәңгілік ескерткіш.

... Желбіреп көштің алды жалаулайды,
Арқаға аққан судай ел аунайды.

Жаңарып Қаратаудың ескі өлеңі,
Бауырынан Алатаудың көш келеді.
Сыртынан қарап тұрған дос сүйсініп,
Дұшпанның сұсты көзі сескенеді.

... Айналдым аруағыңнан, ер Кенекем,
Тәңірі тілегінді берген екен.
Тентіреп жердің түбін жеті айналып,
Қазақтың құты қайтып келген екен!

Астананың күн санап бой түзеп, қазіргі заманғы сәулетті шаһарға айналып келе жатуы – тұтас елдіктің тұғыры.

Жөңкілген Бостандықтың көші қандай,
Сарқылған құрдым қайта тасығандай!
Көзінен келгендердің қымсынады,
Жыртығын жүдеу қала жасырғандай.

Бұл – 1997 жыл. Ақын болашаққа болжам айтады. Сол болжам ертегідегідей шындыққа айналды.

Уақа емес, жалт қаратып дүниені,
Астана шыттай жаңа киінеді.
Қазақтың көсемінің алдына кеп,
Тәкаппар талай бастар иіледі!

Ата тарихты ілгерідегі бабалар дәстүрі машығында өлеңмен ашып, шежіре, шешен сөзге ұйыта баяндауды жаңғырту бағытын мығым ұстанған ақынның «Бас сүйектер», «Төлегетай», «Жалаңтөс», «Сардар», «Бердіқожа», «Ақмола шайқасы», «Желтоқсан – Мұқағали», «Ерлік пен тектілік», «Ту», «Тоғыз тарау», «Ерліктің ескерткіші», т.б. поэмаларындағы эпикалық екпін, есілген сөз оралымдарының поэтикалық салмағы құнарлы мазмұнға көркемдік маңыз қосты.

2023



Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
филология
ғылымдарының
докторы, профессор

ЖАҢА ЗАМАН ПОЭЗИЯСЫ

Тәуелсіздік – қазақ халқы үшін қасиетті ұғым. Бодандықтың, тәуелділіктің азабы мен ауыртпалығын әркім өзінше көріп, өзінше көтерді. Бірақ бодандықтың, тәуелділіктің азабы мен ауыртпалығын, залалы мен зардабын қазақ поэзиясындай көріп, қазақ поэзиясындай көтерген поэзия жер бетінде жоқ. Сондықтан да Тәуелсіздік туы көтерілгенде, Тәуелсіздік таңы атқанда, қазақ поэзиясындай сабырмен қуанған, ғасырлар бойы іздеген жоғын енді табардай болып, ғасырлар бойы күткен жақсылығы енді жетердей болып, келер күніне сеніммен қараған поэзия да жер бетінде көп емес десек болады.

Тәуелсіздік қуанышы, тәуелсіз халықтың келер күніне деген сенімі тәуелсіздік кезеңінің поэзиясында ерекше көрініс тапты. Мемлекеттік тапсырыс аясында «Жаңа заман әдебиеті. Поэзия», «Қазіргі қазақ поэзиясы» сериялары бойынша тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясының үлгілері баспадан шыға бастады. Тәуелсіздік заманы поэзиясының таңдамалылары әлем халықтары тілдеріне аударылып, баспалардан жарық көре бастады, бір топ ақындардың шығармалары түрік тіліне аударылып, түрік әлеміне жол тапты.

Тәуелсіз мемлекет, тәуелсіз ел құру - ел үшін де, мемлекет үшін де, халық үшін де тарихи мәні бар, өмірлік маңызы зор іргелі іс. Мұндай істің аясындағы үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты оқиғалар, елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған мемлекет-

тік бағдарламалар, игі идеялар, мәнді мақсаттар, жолдаулар мен қолдаулардағы орасан ойлар тәуелсіздік заманы поэзиясының мазмұнын байытуға септігін тигізетін рухани құндылықтарды қамтыды.

Тәуелсіз, жаңа мемлекет құру оңай болмағаны түсінікті. Социалистік мемлекеттің шаруашылық жүйесін жойып, жаңа, тәуелсіз мемлекеттің құқықтық, басқару, атқару, саяси, шаруашылық, экономикалық, әлеуметтік жүйелерін жасау кезеңі түрлі қиындықтармен қатар жүргені белгілі. Тәуелсіздік дәуірінің поэзиясында мұндай қиындықтар да, тәуелсіз мемлекеттің жетістіктері де лайықты көрініс тапты.

Поэзияның ерекшеліктері, баянды байлығы мен қымбат қазынасы автор тұлғасының шығармашылық даралығымен тығыз байланыста қалыптасады. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының дамуына мол үлес қосқан ақындардың шығармашылық даралығы олардың өмірбаян ерекшеліктерімен өзектес өрілген. Оларды азаматтық, шығармашылық өмірбаянының ерекшеліктеріне қарай басты екі топқа бөлуге болады: а) ақындық, азаматтық болмысы Тәуелсіздікке дейін қалыптасқан шығармашылық тұлғалар; ә) ақындық, азаматтық болмысы Тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан шығармашылық тұлғалар.

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі қазақ әдебиетінің барлық жанрында басты тақырыпқа айналды, әсіресе поэзия мен публицистикада терең тебіреніспен пайымдалды. Қазақстан Тәуелсіз мемлекет, тәуелсіз ел болып жарияланған жылды, Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңін ақындар мен көсем сөз шеберлері қатарында гүлдей жайнап, күндей балқып толғағандары да, ойланғандары да болды.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы - тәуелсіздік рухы күрескерлік рухымен ұштасқан қазақ жастарының намысы ойнап, қаны қайнап, бостандыққа ұмтылған сұрапыл бұлқынысынан туған көтеріліс. Желтоқсан көтерілісі, оның құрбандары, ерлері – қазақ поэзиясының өзекті тақырыптық желісіне айналды. Желтоқсан көтерілісі өткен Жаңа алаң, онда Тәуелсіздік үшін төгілген қан, содан бері өткен әр желтоқсан айы қазақ поэзиясында ерлік рухтың ғана емес, қайғылы хәлдің де қозғаушы күшіне, тарихи есті жаңғыртушы қуат көзіне айналды. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын-драматург, жалынды публицист, көрнекті қоғам қайраткері Нұрлан Оразалин:

Жаңа алаңда жарам бар жазылмаған, -

деп жырлады. Жыр сарыны 1987 жылдан бүгінге дейін жалғасуда.

Кешір, қарғам, тұра алмадық араша,
Шаққан сәтте бәрі сені араша.

Ай астында жалғыз қалып өксідім,
Жұртым үшін намыстанып балаша.

«Теріс» деуге жарай алмай терісті,
Күдік, үрей көкіректе керісті.
Ел екенбіз ертегіге алданған,
Бір-ақ күнде қан жалады жер үсті, -

деген жолдарды оқыған оқырман ақынның сезім күйін сезінбей қалмайды, өзі де қиналады.



Желтоқсанда өздерінің азаматтық құқын қорғап, азаматтық ұстанымын білдіріп, бейбіт шеруге шыққан ержеткен жігіттер мен бойжеткен қыздарды темір сойылмен ұрып, шаштан сүйреп, желтоқсанның қақаған аязды суығында сумен атқылап, тіпті соғыс техникасын жүргізіп, қарулы күшпен жаншып, басқан тажалға қарсы жастарға араша түсер, қорған болар ешбір қайрат көрсете алмау бодандағы елдің болымсыздығы, бодандағы ердің құлдығы еді. Өрімдей жастар, інілері мен қарындастары осындай сұрапыл сойқанның құрбаны болып бара жатқанда, ақынның лирикалық қаһарманы өзінің ешқандай қайрат көрсете алмағанына налиды, бұған дейін доспыз, жолдаспыз, бауырмыз деп келген жаттың жаудан жаман шауып, ұлттың ұлын құлдай, қызын күндей ұрып-соғып, қырып-жойғанына күйзеледі.

Амал қанша?
Бәрін шыққыр көз көрді.
Беріп қойдық сатқындар мен езге өрді.

Арым үшін таяқталған налыдым,
Бір-ақ күнде ішім менің өзгерді.
Арқалаған аңқау елдің тілегін,

Арандадың андаусызда, түлегім.
Көзім менің сол қырғында ашылды,
Көңілімде қырғи болып түледің, -

деген жолдарда елдің жас түлектеріне тиген соққының иелеріне, өлген, қырылған, өлімші болған жастың обалына қалған сатқындар мен ездерге лағнет айтады, елдің өсер өркеніне жұмсалған қарудың өзінің арына, ұлттық намысына тиген соққы екенін ашынып, таудай еңсесі басылып, жігері құм болып, өкси отырып білдірді. Өлеңінің соңын ақын Желтоқсан суығына ұрынған інісіне арнаған сөзімен бітіреді:

Өзгеше едің...
Жазылмаған жыр едің.
Кешір, інім, бола алмадық тірегің.
Сенің қайғың жарам болды жазылмас,
Соны ойласам, сыздайды ылғи жүрегім.

1986 жылғы Желтоқсан кеңес өкіметінің іріп-шірігенін, социалистік, коммунистік мақсат пен мұраттың желге ұшқанын, ел ішінен шыққан сатқындар мен ездердің, дүние пайдасын көздеген қорқаулардың дегені жүре бастағанын аңғартты. Желтоқсан өтті, оның жастардың жүрегіне мұз болып қатқан ызғырығынан түскен жара қалды. Нұрлан Оразалин «Жаңа алаңда жарам бар жазылмаған» циклындағы келесі бір өлеңін былай аяқтайды:

Кеме шығып қайраңға... Қайық тайды...
Ұлысты да уақыт байыптайды.
Жаңа алаңда жарам бар жазылмаған,
Уақыт өзі жендетін айыптайды!..
Айыптайды...

Ақын өз жарасын айта отырып, барша жұрттың жүрегінде шемең боп қатқан шерді қозғайды. Тәуелсіздік поэзиясында Желтоқсан жарасы ел жүрегіндегі көп жарадан түскен көп жамаудың жаманы болып бейнеленді.

Нұрлан Оразалиннің «Үш томдық таңдамалы туындылар. 3-том. Жыр кітабы» (Алматы: Жазушы, 2006) қамтыған тақырыптардың бірі – қайыршылық. Бұл ретте ақынның «Қара шал, қара бақыр» өлеңі әлеуметтік өткірлігімен, үмітсіз қайыршылықтың қайырымсыздығын қапысыз қамтуымен ерекшеленеді.

Қайыршының қолында – қара бақыр,
Жанарында - жазылмас жара жатыр.
Жүрегінде...

Кім білсін қандай майдан?
Тану қиын...
Кел дағы қара да тұр.

Тәуелсіз елде, Тәуелсіз мемлекетте, қойнауы қазынаға толы туған жерде қоғам мүшелерінің, азаматтардың қайыршылық күй кешуіне жол берілмейді, берілуге тиіс емес деу оңай. Туған жері, тұрған жері қазына-байлыққа толып, алтынының буы дүние-әлемнің буынына түскен елде адамдардың қайыршылығы жалпы сипат алып, кәсіп етудің бір түрі ретінде қалыптасатын болса, оған ақынның қабырғасы қайыспай қалмайды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ұлықбек Есдәулет «Қазіргі қазақ поэзиясы» сериясымен жарық көрген «Ғұмыр жас» кітабында «Көк бөрінің рухы» жайында жалындап жырлап келіп:



Замандарды көп көріп тар-қысталаң,
Айбалтадай жарқ еттің шарға ұстаған.
Дүниені жібердің жап-жарық қып,
Желтоқсанның жасыны, алғыс саған! -

деп толғанды. Желтоқсан көтерілісінің қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресінің тарихында, азаматтық тарихында, тағдыр-талайында алатын орны үлкен. Желтоқсанда төгілген қанның, қиылған жанның өтеуіндей болып атқан Тәуелсіздік таңының арайында қуаныш қана емес, бодандық бұғауында бұлқынған қилы заманның қайғысы да болды. Әйтсе де Тәуелсіздіктің қасиеті тебіrentпей қоймады. Осы тебіреністің бір ерекше сырын Ұлықбек Есдәулет бостандықпен байланысты ашады:

Мұзарт шындай тұратұғын мұнартып,
Қол жетпеген арман едің құны артық.
Сенің атың дұғамыздан түспеген,
Қасиеттеп тағатұғын тұмар қып.

Кешіп жүріп қан аралас көз жасын,
Аңсап едік, құштарланып, құмартып...

Бостандықтың қадірін халық біледі. Бодан халық, бодандағы ер бостандықтың, тәуелсіздіктің қадірі мен қасиетін қаны мен терін төгіп жүріп, қан мен тер сіңген сазды толарсақтан кешіп жүріп білді. Сондықтан оның баяғы ата-бабаларының заманындағы еркіндікті, теңдік пен тәуелсіздікті іздеуі де, оны аңсауы да, сол үшін күресуі де, тіпті сол жолда қаны мен терін төгіп, жанын қиюы да өзгеше, өзгелерден бөлек. Қазақ халқының тарихи есіндегі тәуелсіздік, еркіндік, бостандық рухының осындай ерекшелігі бар.

Ұлықбек Есдәулет қазақ халқының тарихи есіндегі тәуелсіздік, еркіндік, бостандық рухының естен кетпестей болып сақталып қалған осындай ерекшеліктерін көрсетеді. Ондағы ерекшеліктердің әрқайсысы – қилы кезеңдерімен, қиын асуларымен ғасырлар кеңістігін алып жатқан ұлы сурет.

Сыңғырлаған бұлақтарды суалтып,
Сыбдырлаған құрақтарды қуартып,
Үміт нұры үзілерде үздігіп,
Келген едің жыл құсындай қуантып.

Ақын тәуелсіздіктің, бостандықтың келуіндегі ерекшеліктерді де көркем өрнектейді. Халықтың даласы мен қаласындағы, саласы мен санасындағы сыңғырлаған бұлақтар суалғанда, сыбдырлаған құрақтар қуарғанда, елдің үміт нұры үзілер хәлге жетіп, ер үздігіп тұрған шақта келген ердің еркіндігінен, елдің бостандығынан, мемлекеттің тәуелсіздігінен ардақты құт болмайды. Құттың қонуы қандай қиын болса, оны ұстап тұру да оңайға түспейді. Оны ұстап тұрудың кепілі – құтты білік. Құтты білік ұлтқа ұлттың тілі арқылы, ұлттық ойлау жүйесі арқылы дарып, ұлттық, мемлекеттік құндылыққа айналады.

Тәуелсіздік кезеңі поэзиясының үзілмей жалғасқан мұңды бір сарыны, тыйылмаған зары туған тілдің аянышты халі болды. Осы сарынның зары Ұлықбек Есдәулет поэзиясының гүлдей жайнаған, оттай лаулаған отаншыл сазының әлемінде жанның жарасын ашытатын, көңілдің көзін жасытатын күйге айналды. Ақын көп томдық шығармалар жинағының үшінші томында (2006) туған тілі туралы толғанғанда, осы күйдің шындығын суреттеді:

Етектегі тасынды
Өрге апарсам деп едім,

Есіктегі басынды
Төрге апарсам деп едім,
Өз елінде өгейлі,
Кісі үйіне кегейлі,
Кенезелі күйіңе
Көл қотарсам деп едім.
Бұлт басқан көгіңді
Нұр жайнатсам деп едім.
Тереңдегі кеніңді
Күнге ойнатсам деп едім.
Кеуіп қалған көніңді
Қымыз құйып жібітіп,
Құлақ құрышын қандырып,
Сырнайлатсам деп едім...

Өлеңде туған тілдің бағын ашып, құтын тасытуды арман етіп, алуан түрлі асыл тілек тілеген, ақық ниет нұрымен балқыған ақындық қуат айрықша қасиетін ашады. Басынан нөкта кеткенмен, тілінен құрсау алынбаған адамның, адамзаттың теңдігі қандай, елдігі қандай болса, жырдың жанары, өлеңнің өрімі сондай. Жыр жанарындағы, өлең өрімінің өзегіндегі ой мен сезім жапырағы «ескі үміттей» сарғайып, желсіз күннің көзінде бірде елбіреп, бірде қалтырап тұрғандай.

Аталған кітаптағы:

Қашқандар мен босқандардың
Панасысың, Отаным,
Асқандар мен тасқандардың
Табасысың, Отаным,
Жанарымның ағы менен
Қарасысың, Отаным,
Жазылмайтын жүрегімнің
Жарасысың, Отаным... –

деген өлең жолдарындағы сырда да шалқыған, жалын-лебі жанды шарпыған оттай ыстық шындықтың ағысы бар.

Шындық дегенде, санамыздан тыс тұрған болмыстың қалпы туралы ойланамыз. Отан дегеніміз де нақты, затты болмыс. Ақын өлеңінде ақын мен Отан арасында алшақтық жоқ, ақын

мен Отан бірбүтін, Отан ақынның болмысына айналған. Отан болмысын осылай суреттеу арқылы ақын өзі мен Отанның шындығын бір тағдырдың шындығы, бір тағдырдың шырылы қалпында толғайды. Өмірлік мәні зор шындық құбылыстардың сыны мен сырын ақын жанарының ағы мен қарасына тұндырады, ақындық таным кеңістігі, өлең, өлеңнің лебі туған даланың таңғы ауасындай тап-таза, тұнық. Отанын жүрегінің жазылмайтын жарасына балағанда да ақын шындықтың жүзінен таймайды. Отанын жүрегінің жарасына айналдыру ақынның өз қалауымен, өз еркімен болған іс емес, сыртқы күштің сұрапылынан болған созылмалы сұмдық. Бұл - бір жүректің жарасы. Ақын өлеңіндегі шындықтың суреті – жүректегі жазылмайтын жараның суреті. Бірақ осы бір жүректің жарасы бар жүректі ауыртады.

Бостандық та, тәуелсіздік те ұлттық мәні бар асыл қазына. Ұлт бостандығы, ұлттық мемлекет тәуелсіздігі – әр адамның, әр жеке тұлғаның бостандығы мен тәуелсіздігінің кепілі. Ұлт бостандығы, ұлттық мемлекет тәуелсіздігі өз қалпында, өз болмысында – құт.

Бостандықтың жоқтығы – құлдық, тәуелсіздіктің болмауы – бодандық. Мемлекеттің әр азаматының әлеуметтік теңдігі, елдегі әр жеке тұлғаның басында бостандық, ісінде еркіндік болмаған жағдайда оны бостан, тәуелсіз деп айту артық.

Мемлекет меншігіндегі бар қазына-байлық жекелеген адамдардың меншігіне көшкен жағдайда мемлекет азаматтары арасында әлеуметтік әділеттілік, теңдік толық сақталады деп айту орынды болмауы ғажап емес. Оған Бостандықтың да, Тәуелсіздіктің де қатысы жоқ. Ақынның поэтикалық ойлау әлемінен түрлі ойдың жарығы түседі. Ол жарық нұрлы, түрлі түсті.

Бостандық, Тәуелсіздік әлеуметтік әділеттілікке жеткізеді. Бостандық, Тәуелсіздік жоқ жерде әлеуметтік әділеттілік болмайды. Әлеуметтік әділеттілік орнамаған, сақталмаған, қорғалмаған жағдайда тәуелсіздіктің жарығы жалпыға бірдей түседі деу бекер. Ұлықбек Есдәулет елдің егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін, әлеуметтік бостандық пен әділеттілікті ақындық ойлаудың биігінде шырқап, азаматтық танымның тереңінде толғайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен «Парасат» орденімен марапатталған, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағы Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Махамбет атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты, Шешенстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, түбі бір түркі халықтарының «Түркі әлеміне

қызметі үшін» халықаралық сыйлығының лауреаты, Ресей Жазушылар одағының Сергей Есенин алтын медалінің иегері, шешеннің батыры, қазақтың ақыны Рафаэль Ниязбек – ақындығы мен батырлығын дүйім түркі әлемі мойындаған дара тұлға, өмірде көргені көп, көре-көре көсем болған құрметті азамат. 2014-2017 жылдары 20 том болып дайындалған шығармаларының 9 томы жарық көрді. 2021 жылы «Көсем» романы жарық көрді. Бұл автордың көзі тірісінде жарияланған соңғы шығармасы еді.

Ақын:

Уа, халқым!
Тулап, бұлқынған
Өр мінез өжет ақынмын!
Туыс жоқ менде бір туған,
Өзіңе ғана жақынмын! –

деп толғайды. Өр мінез екені де, өжет екені де шын. Тұла бойында тулап, бұлқынған қайрат бары да рас. Халқына жақын екендігі де анық. Сонымен қатар өлең жолдарында көрініс тапқан осы шын, рас, анық деген құбылыстардың өзегінде ақынның өзіне белгілі, өзгелерге беймәлім бір терең ағысты сыр бар. Ол сырдың мәні ақынның лирикалық кейіпкерінің шығармашылық ойлау кеңістігінде ашылады. Абай, жалғыздық көрер жері жоқ бола тұра, өзін жалғыз сезінді. Абай сезінген жалғыздықты әлемнің ұлы ақындарының бәрі де бастан өткерген. Мұқағали өмірде ақындардың бәрі жалғыз екендігін айтты.



Ақынның сөзінің сазын саралау барысында: «Тура биде туған жоқ», - деген халық даналығы еске түседі. Туғанға тартпай, тураны жақтау тура биге тән қасиет болса, нағыз ақынның қасиеті де осындай. Нағыз ақын халықты қолдайды, халық мүддесін, халықтың ұлттық құндылықтарын қорғайды. Бұл деңгейдегі ақындардың сырласы, мұңдасы халық болды, олар өздерінің халықпен бірге екендігін сезінуден қуат тапты. Рафаэль

Ниязбектің ақындық қуатының қайнар көзі – халық, халықпен жақындық.

Р.Ниязбек еліне, елінің өсер өркеніне ұсынып отырған шығармашылық қазына - бір қаламгерге емес, бір ғасырға да

емес, ғасырларға жүк болғандай рухани асыл байлық. Ақын шығармаларының қадірі мен қасиеті шынайылығында, өмірдің шындығын суреттеудегі поэтикалық қуатты шындықтың халық тағдырындағы қалпынан таба білуінде. "Жердің көз жасы» толғауында ақын Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі қайта-құрулардың қиыншылықтарын бейнелі бедерлей келіп, мынадай ой түйеді:

Алтын сатып,
Мыс сатып,
Мұнай сатып,
Бүркіт сатып,
Құс сатып,
Құмай сатып,
Күн көрген ел оңа ма
Ұрпақтары
Қарыз болған жат жұртқа тумай жатып.

Поэтикалық тілдің көркемдік-бейнелеу құралдары, бейнелі сөздер, фигура, троп үлгілері жоқ. Өлең шумағы тура мағынадағы нақты да затты тілдік бірліктерден тұрады. Әр сөз, әр сөз тіркесі өмірдің шындық оқиғаларын нақты, боямасыз, шын қалпында көрсетеді.

Халық ұғымында кісінің қарызға батуы ерікті басқа өз еркімен нокта салдырумен бірдей. Тіршіліктің түрлі бұраландарында қарыздану ерте замандарда да болған. Бірақ ешкім, ешбір ер, ешбір отағасы, ешбір ел өзінің мойнындағы қарызды баласының, немересінің мойнына салып кетпеген, оған елдің естияр азаматтары да жол бермеген. Ақынның айтып отырғаны мұндай қарыз емес, басқа, сордай тартатын, сұры жаман, сұрапыл қарыз. Мұндай қарызға бату сорға батумен шектеседі. Сондықтан да ақын ұрпақтарының тумай жатып жат жұртқа қарыз болуын төбе шашы тік тұрғандай, құйқасы шымырлағандай күйде қабылдайды. Ес жиып, етек жапқан азаматтардың өз қарызын өзі өтей алмайтын күйін көріп, олардың өз қарызын өзі өтей алмай, ұрпақтарының мойнына салып кету қаупін сезгенде, шарасыздан шарқ ұрып, көңіл толқындарымен шың-жартасты соққандай күркіреп барып басылады.

Ақын өмірдің шындық құбылыстары туралы сыр толғай отырып, өз жайын, өз шындығын да жасырмайды:

Жалғыз тамшы көз жаспын,

Тұрып қалған
Дүниенің ілініп кірпігінде, -

деген жолдарда адамзат баласына ортақ шындық көрініс тапқан. Ақынның өмір жолын, ақынның елі мен жерінің көргендері мен басынан өткергендерін көздің алдынан өткізгенде, өлең жолдарындағы осы сурет ақынның өз өмірінің, елі мен жерінің шындығы, өзінің, елі мен жерінің көңіл күйі ретінде қабылданады. Ақын:

Қара дауыл сіліксе, қауіптенем
Жерге тамып бір күні кетем бе деп, -

сияқты ой айтса да, автордың өз басындағы, елі мен жерінің басындағы шындықтың шырылы естілгендей сезіледі, өлең жолдарындағы әр сөздің өзегінде телегей-теңіз тарих бардай көрінеді. Өлеңді бірбүтін алып қарағанда, жалғыз тамшы көз жасының суреті, образы елестейді. Оның шынайы мазмұнын табу, тура мағынасын тану қиын. Алайда бір нәрсе анық: дүниенің кірпігінде ілініп тұрған жас өмірдің өзі іспетті. Оның жерге тамып кетуі ақын ғана емес, қалған қалың жұрт үшін де ақырғы сәттей қауіпті.

Ақын жасаған көк бөрі бейнесінде тұңғыық сыр, үлкен мән бар. Оның тереңіне бойлау оңай емес. Көк бөрі – ақынның көркемдік қиялынан туған сурет. Боданда өткен заманның аңшылары көздеп атқанда, қара саннан жараланған көк бөрі. Ақын көк бөрінің осы қалпын оның өз сөзімен жеткізеді:

Қара санға оқ тиіп,
Қан сауылдап,
Жортып келе жатырмын қар үстінде.

Ақын жасаған көк бөрінің образы оқырманның ойында мәтіннен тыс жатқан жұмбақ мағына, жасырын мән желілерімен тоғысып, кемел көркемдік құбылысқа айналады. Осы кемел көркемдік құбылыстың мазмұнын әркім өз шама-шарқына, өз танымының байлығына, деңгейіне қарай түсінеді. Бұл жерде де айдай анық бір нәрсе бар: қара санына оқ тиіп, қаны сауылдап, қар үстінде жортып келе жатқан көк бөрі бейнесі.

Қара санына оқ тиіп, қаны сауылдап, қар үстінде жортып келе жатқан көк бөрі - ақындық санадағы бейне. Бұл сурет қазақ халқының ақындық санасынан, азаматтық ойынан еш уақытта өшпейді. Өйткені қара санына оқ тиіп, қаны сауылдап, қар

үстінде жортып келе жатқан көк бөрінің тән жарасы мен жан жарасының азабы және атылған атом жарылыстары мен шашылған у қалдықтарынан қабырғасына түскен қырық жараның, омыртқасына түскен отыз жараның зардабынан күні бүгінге дейін күйзеліп жатқан қазақ жерінің, қазақ елінің шемен болып қатқан шері өзара шектес, тектес. Осы тұрғыдан келгенде, Рафаэль Ниязбектің қара санына оқ тиіп, қаны сауылдап, қар үстінде жортып келе жатқан көк бөрісі – астарлы мағынасы бар, оған қоса жасырынулы мағынасы бай метафоралық бейне.

Өмірдің, елі мен жерінің көкіректі күйдірген, өзекті жандырған шындығын астарлы мағынада, перделі мәнде бейнелеу – ақынның поэтикалық ойлауы мен көркемдік жинақтауының кемел деңгейін көрсететін мәнерлі машық, сара стиль үлгісі. Қара санына оқ тиіп, қаны сауылдап, қар үстінде жортып келе жатқан көк бөрі – тәуелсіздік жылдар жырындағы жаңа поэтикалық образ, мағыналық қыры көп ерекше және елеулі жетістік.

2019 жылы ақынның жаңа кітабы жарық көрді: Ниязбек Р. Арғымақтар даласы. Өлеңдер мен поэмалар / Рафаэль Ниязбек. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2019. - 384 б. Кітап «Бүкіл әлем өмір сүрсе саналы» өлеңінен басталады.

Армысың, ару дүние,
Болашақтың тізгініне кім ие?
Қорғап, жебеп жүретін
Еліме керек бір кие.

Көп тілінген сауыры,
Қай қазақтың бүтін дейсің бауыры.
Арқасына ер батқан
Арғымақтың жазыла ма жауыры... (5-бет).

Өлең дүние келбеті, арғымақтар даласы туралы. Дүние келбетінен, арғымақтар даласынан ақынның жаһан желінің өтіндегі өзінің көркемдік әлемі көрінеді, ел мен жердің болашағы туралы толғанғанысты ойларының таудай толқындарының үні естіледі. Ақынның көркемдік әлемінің басты тұлғасының арқасына ер батқан, жауыр, сауыры тілінген, бауыры да бүтін емес. Егерде ақынның өлеңмен өрнектеген осы суретін болмыстағы ақиқат, нақты шындықтың көрінісі түрінде қабылдап, оны болмыстағы қалыбын қайта салмақ болсақ, онда бекер әуре болар едік. Өйткені ақын өлеңінде өрнектелген суреттің қалыбы біздің көз алдымыздағы болмыста жоқ. Ақын өлеңінде өрнектелген сурет

ақынның шығармашылық ойлау әлемінде жасалған құбылыстың суреті. Әйтсе де ақынның шығармашылық ойлау әлемінде жасалған суретте болмыстағы шындықтың елесі немесе сәулесі көрініс табатынын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ бұл елес пен сәуленің көрінісінен туатын мағына бейнелі, астарлы, тұспалды. Мағынаның бейнелі, астарлы, тұспалды болуы оның қырының көптігін білдіреді. Бір қырынан көрінген мағына басқа да қырларынан көрінеді, әр қырынан басқаша сыр танытады. Мағына байлығы мазмұн байлығына негіз болады. Сол байлықтың өзегінен ақынның елі мен жеріне, Отанына деген құрметі мен сүйіспеншілігі нұр төгеді. Онда жанашырлық, аяушылық сезімі алдынан күткен жарқын үмітінің жарығымен жанданып тұрады.

Өлең мына үлгіде түйінделеді:

Адалдықтың тұрса есіп самалы,
Бейбіт күннің бұзыла ма қамалы.
Ару дүние, саған да ешбір қатер төнбейді,
Бүкіл әлем қарусыз, өмір сүрсе саналы
(6-бет).

Адалдық, әділеттілік - жаратылысына сай ұдайы жаңарып, тазарып, арылып айналатын жер-анаға тән қасиет. Жер-ана күн әлемінде ұдайы жаңарып, тазарып, арылып айналғанда, жер басып жүргендердің табиғаты да жаңарып, тазарып, арылар деген үмітте болатын көрінеді. Атам заманынан осылай екен. Өкінішке қарай, адамзат Атам заманынан бері жаңара алмай, тазара алмай, арыла алмай келе жатқанға ұқсайды. Оның себебі санада көрінеді. Ақынның: «Бүкіл әлем... өмір сүрсе саналы», - деп арман қылуының сыры осы арнада ашылғандай болады. Бүкіл әлемде адалдықтың самалы есіп тұрса, бүкіл әлем күш көрсетпей, қару қолданбай, ақылға жүгініп, ақылдың айтуымен саналы өмір сүрсе...

Жер бетін арамдық, зорлық-зомбылық басқанда, ақындық қуат осындай асыл арманға бой ұрады. Мұндай арман-мұратқа қол созатын, соған ұмтылатын, соған жетуден үміттенетін абзал жандар аз емес. Осындай асыл арман-мұраттың болуы, ел-жұртты осындай арман-мұрат сазымен әлдилейтін ақынның болуы – біздің заманымыздың басты құндылығы. Адамзаттың осындай арман-мұраты болмаса, сол арман-мұратына жетемін деген үміті болмаса, ел-жұртты осындай арман-мұраттың, осындай үміттің сазымен әлдилейтін ақыны болмаса, мына дүниеде қандай қадір қалар еді.

«Тәуелсіз қазақ елі» толғауын ақын мынадай шумақпен жинақтайды:

**Ғасырлардың шөкпеген салмағынан,
Қазақ неге көз жазсын арманынан.**

**Қатер бар ма төнетін
Асқар таулар
Түгел қоршап тұрғанда жан-жағынан (7-бет).**

Алдыңғы өлеңмен үндес. Арман – асқақ, алда. Қауіп-қатерден сақтаушы асқар таулар. Образ, образдылық жүйесінде мін жоқ. Өлең шумағындағы осы образ бен образдылықтың астарынан бой көтеретін мағынаның өрісі кеңбайтақ. Тәуелсіз елдің стратегиялық ресурстары, адами капиталы, зияткерлік әлеуеті т.б. – осылардың әрқайсысы әр бағыттан қорғап-қоршап тұрған асқар тау сияқты.

Енді бір өлеңін ақын былай бастайды:

**Сағым қуып, адасып құмда қалып,
Жанарымда көрмеді мұң қамалып.
Болашаққа жол тартқан біздің елде,
Болашақтың іргесі тұр қаланып (7-бет).**

Ақынның лирикалық қаһарманы сағым қуып, құмда қалмаған, жанарында мұң да қамалмаған, болашаққа жол тартқан елінде болашақтың іргесі қаланған. Өлең шумағының қарапайым мазмұны осындай. Қарапайым дегенмен, онда үлкен мән бар. Тәуелсіз Қазақстанның болашағына деген берік сенім бар. Елдің болашағына деген сенім – қасиетті сенім. Ақынның шығармашылық санасы осындай қасиетті сеніммен нұрланып, жарық шашады.

Рафаэль Ниязбек өзінің өзегін жандырған шындықты айтып, өзгелердің өмірін өзгерткен, ойын ойсыратып, санасын сансыратқан жалпыадамзаттық мәні бар тақырыпты көтереді, елдік пен ерлікті мадақтайды, ынтымақ пен бірлікті ардақтайды, тәуелсіздік толғауын толғайды. Бір тамшы жастан бүкіл бір ғұмырдың суретін көрсетеді. Болмыстың ағып өткен сәтінің өтпелі елесінен өнегелі өнер үлгісін жасайды. Мұның бәрі - дара таланттың қызыл қанын қыздырып, қара терін ағызып атқарған ерен еңбегінің нәтижесі.

Қазақ поэзиясының Тәуелсіздік кезеңіндегі сырлы әлемінде Рафаэль Ниязбектің шығармашылығы ішкі мәні мен сыртқы сәні жағынан әдемі өрілген, заманның көкейін кескен, өзегін

тескен өзекті тақырыбымен, іргелі идеясымен ерекшеленеді. Р.Ниязбек – көкірек-көзінде шамшырақтай жарқыраған асыл мақсат-мұраты, биік эстетикалық нысанасы бар, көңілінің ой жайлауы көкорай шалған бәйшешек болып жайнап, айналасына жарық шашып, сәуле төгіп келген сәулетті суреткер.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының тұтас бір жүйесі сара сарынымен ерекшеленеді. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Тәуелсіз Қазақстанның тұлпар тұрпатты, сұңқар сипатты айбынды әрі арынды ақыны Темірхан Медетбек Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясына осындай жаңа һәм сара сарын қосты. Ол – Көк түріктер сарыны. Ақынның «Тағдырлы жылдар жырлары», «Тынышыңды алам, дүние», «Көк түріктер



сарыны» атты кітаптарында осы сарын сан түрлі сазбен толысып, симфониялық алып арнаға айналды. Ақынның таңдамалы шығармаларының үш томдығы (2011), шығармаларының жеті томдығы (2020) осы алып арнаның ағысы мен тынысын толық ашады.

Ақын тәуелсіздік туралы ойларын тарихи таным тұрғысынан толғайды. Тәуелсіздікке дейінгі күйін «Кім екенімді енді білдім» өлеңінде өзекті өрілген үш шумақ оймен суреттейді.

Құшағым
Тауды құшақтайтындай
Кең еді.
Көңілім
Шалқып жатқан көл еді.
Өлдім.

Әуелгі бес жолда өмірде өшпейтін, өлмейтін құбылыстарға тән айрықша асыл қасиеттер бейнеленді. Ол қасиеттердің асыл арнасынан, алтынды арқауынан таудай асқақтап, көлдей шалқыған, теңіздей тебіренген қазақтың ұлттық болмысының мәні мен нәрі танылатындай. Мұндай қасиеті бар жан өлуге, өшуге тиіс емес. Бірақ тағының қасынуынан болды ма, мергеннің басуынан болды ма – әлдебір сұрапыл сұмдық көтеріліп, өлмес жанды өлімші етті. Тауды құшақтайтындай кендік тарылды, көлдей шалқыған өмір шөлдей болды. Өлді

деуге болмайтын, өлді деуге қимайтын асыл қасиет өлді. Өлең ары қарай былай жалғасады:

Сөзім
Жартасты жарып жіберетін.
Көзім, тік қарасам,
Кімді болсын
Жағып жіберетін.
Сөндім.

Шумақтың мағыналық-құрылымдық жүйесі алдыңғы шумақтағыдай. Сөнді деуге болмайтын, сөнді деуге қимайтын асыл қасиет сөнер болды, сөнді.

Бірі өлмейтін, бірі сөнбейтін екі қасиетінен бірдей айырылып қалған тұлға: «Қазір кіммін?» - деп өзіне өзі сұрақ қояды да, ол сұрағына өзі жауап береді:

Кім екенімді білдім!
Үмітімді күте
Мойным
Қайырылып қалды.
Қазанға түсетін бастай
Жағым
Айырылып қалды.

Нақты, қысқа айтылған әр тармақта, әр сөзде атан түйеге жүк болардай ауыр, соқталы ойлар жатыр. Боданда, тәуелділікте болған ердің көңіліндегі күйден халықтың басындағы шындықтың күйзелген үні естіледі.

Мұны жазып отырған - ақын. Мұны айтып отырған, бұлайша толғанып отырған – ақындық тұлға, ақынның ақындық ойлауынан туған тұлға, оның болмысынан ұлттық рухтың күйзелісі сезіледі. Оның шыны мен сырынан, қайғысы мен мұңынан қазақтың өзінің шыны мен сыры, қазақтың өзінің қайғысы мен мұңы шалқиды.

Ақынның «Көк түріктер сарынында» «Кеше мен бүгін» атты шағын өлең бар. Кеше болған жайды ақын мына үлгіде суреттейді:

Менің кеше
Аяғыма
Қара тас байлап қойды.
Алшандап
Жүре алмадым.

Төбеге шығып
Туымды тіге алмадым.

Менің кеше
Аузымды
Буып қойды.
Айтарымды айтқызбай
Таспамен тігіп қойды.

Менің кеше
Көзімді таңып қойды.
Көрсен,
Көзіңді жоямын деп,
Қасыма табыт қойды.

Менің кеше
Қолдарым бұғаулы болды.
Бұлқынсам,
Сұраулы болды.

Соның бәрін көрдім.
Соның бәріне көндім.

Ақынның шығармашылық ойлау кеңістігінде жинақталып, көркем суретке айналған шындық оқиғаның негізі тарихта, тарихи санада. Заманның шынын, адамның сырын тарихтың тереңіне бойлап танымаған оқушы ақын өлеңіндегі суретті нақты қабылдауы ғажап емес. Суретте көрініс тапқан оқиғаның, істің жайын, мәні мен мәнісін ұғуға оның танымы таршылық етуі де мүмкін. Темірхан Медетбек өлеңіндегі ақындық тұлғаның көргенін көрмегендер бар. Олардың ақындық тұлғаның жайын түсіне бермеуі мүмкін. Темірхан Медетбектің көркемдік әлеміндегі ақындық тұлғаның неге көнгенін білмейтіндер де бар. Олар да ақындық тұлғаның неге және неліктен көнгенін сезіне алмауы ғажап емес. Бірақ ақындық тұлғаның сөзінде тарихтың ақиқат шындығы айнадағыдай анық көрінеді. Айнадағы көріністің астында көрген көз көр болардай, сезген жан жер болардай ұбақ-шұбақ шұбатылып жатқан сұмдықтардың елесі, тарихтың сұрапыл шындығының елесі бар. Бүгінгі ұрпақ оны көзімен көрмесе де, көңілімен таниды. Оны білмеуге, оны сезбеуге болмайды.

Кешегі күнінің қандай болғанын шынайы қалпында бейнелеп отырған ақын бүгінін де шыншылдықпен көрсетеді:

Бүгін
Тас алынды.
Бұғау шабылды.
Таспа кесілді.
Ауыз шешілді.

Бірақ
Аяғымыз
Бағымызға қарай емес,
Сорымызға қарай
Бастайтыны несі?

Аузымыз
Жақсылықты айтпай
Бәле-жаланы айтып
Қақсайтыны несі?

Көзіміз
Өзгені емес,
Өзімізді андып,
Бағып тұрғаны қалай?

Қолымыз
Құшақтаудың орнына
Өзімізді жағадан
Алып тұрғаны қалай?

Кешегінің мәнісін дұрыс түсініп, дұрыс бағалаған сана үшін бүгінгінің сұрақтарына жауап табу қиынға соқпас деу артық. Өйткені бүгінгіні де біреу білсе, біреу білмейтіні рас. Бүгінде құлақпен естігенін, көзбен көргенін сараптап білмейтін, білгісі келмейтін, жарымжан ойдың жоруымен жортақтап кете беруге бейім құлық пайда болды. Бұл қауіпті. Өйткені бұл құлық қана емес, бұл – құлдық құлық. Темірхан Медетбектің «Кеше мен бүгіні» оқырмандарын осындай құлықтан сақтандырады, армандай да алмайтын, үміттен де алмайтын салақ ойдың ұйқы басып, жұмылып бара жатқан көзін ашқысы келеді. Темірхан Медетбек «Қиын шақ» өлеңінде Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарындағы қиын шақтың шындығын ақындық әлеміндегі ақындық тұлғаның көңіл-күйі арқылы ашады.

Ұға алмай жатырмыз.
Кеңес Одағының

Ми батпағына
Кеңірдектен батқан екенбіз –
Ұмтылып
Шыға алмай жатырмыз, -

деп, тарихи кезеңнің қиындығы мен ол кезеңді бастан өткеріп отырған тұлғаның басындағы ауыртпалықты қатар сипаттайды. Оның қиын шақтағы жан қиналысын, ашынған күйін жан аффектілерінің бұлқынысымен жеткізеді:

Лағынет атқырлар-ай!
Әбілет қаққырлар-ай!

Ісімді
Тындыра алмай жатырмын.
Тілімді сындыра алмай жатырмын.

Бірде сөгіліп,
Бірде өріліп тұрмын.

Осы бір кезеңнен
Өтіп кетемін деп
Атымды қамшылап
Тебініп тұрмын.

Өткен дәуірден қалған, қараң қалған дүниенің кір-қоқыстарынан тазару қандай қиын болса, жаңа дүниенің жаңа керегесін жайып, жаңа шаңырағын көтеру де оңай емес. Кезеңнің шындығы, сол кезеңдегі адамының сыры, үміті мен күдігі ақын толғауында терең көрініс тапқан.

Т. Медетбек бейнесін жасаған тәуелсіздік кезеңінің тұлғасы – белсенді ойдың, белсенді әрекеттің тұлғасы. Оның алдынан күткені, мақсат-мұраты бар. Сол мақсат-мұратына жетуге кедергі болған күшке қарсы қайрат көрсетуі де көрнекі. «Бірде сөгіліп, бірде егіліп» тұрса да, осы бір қиын шақты артқа тастап, алға басатынына, көздеген мақсат-мұратына жақындай түсетініне сенімді: ізденіп, алға ұмтылып, «атын қамшылап, тебініп тұр». Ақын поэзиясындағы ақындық тұлға бар халықты өзім деп жақын көреді. Өзгені емес, өзін аңдып, бағып тұрған көзді де

өзіндей көреді. Өзін халықпен бір санаған, өзін өзгелермен бір тұтқан, өзі мен өзгелердің тәуелсіздігін пір тұтқан, өзіне де, өзгелерге де ұлттық ұстаным, мемлекеттік мүдде тұрғысынан қараған тұлға өзгенің тарапынан байқалған өзімшілдік пен менмендіктен өзіне, халыққа, ұлттық құндылыққа, мемлекеттік ұстанымға дұшпандық сезгендей қапаланады. Ақын жасаған ақындық тұлғаның азаматтық биік тұрғысы – тәуелсіздік поэзиясының басты құндылығы.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары социализмнен қалған өндіріс орындары, заводтар мен фабрикалар жұмысын тоқтатты. Оларға ие болып, меншігіне алған жеке тұлғалар станоктарды бөлшектеп, өлі темір ретінде сатты. Жұмыс орны, жұмысы жоқ қалың жұрт базарға ағылды. Базарға шығуға жарамаған жалғыз басты қарттар қайыр сұрауға мәжбүр болды. Базарға шығуға жарамаған жалғыз басты қарттар қайыр сұрауға мәжбүр болды. Ауыл мен қаланың өміріндегі осындай төңкерістер мен өзгерістер, олардың салдары мен зардабы Тәуелсіздік кезеңінің поэзиясында көрініс тапқан өзекті тақырыптардың біріне айналды.

Қазақтың қазіргі замандағы көрнекті ақыны Ғалым Жайлыбайдың «Таңдамалы. Том I. Өлеңдер» (Астана: Фолиант, 2014) кітабында «Қап арқалап бара жатыр қыз бала» деген өлең бар. Онда базарға қап арқалап бара жатқан қыз баланың қалпы сипатталады.

Бақ тілегін сарқып алған, тойын да,
Ақ білегін артып алған мойынға.
Қап арқалап бара жатыр қыз бала
Алматының «Арбатының» бойында.

Көшесі бұл қайыршының,
мастың да,
Нөпір адам...
Ұқсайды екен тасқынға.
Қайысады, майысады нәзіктік
Ала тайдай ала қаптың астында.

Нарық жасқа да, қартқа да, қызға да, ұлға да қарамайды. Оның талабы – сату, алу. Нарықтың алаңы шетсіз, шексіз созылып жатты. Азаматтардың өз мамандығы бойынша кәсіп қылып, жұмыс істеуіне нарық тарапынан қажетті жағдай жасалмады, оны жасау қажет болмады. Әр нәрсені де, бар нәрсені де нарықтың өзі реттейтіні туралы түсінік билік жүргізді. Қарттың

қамын қарттың өзі, жастың қамын жастың өзі ойлап, өз жанын өзі сақтамасқа, өз күнін өзі көрмеске амал қалмады. Уақыттың осы шындығын автор ақындық өнердің келіскен көркемдік бейнелеу құралдарымен өрнектеді.

«Бақ тілегін сарқып алып», «тойын да» қойып, «ала тайдай қаптың астында қайысып, майысып бара жатқан қыз бала» - портрет. Қарапайым халықтың, ел болашағының портреті. Тәуелсіз, жас мемлекеттің еңбекші халқының қалың ортасынан шыққан жастардың қабырғасын қайыстырған, белін майыстырған ауыртпалықты аударып тастауға қазына-байлығы жеке меншікке көшкен мемлекеттік жүйенің шамасы келмеді. Ақын осындай драмалық бұлқынысқа бай ахуалды дәл танып, көркем жинақтады.



Қап арқалап базарға бара жатқан қыздың келбетін ақын келесі шумақта толықтыра түседі:

Көңілдерге көктем сыйлар күй керек,
Кімге айтарсың:

-Көріктіге тиме, - деп?

Көк базарға бара жатыр көркем қыз
Көне күрте, ескі етігін сүйрелеп.

Ақын өлеңінде суреттелген бейнені тәуелсіздіктің бейнесі деп түсінуге болмайды. Ақын өлеңінде суреттелген бейне халықтың да бейнесі емес.

Ақын өлеңінде суреттелген бейне – Тәуелсіз Қазақстан халқының бір қызының келбеті. Қазақтың көрікті қызына қап арқалатқан күштің нақты иесі белгісіз, бірақ оның аты белгілі: жоқшылық. Жоқшылық өзінен-өзі келмейді, жоқшылық жағдай қалыптасады, жоқшылық жағдайды қалыптастырады.

Аяғының астынан қара алтын ағып, саф алтын көшіп жатқан елдің бойжеткен қызының жоқшылық құрсауында қап арқалауы құдайдың ісі емес. Ақын адамның ісін тура емес, жанама сипаттау арқылы жеткізеді.

Базарға қап арқалап барған тек осы қыз ғана емес. Халықтың, жоқ дегенде, тең жартысы қап арқалаған, қап арқалау қазақтың басты кәсібі балған кез әлі де көз алдымызда. Осы реттен қарағанда, ақын өлеңіндегі қап арқалап бара жатқын қыздың бейнесі – типтік бейне, бірдің емес, көптің келбетін, көптің кәсібін елестететін бейне.

Өлеңнің келесі шумағында ақынның өзі суреттеп отырған шындық құбылысқа деген қатысы, ақындық көзқарасы, бағасы да көрініс табады:

Қалтырап гүл...
Қалады ма қырмызы,
Жарқырап бір жанады ма жұлдызы?
Қап арқалап бара жатыр көшеде
Арыс туар қазағымның бір қызы.

Ажары да ашық екен ақ таңдай,
Базарына жетсе деймін қақталмай.
Аузын бұған қытай қаптың ішінде
Тағдырының бар салмағы жатқандай.

Ақын өлеңіндегі образ, қап арқалаған қыздың бейнесі – ақындық жинақтаудың нәтижесі. Тәуелсіз елінде тағдырының бар ауыртпалығын *қытай қаптың ішіне* салып арқалаған қыздың бейнесі ақынның ғана емес, ақын өлеңін оқушы қалың көпшіліктің де жанына батады, қабырғасын қайыстырады. Ақын Қазақстанның тәуелсіз кезеңінің белгілі бір кезінің жастың қабырғасын қайыстырған, қарттың жанына батқан шындығын үлкен тебіреніспен, келіскен көркемдік шеберлікпен жырлады. Ақынның «Қараша ауыл» өлеңінде ауылдың өміріндегі шын мен ақын көңіліндегі сыр егіз өріледі. Қараша ауылдың суреті нақты да затты. Сөйте тұра қараша ауыл бір сәт ақынның өзі болғандай, ақынның өзі қараша ауыл болғандай күй сезіледі.

Сәйгүлікке сән болған
Дала,
Сәуір,
Жүрегіңнің жазылмас жарасы ауыр.
Шұғылаға арайлы шуақ сұрап –
Құбылаға қарайды қараша ауыл.

Ақынның қараша ауылы – образ. Қараша ауылға мекен болған кеңістік, мезгіл, болып өткен күй – табиғаттың бір бейтарап көрінісі. Осы көріністен кейін «жүрегіңнің жазылмас жарасы ауыр» хәлі сезіледі. Бұл ақынның лирикалық қаһарманының басындағы хәл ме, жоқ сәйгүлікке сән болған далаға тән бе, болмаса қараша ауылдың басындағы хәл ме? Әлде үшеуіне ортақ жай ма? Өлең өзегіндегі сазға көңіл аударғанда, «жүрегінің жа-

зылмас жарасы ауыр» хәл даланың, даладағы қараша ауылдың хәлі секілді. Даладағы қараша ауыл «шұғылаға арайлы шуақ сұрайды», сөйте тұрып үмітіне жете алмастай сезініп, «құбылаға қарайды». «Шұғылаға арайлы шуақ сұрап Құбылаға қараған қараша ауыл» – ақынның көркемдік ойлау кеңістігінде жасалған көркем сурет. Оның мазмұны мен мағынасында кісі бойлай алмайтын тереңдік бар. Ақын нақты да затты құбылыстар негізінде мазмұны мен мағынасына кісі бойлай алмайтын терең ойдың толқынын тебірентеді.

Айдындағы ар тілеп шағалаға,
Сағынышын сарнатқан самалаға
Қазақ деген қазбауыр бұлт секілді,
Қара қазан,
Қара орман,
Қара бала...

Құбылаға қараған қараша ауылдың суретіне тағы бір сурет қосылды: Қазбауыр бұлт секілді қазақ. «Шұғылаға арайлы шуақ сұрап, құбылаға қараған қараша ауыл» мен «Айдындағы шағалаға ар тілеп, сағынышын самалаға сарнатқан қазбауыр бұлт секілді қазақ...» Қараша ауыл мен қазбауыр бұлт – екеуі де теңдесі табылмас, баламасы жоқ сазға бөленген. Саздың өрімінде бір мұң, бір шер тең тербеледі. Өлеңнің келесі шумағында ақын сөзбен салған суретінің мәнін, ондағы бір мұң, бір шер болып тербелген саздың сырын өз жанының шындығы шегінде ашады:

Тірліктегі сол өлке - тірі қайғым,
Шытынайды шырайсыз шыныдай мұң.
Қан базардан қамығып қайтып келем –
Сәулесіндей дірілдеп сынық айдың...

Ақынның сөзі бұл жерде де суретті, ойы көрнекті. «Шырайсыз шыныдай шытынаған мұң», «қан базардан қамығып қайту», «сынық айдың сәулесіндей дірілдеу» - тура мағынада емес, ауыспалы, астарлы мағынада қолданылған бейнелеу құралдары. Осындай бейнелеу, суреттеу құралдарының біртұтас сәулелі кеңістігінде берілген ой образды ғана емес, мәнді де нәрлі, мәнді де нәрлі ғана емес, мұңлы да шерлі. Мән мен нәр де, мұң мен шер де айығатын, сейілетін қалып аңғартпайды, сынық айдың сәулесіндей дірілдеп, қан базардан қамығып қайтып келе келе жатқан көңілде қоюлана түседі.

Өлең жолдарындағы сырлы саз бен шерлі күйдің қазбауыр бұлт-
ты сейілмей, түйілген қалпында қалады:

Сыры дара,
Жүректі жыры дара
Шомылдырып алсам ба шұғылаға?
Жарасы ауыр жанымды жабықтырып,
Қараша ауыл қарайды құбылаға...

Сыры дара, жыры дара жүректі шұғылаға шомылдырып алса
болар еді. Бірақ ол мүмкін емес, оған мүмкіндік жоқ. Ақын
жүректің соны сезе, біле тұра аңсаған ақ шұғылаға шомылып
алғысы келгендей лүпілдеуі, құбылаға қараған қараша ауылдың
хәлі өлең болып өрілген мұң мен шердің кернеуін күшейте түседі.
Ақын қала мен даладағы көріністі эпикалық суреттеу амалына
тән құралдармен бейнелейді. Сөйте тұра осы көріністің мәнісін
эмоциялық бояумен әрлеп, оған лирикалық әрі трагедиялық рең
беріп ұсынады. Мұндай көркемдік шешім ақынның шығарма-
шылық ойлау қуатының молдығынан туады.
Ғалым Жайлыбай – шығармашылық ойлау қуаты зор, сөзі
суретті, ойы көрнекті ақын.

Тәуелсіздік кезеңінің поэзиясында қоғамдық сананың, ақындық
танымның ерекшеліктері еркін, терең көрініс тапты. Қоғамның
шыны мен сыны сындарлы сипатта бейнеленді. Қазақ поэзиясы
заман шындығын, өмір тынысын реалистік таныммен
суреттеуде өз дамуының жаңа белесіне шықты.

2023

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ПІКІР

Сәуле Жусанбаева,
филология ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасының аға оқытушысы

ҮЛКЕН ЕҢБЕК

2024 жылы «Қазақ университеті» баспасынан «Сарасөз: әдеби-ғылыми мақалалар мен зерттеулер» деп аталатын ерекше бір кітап жарық көрді. Көлемі 400 беттен астам. Баспа табағы 20-ның үстінде. Кітап баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультеті Ғылыми кеңесінің және Редакциялық-баспа кеңесінің шешімдерімен ұсынылған. Кітаптың авторы – қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы Шоқан Шортанбай.

Ш.А. Шортанбай

САРАСӨЗ

Әдеби-ғылыми мақалалар
мен зерттеулер



Кітап төрт бөлімнен тұрады: 1) Ғылымның қия жолында; 2) Қилы кезеңнің көркем шежіресі; 3) Қара сөзден қамшы өрген; 4) Сын-сұхбаттар өзегі – әдеби өмір.

Кітаптың авторы – қазақ әдебиеттануының көрнекті қайраткерлері З. Қабдолов, Т. Кәкішев, Р. Нұрғали, А. Қыраубаева сынды ұстаздардан білім, тәлім-тәрбие алған, кейін сол ұстаздарымен ұлттық университеттің қазақ әдебиеті кафедрасында қатар ұстаздық қызмет атқарған, қазір де осы қызметін

абыроймен атқарып келе жатқан шығармашылық тұлға. Кітаптың «Ғылымның қия жолында» бөлімінде автор Тұрсынбек Кәкішұлының әдебиет тарихын зерттеу мен зерделеудегі ұстанымдарын пайымдауға барар жолда ұстазының мұрат тұтқан жалғыз арманын ардақтап, еңбегіне эпиграф етіп алады: «Бар сырым, тілегім қазақ дейтін халықтың өркениетті елдермен терезесі тең болып, ешкімге ақысы кетпесе, намысы тапталмаса екен деген жалғыз ғана арманды мұрат тұтамын» (Т. Кәкішұлы).

Кітап авторы ардақты ұстазы Т. Кәкішұлының осы арманын өз көңілінде шамшырақтай жағып, өзінің іргелі еңбегінде қазақ әдебиетін оқу мен оқытудың, зерттеу мен зерделеудің көкейкесті мәселелерін тиянақты талдап, әділ таразылайды. Қазақ әдебиеттану ғылымының кейінгі буын өкілдерінің ғылыми жетістіктерін заман талаптарына сай бағалайды.

З. Сейітжанов, Ж. Тілепов, Д. Ысқақұлы, Қ. Мәдібай, М. Үмбетев, Ж. Дәдебаев, З. Бисенғали, Қ. Әбдезұлы, Ө. Әбдиманұлы және басқа әдебиеттанушы ғалымдардың шығармашылық келбеттерін жасайды.

Кітаптың «Қилы кезеңнің көркем шежіресі» бөлімінде Қойшығара Салғариннің тарихтың тереңінен сыр тартқан «Алтын тамыр», «Көмбе» еңбектерінің маңызын байыптайды, одан Асан қайғы жырларының көркемдік әлеміне еніп, шешендік өнер өрнегіне зер салады, З. Қабдоловтың сөз өнеріндегі даралығын саралайды.

Үшінші бөлім «қара сөзден қамшы өрген» Қ. Ысқақовтың шығармашылығына арналады. Бөлім кітап ішіндегі кітап сияқты, мазмұны жағынан да, көлемі жағынан да монографиялық сипатымен ерекшеленеді.

Кітап авторының бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерімен сұхбаттарының өзегі де әдебиет арнасында өтеді.

Автордың талдау мәнері жүйелі, ой таратуы, пікір түюі қисынды, дәлелді. Тілі өрнекті әрі көрнекті.

«Сарасөз» кітабы – әдебиет сыны, әдебиетті зерттеу, сондай-ақ әдеби тіл салаларында ғылыми және практикалық маңызы бар үлкен еңбек, университеттің құрылғанына 90 жыл толу қарсаңында университеттік әдебиеттану ғылымына қосылған елеулі үлес.


**Құралай Жанұзақова,
филология ғылымдарының докторы,
профессор**

МИФТІК ТАНЫМ МЕН ПАЙЫМ ТУРАЛЫ

Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі «жаңа миф» XX ғасыр соңындағы көне мифтік таптауырындылықтан мүлдем өзгешеленеді. Сондықтан бүгінгі ұлт әдебиетіндегі неомифологиялық мәтіндерде біртұтас әңгімелеу жүйесі, біртұтас әлем келбетін қабылдау көзқарасы ұшыраспайды.

Көбінесе мұндай әңгімелерде дәстүрлі түркілік бастау көз емес, адам баласына ортақ әлемдік әдеби мәтіндер екені белгілі.

Осы тарихи оқиғалар мен сюжеттік мотивтер мифтің рөлін алмастыра келе, шығармашылық көркемдік дүниеге айналып отыр. Жас жазушылар мифологиялық сана тілін беймифологиялық сана тіліне аударып жатыр: Автор қаламгерлердің көркем-эстетикалық және иманды-



лық-философиялық ізденістеріне нақты мысалдар келтіреді. ХХІ ғасыр басындағы мифке бет бұрушылық қазақ әңгімесінде бес түрлі сипатта көрініс тапқанын былайша атап өтеді: Біріншіден, әңгіме жанрында мифологиялық образдар мен сюжеттерді кеңінен қолдану артып келеді. Екіншіден, авторлар бір тақырыпта жазып, бір ғана мифті қолданғанымен стильдеу мен вариациялаудың алуан түрлілігі әдеби өмір салтына енді. Қазақ қаламгерлерінің өнер мәдениетінің әлемдік аренасына шығуы түркі халықтарына жатпайтын өзге ұлт пен ұлыстың мифтері мен мифологиясын шығармашылықпен игеруге мол мүмкіндік ашыла бастады. Үшіншіден, «авторлық мифтер» легінің тасқындай түскенін; Төртіншіден, мифологиялық дәстүріміз жаңа әдеби үрдістермен аралас-құраластыққа түсе бастағанын; Бесіншіден, мифшығармашылығы қазақ қоғамының барша саласын қамти бастағандығын нақты шығармаларды талдау арқылы көрсетеді. Қазақ әңгіме жанрының сөз зергерлерінің тарапынан мифтің, мифологиялық образдар мен мотивтердің көркемдікпен игеріліп, өзгеріске түсуінің амал-тәсілдерін зерделеп, олардың мәтіндері бойындағы архаика-мифологиялық элементтердің енгізілуінің түрлі принциптерін қарастырады. А. Мәуленов пен А. Нүсіпәліқызының «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтік таным мен пайым» еңбегінде қазіргі қазақ әңгімелерінің маңызды мәселелерін көтеріп, қазақ әдебиеттануы, қазақ әдеби сыны үшін әлеуметтік мәні зор ойлар мен пікірлер жинақталған. Аталған еңбектің ғылыми және практикалық маңызы үлкен.

2024

Дәурен МҰХАМЕДИ,
әдебиеттанушы, филология
ғылымының кандидаты

ТАЛАНТ ҚАЙШЫЛЫҚТА ШЫҢДАЛАДЫ

Жазатын адам үшін жаңа бір кітабының жарық көруі, сұмдық жаңалық сияқты көрінетіні бар. Оның танымында ол күні бұдан асқан жаңалықтың болуы мүмкін емес. Осылайша бұ дүние туралы ойлардың ғұмырын жалт еткен бір сәтке болса да ұзартқанын қаламгердің өзі де байқамайды.

«Қайшылықтар дилеммасы». Ақтаңгер ақын, белгілі қаламгер Болат Шарахымбайдың «Әдебиет» баспа үйінен шыққан қомақты еңбегі осылай аталады. Кітапта талантты сөз шеберінің қазақ әдебиеті туралы әр жылдары қалам тербеген тебіреніс-толғаныстары мен әдеби сын мақалалары, эсселері мен естеліктері топтастырылыпты. Ой жаңашылдығымен, пікір алуандығымен ерекшеленетін кітаптағы жазбалардың қай-қайсы да оқырманды бей-жай қалдырмайды десек, артық айтқандық болмайды.

Оқырманға лирик ақын, публицист-жазушы ретінде танымал аутор бұл еңбегінде өзін басқа бір қырынан әдеби сын жанрында танытыпты.

Қалай десек те, шығармашылық адамының жан дүниесі – алуан түрлі қайшылықтар мен талас-тартыстардың қоймасы. Бір жағынан мұны терістеуге де болатын шығар. Алайда, ішкі қайшылықтар мен талас-тартыстар – адам болмысының шындығы, мұны ешкім теріске шығара алмайды.

Бұл не деген сөз? Яғни, ішкі қайшылығы мен сыни тартысы көп қаламгерден жақсы туынды күтуге болады деген сөз.



Қайшылық деген не? Ол – өмір үшін, өмірден өз орнын табу үшін, өз «менін» нақтылау үшін күрес. Қайшылық – сол күрестің индикаторы. Яки, Тәңірдің сүйіп жаратқан дүниесінің бәрі қайшылық пен талас-тартыстың көркем туындысы. Нақтылай түссек, қаламгер жүрегін жарып шыққан кез келген шығарма – ішкі қайшылықтардың жемісі. Ендеше, ішкі қайшылық – жаралым. Ішкі қайшылығы болмаса, шығармашыл адамы да болмас еді. Демек, талант қайшылықта шындалады.

Осы тұрғыдан келгенде, автордың тандауы төмендегі қаламгерлерге кездейсоқ түспеген сияқты. Қазақтың бас ақыны Абай бастаған аға буын өкілдері – Тоқаш Бердияров, Мұқағали Мақатаев, Темірхан Медетбек, Есенбай Дүйсенбайұлы, Жәркен Бөдеш, Рафаэль Ниязбек, Оразбай Байбақ, Есләм Зікібаев, Ұлықбек Есдәулет, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Толымбек Әлімбеков, Есенғали Раушанов, өзінің қатарлас-замандастары Нұрлан Мәукенұлы, Әбубәкір Қайран, Сабыр Адай, Аманғазы Кәріпжанәулеті, Бақыт Беделхан, тағы басқа ақындардың шығармалары туралы кеңінен сөз қозғаған автор, құрғақ талдаумен шектелмей, қазақ әдебиетінде ізі қалған ақындардың бұрын жұртшылыққа белгісіз қырлары, олардың адами болмыс-бітімдері жөнінде де оқшау ойларымен бөліседі. Бұл рет-тегі толғаныс-тебіреністерін толқымай оқу мүмкін емес.

«Реті келгенде айтып өтетін нәрсе, Тоқаңның осы мінезі, ішкі қайшылықтары, жан толқыныстары өлендерінде де айқын көрінеді. Күтпеген теңеулер мен шешімдерге толы. Былайша айтқанда, Тоқаңның сыртқы фактурасы қандай (бурыл шашты, өткір көзді, жанары жасаурап тұрады) мінсіз болса, ішкі иірімдері мен қайшылықтарында, жан толқыныстарында да ешқандай жасандылық жоқ болатын. Соған орай өлеңі де бойжеткен қыздардай сызылып тұрмайды, соншалақ сұлу да емес, бірақ өзіне магниттей тартып тұрады. Өлеңі әлдекімдер айта беретіндей ойлы да емес, бірақ жүректе шындалған шындық бар. Сондай қарапайым, формасы да, құрылымы да әдеттегідей. Есесіне иландырады, тамсандырады және таңғалдырады», – дейді автор «күтпеген жерден басталып, күтпеген жерден аяқталатын» Тоқаш Бердияровтың ақындығы хақында. «Бойында қайшылығы жоқ ақын болмақ емес. Ақын ба, яғни бойында қайшылығы бар. Өйткені, ішкі қайшылығы жоқтан ақын шықпайды. Ақындық ішкі контрасты адамға ғана тән. Шындығында, өзімен-өзі қайшыласып, теріс зарядтарша шарпысып, өзімен өзі іштей келіспей, төбелесіп, өз қалыбына сыймай жүретіндер – нағыз ақындар. Мұндай теріс заряды мен ішкі қайшылығы жоқты қанша жерден тұздықтап, зарядтасаң

да, одан ақындық шығуы мүмкін емес. Себебі, әлемнің жаратылыс структурасы солай. Оған қарсы келу – әлемдік тепе-теңдікті бұзу деген сөз. Мәселеге осы тұрғыдан келсек, ақын Тоқаш Бердияровтың бар болмыс бітімін, сол болмыс-бітімнен туындаған шығармашылық жолын – бір ауыз сөзбен қайшылықтар нүктесі деуге әбден болады», – дейді тағы да. Бұған қалай қосылмайсың – қосыласың, әрине.

Кітапта, сондай-ақ айтқан сөзі ел ауызында жүретін даңғайыр жазушы–қаламгерлер Герольд Белгер, Тәкен Әлімқұлов, Рахметолла Райымқұлов, Зейнолла Қабдолов, Сайлаубек Жұмабек, Мұхтар Қазыбек, Көлбай Адырбекұлы, Момбек Әбдіәкімұлы, өзі абызға, сөзі аңызға айналған академик-ғалымдар Әбдуали Қайдар, Шора Сарыбаев, қазақ киноөнеріне зор үлес қосқан режиссер Мәжит Бегалин сынды тағы басқа өнер тарландарының өмірі мен шығармашылығы да сыншының назарынан тыс қалмаған.

Шынында да Шарахымбай шырайын келтіріп жазған әр дүниеде бір дәуірдің үні мен тынысы жатыр. Сол дәуірдің дауылына кеудесін тосып өмір сүрген, өмір сүріп қана қоймай сол дәуірдің бел ортасында жүріп артында өшпес мұра жазып қалдырған осынау қаламгерлердің кей-кейде көңілі шерлі, тағдыры шеменді болатыны өзінен-өзі түсінікті болса керек-ті. Міне, «Қайшылықтар дилеммасының» авторы оқырманға ұсынып отырған бұл жаңа кітабында халқымыздың осынау небір асыл перзенттерінің бейнелері арқылы олар өмір сүрген дәуірдің шежіресін, уақыттың мінезін ұтымды және әсерлі жеткізе білген. Кітаптың зерттеушілер үшін де, жалпы әдебиет сүйер оқырмандар үшін де құнды болатын тұсы – осы.

Кітап «Тәуелсіздік және қазіргі қазақ поэзиясы» деген көлемді мақаламен ашылады. Мұнда әр ұлт әдебиетіндегі көркемдік әдіспен жанр, бағыттар мен ағымдар әр кезеңде әр түрлі жағдайда өзгеше қалыпта пайда болып, өзгеше жағдайда дамитынын айта келіп, автор: «Тәуелсіздік жылдардағы қазақ поэзиясының еркін ой мен сана бостандығына әсері, көркемдік қуаты, стильдік ерекшеліктері мен жаңашылдық бағыттары туралы сөз еткенде, қазіргі поэзиялық шығармалардың даму барысын төмендегіше жіктеуге болатын сияқты: 1) поэзиялық шығармалардағы көне түркілік сарын; 2) лирикадағы жыраулық дәстүр; 3) поэзиялық шығармалардағы фольклорлық желілер; 4) қазақ поэзиясындағы жаңашылдық (модернизм және постмодернизм)», – деп көрсетеді автор. Біздіңше, жөн сөз, ескеруге тұрарлық ділгір пікір.

«Өлең-жыр жаратып жүрген әрбір талант өзінше бір-бір индивид

әлем, ендеше әр таланттың поэзияда алатын өз орны, өз дәрежесі, өз деңгейі бар... Рас, бүгінде өлең жазып жүрген ақындар аз емес, бірақ төл тұрпат, тосын мінез, өзіндік болмысын өзгеше жазып жүрген, артынан шәкірт ерткен белді ақындар туралы сөз басқа, олардан сұраныс та басқа», – дейді тағы бір жерінде. Шарахымбайдың бұл пікірімен келісу, келіспеу әркімнің өз жеке ісі десек те, сыншының қалам жарығы түскен әр тақырыпта өмір жатқандығы аңғарылады. Сол жарық өмірді автор шығармашылық ізденіс жолында ізі қалған қаламгерлер мен қайраткер тұлғалардың ғұмырымен, жазудағы мәнерімен, туындыларындағы өмір-тіршілігімен көрсете отырып, тұтас бір кезең ахуалының тынысын сездіретіндей. Әрине, кітапқа тақырып болған кейіпкерлердің кезеңі тарихқа айналып бара жатыр. Дегенмен, сол тарих қойнауындағы кезеңдердің өзі ел тағдыры, адам тағдырымен сабақтас. Ал, тарихқа айналған кез келген ұрпақ тағдыры қашан болсын әйтеуір бір айналып соғатыны және бар. Бұл – дәлелденген ақиқат. Бәлкім, сол кезде сыншы Болат Шарахымбайдың «Қайшылықтар дилеммасы» алдан шығатын шығар. Өйткені, бұл кітапта қазақтың аңызға айналған абыздары мен қалам қайраткерлерінің талас-тартысқа толы қайшылықты тағдыры жатыр. Ал, бүгінгі ағалар сөзі ертеңгі бабалар сөзі болып, бұлттарды тіліп, аспанды жаңғыртып, бізден кейін келетін талай ұрпаққа жететініне сенгіміз келеді.

Қазақ әдебиеті,
07.08.2023

Алма КЕНЖЕҚОЖАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Абай ғылыми-зерттеу институтының
кіші ғылыми қызметкері

ЖӨРГЕКТІҢ ЖҰПАР ИІСІ

«Жөргек» – Сағи Әмзеұлының алғашқы жыр жинағы. Онда туған жер, ана, әке, махаббат, достық, балалық шақ, сүйіспеншілік, ұлттық рух тақырыптары қамтылған. Ақын өзінің ішкі толғанысын, махаббатын, ой тізгінін ырғақты ұйқаспен, көркем сөз иірімімен, өзіне тән ерекше сөз саптау шеберлігімен берген. Өлеңдері оқуға жеңіл, бірінің мазмұны екіншісін іліп ала кетіп, бір оқиғадан екіншісіне ауысқандай, жалғасын тапқандай түрлі тоғысқан сезімдер иіріміне тапқылады. Бала шақта басталған еркелік пен тыңдап өскен ертегінің, құрағы жасыл жайлаудың, табанына жұмсақ кілемдей төселе кеткен көк майсаның құдіреті жас ақынның шабытын шыңдап, жырларын жартасты жарып шығар мөлдір бұлақтай сылдыратқаны анық аңғарылады. Ақын өлеңдерін өзге ақындардан айрықшалап тұратын қасиеті – өз оқырманына ойын бүкпелемей, қарапайым қара сөзбен, жүйрік ырғақпен жеткізе білуі. Бұл өлеңді оқып отырған адамның қабылдауына, түсінуіне және жадында сақтауына оң әсер етеді. Дей тұрғанмен бұл кітапта жинақталған жырлардың өз тыңдаушысына, оқырманына қалдырар ойы мен мәні терең. Өлеңдерінде бірде жас балаша қуантып, бірде терең ойға батырады. Сол арқылы жақсы мен жаманның, бақыт пен қайғының, қуаныш пен күйініштің, жастық пен кәріліктің арақатынасын, айырмашылығын ескеріп, адам баласы басынан өткеретін сан алуан тылсым сезімдерді, қияға өрлетіп, кейде қиғаш бастыратын мінездерді суреттейді. Сыйластық пен әр сәтті бағалауды, өткен күнді қимастықпен, сағынышпен, кейде өкінішпен ғана емес, ыстық махаббатпен, құрметпен еске алуды, оған бүгіннен қол бұлғауды, шүкіршілік пен рақым етуді үйретеді.

Нақты кейіпкерлерді, ұлттың ұланына, мақтанышына айналған тұлғаларды негізге ала отырып, үлгі етеді, рухын көтереді, ата-анасын ойға салады, бауырларын сағындырады, достарын елестетеді, бала шағын ойға алдырады, махаббатын қанат қастырады. Оқырманына осындай эмоция мен сезім сыйлай білген жас ақынның тілі жатық, айтар ойы айқын, өлең тармақтарының ұйқасы оралымды, қаламы қарымды. Ақын бірде сізге дос болып сырын ашқандай, бірде ішіне мұңын басқандай, кейде жанартаудай үнсіз тілдесіп, кейде лаулап жанып, бір сәт бар сезімін жыры арқылы ақ жауынмен төпеп, соңында сахарадағы сағымдай еліте баурап алады. Мұның барлығы ақын жанының адам жанын түсіне алуы және жауапсыз-ақ өз тыңдаушысымен тілдесуі деп білеміз. Өзінің «Жөргек» атты өлеңінде:

Ұмытпа жұпар иісін жөргегіңнің,
Байлығы барған дейсің көрге кімнің.
Қу кебін денең кеп оралғанда,
Кеш болып, жылатпасын пенде күнің, -

деп, адамзат баласының шыр етіп жөргекке түскен сәтінен бастап, өмірінің соңына дейінгі бойына жиған рухани байлығынан өзге заттық құндылықтың барлығының көрге қайта барғанда қасынан табылмайтынын ескертеді. Яғни, өмір жолында адам үшін басты құндылық материалды дүниемен өлшенбеуі қажеттігін айтады. «Кеш болып, жылатпасын пенде күнің», - деген жолдарында өз ойының қорытындысына баса назар аудартады. Айтылған ой бәрімізге таныс болғанымен, тереңіне бойлап, дұрыс-бұрысына ден қоя бермейтініміз аян. Сондықтан бұл өлеңнің бізге айтар ғибраты мол. Кітапта ақынның ана тақырыбына арнаған өлеңдерін жиі кездестіреміз. Соның ішінде «Айналдым» өлеңінің:

Сағынған сәтте өзінді
Ырқына батып ойлардың,
Мауқымды басып мәз болар
Даусыңнан сенің айналдым, -

деген шумағынан анаға деген шексіз махаббат пен сыйластықты, құрметті көреміз. Ой ырқына батқан жанның түрлі күйбеңнен шаршап, шайпау тартқан көңілінің қайта жасарып, бала күнге деген сағынышының мауқын басар жалғыз ардақтысы – анасы және оның дауысы. Ақын жырларының

шабыт деңгейіндегі негізін оны қоршаған қоғам және өзі жасаған кейіпкерлер толықтырып тұрғаны анық. Соның әсерінен өлеңдері шынайы әрі оқыған адамға тұщымды болады. Ақынның махаббат тақырыбындағы жырларынан суреттеудің, теңеудің алуан үлгілерін көруге болады:

Албырт жүзіңіз үлбіреп тұр-ау,
Аспаннан түскен ақ ұлпа қардай, -

деген тармақтардан адам келбетін суреттеудің ғажап тәсілін байқаймыз. Ақ ұлпа қардың жеңілдігі мен үлбіреген жұмсақтығын елестету арқылы сұлу арудың жүзін көркем сипаттап тұр. Екінші жағынан албырт тартқан, үлбіреген деген сипаттаулар бейнелеп отырған кейіпкерінің жас шамасын да байқауға мүмкіндік тудырады. Демек, өлең жазудағы ақынның мақсаты – өз оқырманына түсінікті бола білу әрі сол арқылы ой тастап, әркімнің өз қиялындағы бейнені елестетуіне мүмкіндік беру. Бұл өлеңнің көркемдігі мен құрылымынан бөлек, мазмұндылығын да арттырады. Өлеңдегі мұндай суреттеулер көркемөнердің қас туындысындай болған нағыз қазақ сұлуының портреті мен тұртұлғасын танытатын ұлттық бояуға толы көркем бейнені ашып тұр. Поэзиясында ұлттық-поэтикалық элементтерінің үйлесімін өзіндік, қайталанбас реңктерін эстетикалық талғаммен тамаша береді. Асқан сұлудың бейнесі жасалып, көркем бейненің элементтері, кейіпкер портретінің бейнесі сөздің қанық бояуы арқылы ұтымды көрініс тапқаны аңғарылады.

Ақын сұлу сөздің құдіретін танытып жырлайды. Жүйрік қиялымен берілген ойдым-ойдым ойлар, жапырағын айқара жайған сезім – ормандары, балалық шақтың самал желі сезіледі. Лирикасында сөз суреті ашық, жанды, алуан түрлі бояумен суреттеледі. Махаббат лирикасын суреттеуде адамның жан дүниесіндегі әр құбылыс пен эмоциялық ерекшеліктерге мән беріп, оларды өзіндік келбет-бейнесіне сай жырлағаны байқалады. Сағи Әмзеұлының сезімтал жүрегімен суреттелген жырларының реңкі жүрдек ой-толғанысымен, көркем образды сөздерімен қабысып, гармониялық бірлікте сабақтаса берілген. Жыр жинағы жалпы өлеңсүйер қауымға арналған.

2023

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....3

Бірінші бөлім. Ақындық болмыс, ақындық өнер сипаты

Медетбек Т. Сертке берік мәрт ақындар.....	6
Медеубекұлы С. Ақын тілін адақтаған сөздік.....	15
Құлбарақ С. Сортопырақ.....	27
Мәсімханұлы Д. Сөз-киені тәу еткен.....	33
Мұсаев А. Рух бостандығының жыршысы.....	44
Ахметұлы Д. Қазақ өлеңінің алтын шырағы.....	52
Ерғалиев Ж. Мұнар да мұнар дүние.....	59
Сәрсенбаев Н. Қалам ұшындағы қатпар мұң.....	65
Рахметұлы С. Ай таңбалы арғымақ.....	75
Қасенов Е. Өрнекті тіл айшықтары.....	81
Әбдешұлы Қ. Бақыттың қақпасы.....	90

Екінші бөлім. Шолу мақалалар

Мәдібай Қ. Тәуелсіздік жылдарындағы поэзия.....	101
Дәдебаев Ж. Жаңа заман поэзиясы.....	112

Үшінші бөлім. Пікірлер

Жусанбаева С. Үлкен еңбек.....	137
Жанұзақова Қ. Мифтік таным мен пайым туралы.....	139
Мұхамеди Д. Талант қайшылықта шыңдалады.....	141
Кенжеқожаева А. Жөргектің жұпар иісі.....	145



Жауапты редакторы Д. Ысқақұлы
Редакторы Б. Даутова
Корректоры Г. Ыбырайқызы
Техникалық редакторы А. Кенжеқожаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалды.

Электрондық басылым.

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71.